

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Акмолинская область

Азатқызы Іңкәр.....	2
Алмас Жангүл	4
Амангельдинов Асылмұрат.....	6
Асанқызы Жазира	8
Бекмагамбетов Арман.....	10
Болатова Гауһар	12
Елтаев Алишер	14
Ерден Ажар.....	17
Жақсыбаева Әлия	20
Жапарова Аружан	23
Жарасбек Үміт	26
Жолданғарова Мерей	29
Жұмабаева Гүлназ	31
Ибрагимова Саяна	34
Камелхан Жанерке	36
Канафина Лаура	38
Каримбаева Салтанат	39
Каримова Айгерім.....	40
Каримова Маржан.....	42
Касенова Гульсум.....	45
Қабдрашов Жандос	47
Қайролла Арайлым.....	49
Қаржауова Гаухар	53
Мейрам Жанар.....	56
Мұрат Айдана.....	59
Нукешева Аружан	62
Нұргалиева Асемгүль.....	64
Нұрғалин Әділ	66
Нұрлан Айсана.....	69
Пинигина Александра	72

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Рахимова Умит	75
Сагина Алена	76
Сағатай Айдана	79
Сакенова Айдана.....	81
Сәткен Ғазиза	83
Сейтбек Абылайхан	85
Трархан Ғалия.....	88
Тусенова Мадина	91
Хамидолла Ерлан.....	93
Шаймерденова Айдана	95

Азатқызы Іңкәр

10 сынып, Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі.
Макинск қалсы, Бұланды ауданы, Ақмола облысы
Жетекшісі: Аралбаева Айнұр Тұрғанбайқызы.

Оттан да ыстық...

Отан үшін отқа түс күймейсің
Бауыржан Момышұлы

Туған жер...Құлағыңа ең жақын, жүрегіңе ең ыстық, көңіліңе ең көркем сөз. Дәл осы сөзді естігенде жан-жүрегің елжіреп, мұрныға иісі аңқыған жусан мен бетіңнен махаббатпен сүйетін самал жел елестеп, жүрегіңде алай да дүлей сезім тудырады...

Туған жері, елі үшін нағыз патриот бәріне де дайын. Жаздың қапырығы болсын, қыстың қаһары болсын жау жағасымен жұлысып, тәуелсіздік пен еркіндік үшін ақ тер көк терге түсіп, кіндік қаны тамған жері үшін «тар жол тайғақ кешуден де» тайсалған емес олар. Олар деп отырғаным - бейбіт елдің батырлары, бейбітшілік үшін бәріне де дайын тұрған Ұлы Отан соғысының адагерлері еді. Жалындаған жастық шағында қыршынынан қиылып, майданда қанын судай ағызып, ерік-жігерін елі мен жерін қорғау жолында сарп еткендер қаншама?! Тәуелсіздік жолында тер төгіп, жан пиде еткендердің еңбегі мәңгіге есте қалатыны анық.

Міне, Жеңістің 70 жылдығы да келіп жетті. Біз үшін, біздің болашағымыз үшін, тәуелсіздік үшін жаумен жұлысқандардың асқақ арманы, жүрекжарды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тілектері орындалды, оның дәлелі – 9-мамыр Жеңіс күнінің республика көлемінде тойлануы. Біз, яғни, қазіргі жастар өзіміздің елдің болашағы екенімізді біле тұра, өткен өмір өкілдерінен үлгі ала білуіміз керек. Оларды тәуелсіздікке жетелеген сезім патриоттық сезім болса, бізді де тек биіктерге жетелейтін дәл осы сезім болуы керек. Ендігі айтарымды өлеңмен жеткізсем деймін:

Елі үшін ер туады...
Тәуелсіздіктің жолында кетті көп ұлың,
9 мамыр - қуаныш,мұңға толы күн.
Жеңіске жеттік, ерін жоғалтты кейбірі,
Бейбітшіліктің жолында кетті көп ұлың.
Арайлап атты ақ таңың, күнің күледі,
Орындалды ғой асқақ арманы, тілегі.
Елі мен жері, болашағы үшін тер төккен,
Есінде елдің ерлерің мәңгі жүреді.
Ұлы жеңістің жетті ғой жетпіс жылдығы,
Жайнасын өмір, еркелеп өссін қыр гүлі.
Ерлері менен батырларын әрдайым,
Мақтаныш етсін тәуелсіз елдің ұл-қызы.
Жыр айтам тағы тәуелсіздігім тек саған,
Сағынып жетті, бабаларым сені аңсаған.
Бейбітшілігім - бақытым, бірлік-тілерім,
Тәуелсіздігім - тұғырым деп мен жар салам.
Тарихыммен ұштастырсам шығармамды,
Шығармам да мүмкін, сонда шығар мәнді.
Әдемі сөз, сүйкімді ұйқаспенен,
Тыңдата білу керек тыңдарманды.
Төрт жыл бойы күресіп жауыңменен,
Бірге соқтың боранмен, дауылменен.
Елді қорғап, тыныштықты күзетіп,
Бірге ұйқыға жатқан олар қаруменен.
Тыныштықты қашырмай, берекені,
Танымаған тойды да мерекені.
Жанын беріп жеріне жер құшқанда,
Көрініп тұр осыдан-ақ ер екені.
Тәуелсіздігім тербете бер бесігіңді,
Ертеңіңе айқара аш есігіңді.
Бейбіт елдің бүлдіршіндері бүгінде,
«Батыр бабам» деп жаттап жүр есіміңді.
Жадында атың өшпейді мәңгі қалады,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңістің оты лаулай береді, жанады.
Биікке ұмтыл, күш-жігеріңді шыңдай бер,
Бабаларымның орындалды сан қалауы.
Жауқазын өсер, жайнап жайсаң далаңда,
Байлығың жатыр әр ауылыңда, қалаңда.
Тірлігі-тыныш, бірлігі-мықты елімнің,
Қазақстандай бақытты ел жоқ ғаламда.
Төрінде таңбаң, көгінде туың үнемі,
Әнұраныңды шырқап әр елде жүреді.
Қыран құсың да қанатын жайып көгінде,
Төбемізден алтын күніміз күледі.
Енді бүгін келемін мен той тойлап,
Тыңда әнімді, ақ аспаным, ой-хой, бақ.
Бәрі естісін: әлем, ғалам - барлығы,
Атыңды айтам «Батырым!»деп айқайлап.
Тірегім-тілім, тілегім-бірлік қазақпын,
9-мамыр - жеңістің күні ғажап күн.
Жеңістің күні, жасай бер, жаса мәңгіге,
Заты да аты өшпесін мәңгі қазақтың!!!

Алмас Жангүл

8-класс, №3 мектеп Есіл ауданы Ақмола облысы

Жетекші: Жандос Тоқтархан

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Қиындық, жанкештілік, жамандық, сұм тағдыр ... Адамзат тарихындағы осы дүрбелеңнің басылып, сұм соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл толды. Бірақ, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғысқа қатысқан ананың балаға деген сағыныштан аққан бір тамшы жасы ұмытылмастай із қалдырды. Жеңіс күні – сан жетпес ұрпақ үшін ортақ мереке. Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына бірнеше жыл өтсе-дағы біз оны ұмытпаймыз. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Жеңісті сан миллиондаған адамдар бес жыл бойы минуттап, сағаттап, жылдап сарыла күтті. Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешкен миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Қазақ жерінде, соғыс оты шарпымаған шаңырақ қалмаған шығар. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер атап

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өтеді. Біздің бабаларымыз бен аталарымыздың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз еліне деген шексіз сүйіспеншіліктері - Қазақстанның бүгінгі ұрпағы үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – біздің абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі.

Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам, жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей - теңіз екенін байқаған болар. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы - қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы қалмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас қыршынынан қиылды... Ішінде ақыны да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, қанша Ахмет, қанша Жамбыл кетті екен...

1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама жан сұм соғыстың құрбаны болғаны – ащы шындық. Онда тек ер адамдар ғана емес, жанын қиып елі мен жері үшін қазақ қыздары да өз өмірлерін қиды. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Мысалы: Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Жақыпбекұлы Бигельдинов сияқты батырларымыз ерліктерін аямай, елі үшін күресті.

Мәншүк Мәметова - Қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры. Ұлы Отан соғысына өз еркімен сұранып, қазақ ұлттық 100-бригадасы құрамында майданға аттанған. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тауыпты. .

Әлия Молдағұлова - Қаһарман, Кеңес Одағының Батыры. Әлияның өмірі қысқа да, ерлікке толы. Оның бейнесі халық есінде мәңгіге сақталады. Әлияның есімі қазір де біздің арамызда – ескерткіштер, көше, мектеп, музейде бар. Ақындар жырын арнаса, сазгерлер әнін жазды, қыл қалам шеберлері Әлия бейнесін жасады. Ерлік көрсеткен қазақ халқының даңқты қыздары Әлия мен Мәншүкті болашақ ұрпақ мәңгілікке есте сақтайды. «Қаһармандар өлмейді, олар мәңгі жасайды» - дейді халық даналығы. Иә, олар мәңгі жасайды. Сол жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген сүйіспеншілігін сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ - Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көптеген басқада қайсар батырлар баршылық.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне ерекше қамқорлық көрсетіп келеді. Биыл біз Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Бұл – сіз бен біздің ортақ тарихымыз. Осынау ерлік мейрамына дайындалу – Ардагерлер кеңесі үшін үлкен мәртебе. Күллі адамзатқа қауіп төндірген сұм соғыстың зардабын тартып, Отаны үшін жан алысып, жан беріскен ардақты ардагерлерімізді құрметтеу.

«Ел басына күн туғанда ер етігімен су кешеді» демекші біздің батырларымыз ел басына күн туғанда жанымызда болды. Сондықтан ешқашан да жауынгер ерлігі ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз және болашақ ұрпақтың міндеті - батырларымызды ұмытпай оларды ұлықтау. Ал ұранымыз: «Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!»

Амангельдинов Асылмұрат

9 сынып, Дружба орта мектебі Қорғалжың ауданы Ақмола облысы
Жетекші: Досмағанбетова Сәуле Амангелдіқызы

Қажеті жоқ... Соғыстың қажеті жоқ!
Дұрысы тірлік қылып, ізденейік.
Шынайы даңқ - еңбекпен келген ат.
Соғыс жабайылардың еншісінде қалсын.
Ги де Мопассан

Иә, біз соғысты көрген жоқпыз. Бейбіт өмірде дүниеге келіп, еркін өмір сүрудеміз. Соғысты тарихтан ғана танысып, білдік. Мен соғыс жайында үлкендердің естеліктерінен, әңгімелерінен тыңдап, соғыс ардагерлерінің әңгімесінен білемін. Біздер соғысты кітаптан оқып, кинодан көріп білеміз. Соғыс тақырыбындағы әдеби шығармаларды оқи отырып, әкесі соғыстан қайтпаған өзіміз сияқты балалардың өксігі, әйелдер, буыны қатаймай жатып күні-түні жас балалардың жұмыс істеуі, аштыққа, суыққа қарамауы еріксіз көз алдыма елестейді.

Биыл – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл. Сол жылдар жаңғыры әр адамның жүрегін әлі де сыздатуда.

Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттардың, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Бүгінгі бейбіт өміріміз үшін шыбын жандарын отқа қарсы қойып, құрбан болған соғысқа қатысқан ата-апаларымыз ешқашанда естен шықпайды, мәңгілік жадымызда сақталып, ұмытылмайды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта кемелденуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Соғыс – адам басына келген қайғы мұң. Ұлы Отан соғысы адамзатқа үлкен қасірет ала келді. Соғыста миллиондаған адамдардың өмірі қыршынынан қиылды. Отанын қас жауынан қорғау үшін көп ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ жұрты ерен ерліктерімен жауға қарсы тұра алды. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз, батыр қыздар Мәншүк пен Әлия, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев ерліктерін қалайша естен шығарамыз?! Бұл кісілер біздер үшін зор мақтаныш!

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні – мен үшін ерекше бір үлкен мейрам, мереке болатын. Оң-солымды танып, ес білгелі соғысқа қатысқан ауыл ардагерлерімен бас қосулар, кездесулер өткізіліп, зұлмат кезеңнің небір бастан кешкендерін қинала, мұңая отырып айтушы еді. Соғыс туралы әңгіме айтып, жастар соғыс туралы патриоттық әндер айтатын. Аталарымыз ордендерін тағып, бір ерекшеленіп кететін. Өкінішке орай, қазір ардагерлеріміз азаюда.

Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Міне, ата – бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау - әрбір саналы азаматтың, болашақ ұрпақ, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген еркіндік – тарихи шындық. Жазиралы даламызда емін-еркін өсіп, шаттық заманда өмір сүруіміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта да естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз да жоқ. Барлығын жадымызда мәңгілікке сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды қара бұлт торламасын, тәтті ұйқымыз бұзылмасын, ата-анамыз, туғандарымыз, барша қазақ елі әрқашан жанымыздан табылсын деп тілеймін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Асанқызы Жазира

9- сынып, Мариновка қазақ орта мектебі
Атбасар ауданы Ақмола облысы
Жетекшісі: Тонтақаева Қаламқас Қайыркенқызы

Жер жүзінде нұр шашып Жеңіс күні,
Жақсы үміттің шырағы жанды міні!
Аспан бетін қаптаған қара тұман
Серпіліп, зұлымдықтың сөнді түні,

- деп ақын жырлағандай, біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Әрбір көктем бізді ойша осынау ұмытылмас күнге 1945 жылдың 9-мамырына ораламыз.

Иә, содан бері 70 бейбіт жыл артта қалды. 1945 жылы 8 мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап, қол қойды. Ал, 9 мамыр күні бұрын-соңды болмаған 1000 зеңбіректен 30 дүркін отшашу атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді.

Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, ерлік істеріне тағзым етемін.

Отты жылдардың өшпес даңқы қаншама уақыт өтсе де ұмытылған жоқ. Қанқұйлы басқыншылардың бейбіт жатқан елімізге тигізген ауыр зардаптары есепсіз. Бұл — қаһарлы қара күнді бастан кешкен майдангер жауынгерлер мен тыл еңбеккерлердің бойындағы бүкіл күш қуатты сарқып жеткен Ұлы мереке. Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығымыз шексіз. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы: мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Өлшеусіз өжеттілік пен жеңіске мұқалмас ерлік – жігер танытқан қос қарлығаш біздің мәңгілік жүрегімізде сақталады. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, әсіресе, Москва түбіндегі шайқаста шықты. Республикада жасақталған 316 – атқыштар дивизиясына Москваға апаратын негізгі өзекті жолдың бірі – Волокаламск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1075 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. 28 танк жоюшылар («28 панфиловшы») тобы Дубосеково разъезінде жаудың 18 танкісін жойып жіберді. Кейіннен «28 панфиловшы» ерлігі аңызға айналды. Олар қасық қаны қалғанша шайқасты. Бәрі дерлік қаза тапты, бірақ жауды өткізбеді.

Сойыпқыран солдаттары соғыстың,
Ардагерлер – атамекен айбыны.
Сақтады олар елін, жерін, намысын,
Ақтады олар азаматтық борышын.

Иә, соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әр қайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл – шынында да ерлік болатын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Майдан шебінде жанын пидә еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Сұм соғыс қайтіп болмасын,
Бәйшешектер солмасын.
Еліміз бейбіт күн кешіп,
Бір Алла өзі қолдасын!

Бекмагамбетов Арман

8 «А» сынып, Красивинский орта мектебі,
Есіл ауданы, Ақмола облысы
Жетекшісі: Булатова Сауле Толегеновна.

Отан үшін отқа түс, күймейсің!
Бауыржан Момышұлы.

Қазақ халқы басынан небір қилы кезеңдерді өткізген халық. Біздің ата-бабаларымыз киелі қазақ жерін «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» аман сақтап, бізге мұра етіп қалдырған болатын. Бұл аманат еткен ұлан-ғайыр жерді көзіміздің қарашығындай сақтап қалу - біздің асыл парызымыз.

Қазақ елі өзінің тарихында мәңгі өшпейтін із қалдырған Ұлы Отан Соғысын ешқашан ұмытпайды. Ұлы Отан Соғысының жаңғырығы мәңгілік. Оның куәгерлері әлі арамызда бар. Әрине, қазақ елінің арайлап атқан Тәуелсіздік кезінде дүниеге келген біз көп нәрсені біле бермейтін шығармыз. Бірақ, халқымның тарихын оқып отырған кезде де, үлкен ата мен әжелердің айтқан әңгімелерін тыңдаған кезде де мен бұл сұрапыл соғыстың қаншалықты ауыр болғанын түсінемін.

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия тыныш жатқан сол кездегі Совет Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Шырт ұйқыда жатқан елдің берекесін қашырып, сүттей ұйып отырған отбасылардағы сәбилер күлкісін сап тыйған жалмауыз соғыс басталып та кетті. Қазақ жерінен тылға жері мен елін қорғауға қаншама азаматтар жөнелді. Олардың әрқайсысының артында бала-шағасы, ата-анасы, туған елі қалып бара жатты. Бұл соғысқа ерлермен қатар әйел қауымы да қатысты. Ерліктің қос қанаты, шығыстың батыр қыздары – Әлия мен Мәншүк. Қазақ халқының қыздары да батыр болған. Олар өз елін жаудан аман сақтап қалу үшін тылдың алдыңғы шебіне барып соғысқан ержүрек, батыр қыздар.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан Соғысының жеңіспен аяқталғанына 2015 жылы 9 мамырда 70 жыл толады. Бұл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болғаны белгілі. Сондықтан бұл соғысты ешқашан ұмыту мүмкін емес. Оған қатысқан жауынгерлерді, тылда жанқиярлықпен еңбек еткен еңбекшілерді ардақтау әрбір ұрпақ үшін абыройлы міндет болып табылады. Қазіргі кезде мемлекет тарапынан соғыс ардагерлеріне, олардың отбасына, тыл еңбеккерлеріне және сол кезде кәмелетке жетпестен жұмыс істеген жас балаларға да көңіл бөлініп, әртүрлі жеңілдіктер жасаланып жатыр. Осы жерде мына жайды еске алу керек: соғыста қаза болған жауынгерлердің көпшілігінің артында балалары қалды. Жастайынан жетімдік көріп, ауыртпашылықпен арпалысқан бұл балалар қалай өсті? Бір жағынан әкелерінен айырылса, екінші жағынан өмір тауқыметін көп көрген мұндай балалардың көбі оқуда да, өмірде де көп нәрседен қағылды. Сол кезде жетім қалған балалардың ішінде пәтерсіз жүргендері де жоқ емес. Жастары ұлғайған сол азаматтар қазір қолдауға зәру. 1936 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған.

Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов қазақ жерін қорғап Ұлы Отан Соғысына қатысқан. Ол авиация генерал майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері. 1922 жылы, 5-тамызда Сарыарқаның кең байтақ даласында, Ақмола облысының өзең-көлі тасыған, емдік суы атқылаған Майбалық ауылында туған. Талғат Бигелдинов «Ил-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп, 1942 жылы майданға аттанады. Ол соғыс кезінде немістердің 7 ұшағын жарған болатын. Өкінішке орай, жақында 10-қарашада, Алматыда ұлы ұшқыш атамыз қайтыс болды. Ол біздің жүрегімізде мәңгілікте сақталады.

Қазақ елі өз басынан өткізген ауыр кезеңдерді ешқашан да ұмытпайды. Ұлы Отан Соғысына қатысқан қазақ батырлары: Әлия мен Мәншүк, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегилдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов және басқалары. Олардың барлығын түгендеп жазуға бұл шығарманың көлемі жетпес. Бұл аталған азаматтардың барлығына Қазақ Батыры деген атақ берілді. Бірақ, олардың еңбектері мен батырлықтары үшін оның өзі де аз тәрізді. Ұлт мақтанышы, үлгі тұтар тұлғалардың есімдері Қазақстанның қалаларындағы көшелерге, оқу орындарына берілді. Олардың есімдері мәңгі ел есінде қалатыны сөзсіз. Ол бізбен бірге мәңгі жасайды. «Отан үшін отқа түс-күймейсің», -деген Бауыржан атамыздың өсиетін ұмытпайық, Ағайын!

Болатова Гауһар

8-сынып, Кен негізгі мектебі

Жарқайың ауданы Ақмола облысы

Жетекші: Ильясова Аңсаған Жұматайқызы

Ұлы есімдер ұмытылмайды

Жеңіс деген – жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы,
Күрескердің арманы мен ұраны
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Мен соғысты көрген жоқпын. Мен тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмірде дүниеге келдім. Соғысты тарихтан білемін. Біздер соғысты кинодан көріп, кітаптан оқып білеміз. Соғыс жайында жазылған шығармаларды оқыған кезде жан түршігіп, суықта, аштықта өмір кешкен кейіпкерлер бейнесі көз алдымызға елестейді. Біз осындай шығармаларды оқығанда күйзелсек, бабаларымыз осы кезеңдерді басынан кешірді емес пе?

Әлем тарихы беттерінде өзінің сұрапыл зұлматтығымен өшпестей із қалдырған соғыс Жеңіспен аяқталып, айшықты мерекеге айналды. Сондықтан бұл мерекенің мәні мен маңызы ерекше. Жеңіс күндерін жақындатуға айтулы үлес қосқан қазақ халқының перзенттерінің ерлік істері мәңгі ұмытылмайды. Жеңіс мерекесі - бейбітшілікті сүйген барша адамзат қауымының мерекесі. Міне, биыл Жеңіс күніне 70 жыл толмақ. Жыл сайын соғыс кезеңі уақыт аралығында бізден алыстайды. Отан үшін от кешкен бабаларымыздың ерлігі де, еңбегі де ұрпақтар жадында мәңгі сақталады. Сол кезеңде әр адамның не сезінгенін тек қасымызда аздап қана қалған ардагерлеріміз біледі. Бұл тарихымыздағы өте қиын да, қайғылы кезең.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл- сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күн соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлеріміздің жемісі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қариялар азайып бара жатыр, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, бізге осы бейбіт заманды сыйлаған бабаларымыздың ерен еңбегі, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғауы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл - Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал ретінде айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

«Отан от басынан басталады» дейді халқымыз. Расында, бала кезден құлаққа құйылып, бойға сіңген асыл сөздің астарында қаншама мән-мағына жатыр. Атақ та, бақыт та, бақ та Отанын сүйуден басталады.

Менің Отаным – Қазақстан, барша ұлт өкілдерін бауырына басқан қаһарман халық Отаны.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақстанның Тәуелсіз республика болғанына биыл жиырма үш жыл. Бұл-қазақ жері мен елі үшін үлкен мейрам, зор қуаныш! Осы Тәуелсіздікті біздің ата-бабаларымыз қаншама жыл, қаншама ғасыр, қаншама уақыттан бері аңсап келді!

Тәуелсіздік жолында қаншалықты қан төгіліп, қаншама өмір қиылып, халқымыз қандай қиындықты бастан өткізбеді?! Соғыс уақытында батырларымыз жауға қасқая қарсы тұрып, өздерінің атақтары үшін емес, жер бетіндегі өмір үшін күресті. От кешіп, қан жұтқан аталарымыз бен апаларымыздың жасаған ерлігі ешқашан ұмытылмайды. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы Жеңіс күні құтты болсын, ардақты халқым менің!

Елтаев Алишер

7 сынып оқушысы №8 орта мектеп, Көкшетау қ.

Жетекші: Ахметбеков Тлеукен Тайбагарович

Біз - бейбіт елдің ұланымыз

Біз әрине соғыстың не екенін білмейміз. Біздердің бұлай бейбіт өмірде өмір сүруіміз сан соғыста жан аямай ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың арқасында деп білемін.

Қазақ өз тарихында талай алапат соғыстарды басынан кешкенін тарих беттерінен білеміз. Қазақтың ұлан-байтақ жерін білектің күшімен, найзаның ұшымен асқан ерлікпен қорғап болашақ ұрпаққа қасиетті жерімізді аманат етті. Қазақ халқы ешқашан соғыс ашқан ел емес тек өз жерін ешкімге таптатпаған ел.

Қазақ деген - батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкей қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе, Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар Абылайдай тірілігі бар ел.

Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтарының ортақ мемлекеті болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жанын пида етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Сол кездегі Кеңес Одағы халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды. Басынан аяғына дейін құрыштай қаруланған гитлершілдер соғыстың бас кезінде 190 дивизияны, 5 мыңдай самолетті, 3700-дей танкті, 50 мыңнан астам қару мен минометті шабуылға шығарды. КСРО жеріне басып кірген жау әскерлерінің жалпы саны бес жарым миллион адамға жетті. Оған дейін 12 мемлекетті басып алған және 14 одақтасы болған жау Баренцов теңізінен Қара теңізге дейінгі аралықтағы зор майдан шебінде соғыс ашты. Гитлер және оның төңірегіндегі жақтастары Кеңес елін «тұтқиыл» шабуылмен талқандап, әлемдегі тұңғыш социалистік мемлекетті құртып жіберуді, совет адамдарын құлға айналдыруды, Кеңес елін герман империализмінің отарына айналдыруды ойлады. Бірақ, совет халқы міз бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Халық Коммунистік Партияның басшылығымен өзінің Отанын қорғауға батыл бел буып шықты, әділетті азаттық соғысқа жұп жазбай тұтаса көтерілді, бұрын болып көрмеген табандылық пен қайсарлық танытты. Осындай сұрапыл соғыс күндерінде қазақ халқы да, майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді.

Ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді. Дүниені дүр сілкіндірген осы алапат соғыста қазақтың 497 азаматы Кеңес Одағының Батыры атағын алды, тарихта өшпестей із қалдырды. «Ел шетіне жау тиді» дегенді естігенде Қабанбай, Бөгенбай, Амангелді батырлардың ұрпақтары қолдарына қару алып, бір кісідей кеуделерін оққа тосуға әзір екендіктерін білдірді, елі үшін өлуге, елін қорғауға ант берді. Осы соғыста Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Қасым Қайсенов, Баубек Бұлқышев және жерлесіміз Мәлік Ғабдуллин, күні кешелері ғана дүниеден өткен екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Талғат Бигелдинов сынды қазақтың батыр ұлдары асқан ерлік көрсетіп болашақ ұрпақ үшін көзсіз батырлыққа барды.

«Біз - кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол - Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, бүкіл әлемді шошытқан халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының ел үшін еткен еңбегін айтпай кеткен мүмкін емес.

Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Қолдан келместей көрінгенімен, сол кездері нәзік жанды әйелдер кез келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашан да жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен, дәл осы қыздардың бар болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш-қуат берді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ерліктің қос қанаты деп білемін
Аяулы Әлия мен Мәншүгімді,

- деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін», - деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған көптеген Қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталған.

Осындай сұрапыл соғыс күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді. Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек вахтасында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді.. Ол асқан еңбекқорлық, шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті. Сол кездегі халық қолда барын тек майданға аттандырды. Осындай сұрапыл жылдарда да қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтып қоймады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де - мақтан тұтарлық әрекеттер, Жеңіске жетуіміздің бірден-бір себепшісі.

Сол кезде тағдыр тәлкегімен келген әр ұлттың ұрпақтары қазіргі таңда, тәуелсіз ел болғанда жаны дархан қазақ халқымен бірге бейбіт өмір сүруде.

Сол сұрапыл соғыс жеңіспен аяқталғанмен артына естен кетпес ерліктермен қатар үлкен қасірет те қалдырды.

9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 70 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бүгін жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады! Ата-баба ерлігі Президент назарынан да тыс қалған емес. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің биылғы «Нұрлы жол» атты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халыққа жолдауында Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойын өте жоғары деңгейде атап өту қажет екендігін тапсырған болатын.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Біз болашақ ұрпақтары әрқашан есте сақтауымыз қажет.

Мен біздерге осындай бейбіт өмір сыйлаған ата-бабалар алдында әрқашан тағзым етемін әрі мақтан тұтамын!

Ерден Ажар

7-сынып, «Есіл ауданының білім беру
бөлімінің Московский орта мектебі» ММ
Московский ауылы, Есіл ауданы Ақмола облысы
Жетекші: Баймурзина Балзада Кенжегалиевна

Ерлік - ұрпаққа ұран, елге мұра

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш. Дәл солай. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Қаншама боздақтардың өмірін қиған, талай халықтың шаңырақтарын ортасына түсірген, сан миллион ананың жан дүниесін ботдай боздатып, балаларды жетімсіретіп кеткен соғыс өртіне, биыл жетпіс жыл болды. Әлі күнге дейін, көптеген адамдардың жан дүниесіне қалдырған жара жазылмады. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио-телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Майданға кеткен апа-аталарымыз, жастарымыз ардайым есте. Қазақ елінің эллегиясын емірене отырып әуелететін тарихи жердің желі де құлағымызға соны сыбырлайды. Тарих пен ұлт біртұтас әлем. Тарихы жоқ ұлт - ұлт емес. Кез келген ұлт өзінің тарихымен, өзінің өткенімен, өз даласындағы қаза болған тұлғалардың тарихи ерліктерін мақтан етеді. Ендеше біздің өз тарихымызға бас сұқпауымыз үлкен қателік. Себебі қазақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тарихы әлемдегі ең әдемі тарихты тарту етеді бізге. Ерліктер мен жеңілістер, батырлық пен бас көтерулер, білімдарлық пен дарындар, әуен мен сазды бірлесе шерткен қарт қобыз.... Елімізден бес жүзден астам Кеңес Одағының батыры шықса, соның жүзге жуығы біздің өңірімізге тиесілі екен. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің жетпіс жылдығы жақындаған сайын кешегі күні қан майданда от кешкен, кеуделерін оқ тескен, тірі қалғандары аман-есен туған елі мен жеріне оралып, қаза тапқандары сол жақта қалған, көпшілігі хабарсыз кеткен қайран ерлерді есімізге түсіріп жатқан жайымыз бар. Өкініштісі сол, көрер жарығы мен дәмі таусылмай елге қайтқандарының да жылдан-жылға қатарлары сиреп барады... Солардың бірі жерлесіміз өмірден жақында ғана өткен ардагеріміз Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов. Батыр атамыз - Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері. Бір мың тоғыз жүз жиырма екінші жылы бесінші тамызда Сарыарқаның кең-байтақ даласында, Ақмола облысының өзен-көлі тасыған, емдік суы атқылаған Майбалық ауылында туған.

Осындай таза қазақтың батырлары барда ешкімнен кем емес екенімізді түсініп, арамызда жүрген ағалар мен батырлар ерлігін мақтан тұтып, айта жүрейік. Өткенін білмеген ұрпақ болашағын да болжай алмайды. Ендеше үлгілі аға ерлігі жүректеріңе намыс отын оятсын! Алдымен намыс - еліміздің бет-бейнесі. Намыс - адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресі, өзін-өзі танудан бастау алған адамның рухани ізденісі, оның қоршаған ортасын меңгеруі. “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” демекші, адамның адамдық келбетін айқындайтын асыл қасиет. Намысы жоқ адам - адам емес. Қанша уақыт өтсе де айтылған сөз көп демекші, соғыс жайлы қазағымның ұлы қаламгерлері де талай жыр жазған.

Кетті ата-бабамыз жанын қимай,
Кетті ата-бабамыз жасын тыймай,
Кете берді елді қорғап, жерді қорғап!
Аңсатқан бейбітшілік пенделерге жетті енді!

Әрдайым жылы төсекте, тыныштықта, ата-анамның жарқын жүздерін күн сайын көргеніме қатты қуанамын. Әлбетте, бұл қуанышқа 70 жыл бұрын жасалған аталарымыздың ерен еңбегі себепші болды. Еліміз көркейіп, елбасымыз елді, жерді, Қазақстанды елеулетіп, асқар биіктіктерге жеткізе берді. Ендігі күндерімізде бейбітшілік пен бірлікте өтуде. Жетпіс жыл бұрын мұндай мемлекетті елестетудің өзі қиын болған.

«Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды» — мұны қазақ елінің, нақтырақ айтсақ тәуелсіз, егеменді қазақ елінің абызындай болған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дүниенің төрі саналатын Ұлытау төрінде қазақ халқына айтқан еді. Ұзақ уақыт бойы бұл ғұн бабаларымыздың шешуші жері еді. Енді қазақ елінің қасиетті төрі десем асыра сілтегенім болмас. Ал еліміз болса, бір бүтін болып әлі күнге дейін сол емендей дауылға шыдап келе жатыр. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында тәуелсіз қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Қазақстанның шынайы егемендігін қамтамасыз еткен маңызды мемлекеттік актілерге қол қойылды. 1991 жылдан бастан тәубе етіп, тіземізді түзеп, басымызды тік көтеріп келе жатырмыз. Әрине барға қанағат, шүкіршілік. Бірақ осы да жеткілікті демей ары қарай биік белестерге тағыда ұмтылуымыз қажет.

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да арасын аулақ салып, алыстап барады. Бірақ қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес. Өйткені ол соғыс қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітіп кетті. Сол соғысты майданның алдыңғы шебінде жүріп басынан өткергендер де, солардың тілеуін тілеп, тылдағы бар ауыртпалықты иығымен көтерген ардагерлер де, соғыста ата-анасынан айырылып, жетімдік тауқыметін тартып өскендер де бүгінде арамызда жүр. Сондықтан да жыл сайын мамыр айының 9-жұлдызында сол сұрапыл соғыстағы Жеңіс күні айрықша атап өтіледі. Және ол жалпыға бірдей халықтық мереке болғанымен, бұл күні әсіресе, кешегі соғыста Жеңіс үшін қолдарына қару алып, майданның алдыңғы шебінде қанқұйлы жаумен шайқасқа түскен соғыс ардагерлеріне көрсетілер құрмет те айрықша.

Қан майданның жүректе жарасы бар,

Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.

Арамызда жүретін алшаң басып,

Ардагерлер азайып барасындар, - деп ақын ағамыз

жырлағандай, осындай бейбіт өмірге жеткізген ұлы ардагерлеріміздің қатары сиреп бара жатса да, олардың Ұлы Жеңіске жету жолындағы ерлік істері тарих беттерінде қалып, болашақ ұрпаққа үлгі болып, өз Отанын қорғап, аялауға, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, ерлік жолындағы ұлы адамдардың істерін үлгі тұтуға тәрбиелейді. Сондықтан «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!».

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жақсыбаева Әлия

8 сынып оқушысы Балкашин №1 орта мектебінің
Сандықтау ауданы Ақмола облысы

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, Жеңісті жақындатқан тылдағы жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз махаббаты Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Көрнекті қазақ ақыны Жамбыл Жабаев:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...

-деп, Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды. 9-мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар өте аз қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу қажет. Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі.

Соғыста қазақстандықтардан жасақталған әскери бөлімде ата-бабаның ежелгі қаһармандық дәстүріне адал бола білді. Сол бір сұрапыл да отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері де ешқашан ұмытылмақ емес. Демек енді сол күндердің қалай болғанын сонымен қатар, тарихқа көз жүгіртейік. Сол соғысқа көптеген мемлекеттер қатысты. Бірақ та бәрібір соғыстың негізгі ауыртпалығын кеңес халқы мен оның Қарулы Күштері көтерді. Қазақстан біртұтас халықтар отбасында Ұлы Отан соғысына қатысты. Сондықтан да соғыс пен ол туралы зерде - көпұлтты Қазақстанның жалпы тарихының бір бөлігі. Қазақстандықтар елімізді кеудесімен жауып, дүниені фашизмнен сақтап қалған аға ұрпақтың ерлігін ешқашан ұмытпайды. Сол бір сұрапыл жылдарда жүзден астам ұлт пен ұлыстан тұратын біртұтас отбасының барша туысқан халықтары иық тірестіріп біртұтас Отанды қорғауға көтерілді, ерлікпен шайқасты. Біздің елімізде ондаған дивизиялар, бригадалар мен жекелеген бөлімдер құрылды. Олар барлық майдандарда соғысты.

Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз, бұл күнді қазақтардың әлі талай буыны мерекелейтін боламыз. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жұмылды... Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақты Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ұлы Отан соғысына қатысқан әрбір ардагеріміз өте үлкен құрметке ие. Біз осындай тұлғалармен бір заманда өмір сүріп жатқанымызға қуану керек деп ойлаймын. Әрбір азамат осындай қарияларымыздан үлгі алып, өзі де өзінің туған еліне, жеріне титтей бір қауіп төне қалса, аянбай соғысу керек деп ойлаймын. Біз қазіргі кезде тыныш, бейбіт өмір сүріп жатқанымыз-осы ардагерлеріміз арқасында. Қазіргі кезде асыл қарияларымыз азаюда. Осыны естен шығармай, оларға өзіміздің қамқоршылығымызды, ризашылықтарымызды көрсету керек. Ұлы Отан соғысы кезінде елеңсіз қалған азаматтарымыз бен аталарымыздың ерен еңбектерін қазіргі кезде қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге әрбір кітапхана соғыс тақырыбын қамтитын баспа, аудио-бейне басылымдарға өте бай. Біздің міндетіміз оларды оқырманға насихаттау және жеткізу. Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Олардың өнегелі өмірлерін жас ұрпаққа жан-жақты насихаттау, таныстыру кітапхана қызметкерлерінің міндеті.

Жапарова Аружан

9-сынып №7 қазақ орта мектебінің

Атбасар қаласы Ақмола облысы

Жетекшісі: Арикпаева Сандуғаш Өтемісқызы

Ұлы Жеңіс-баршаға ортақ қуаныш

Қазақ халқының жаңа туған баласын:

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Қарағай найза қолға алып,
Жауға шабар ма екенсің?
Қашқан жаудың артынан
Тұра қуар ма екенсің?

- деп әлдилеген бесік жырынан бастап, батырлар туралы эпостардың дүниеге келуінен халқымыздың қаншама ұрпағы үлгі-өнеге алып, қиялына қанат бітірді десеңізші!

О бастан-ақ қамал бұзған батырларымызға дем беріп келген қаһарлы сөздің қуатты да құдіретті күші Ұлы Отан соғысы жылдарында да ерекше болды. Оның жауынгерлік мәні, маңызы, мазмұны тереңдеп, шыныға түсті. “Тар жол, тайғақ кешуде” халқымыздың жеңіске деген сенімін ұштап, рухани күш, дем беріп отырды.

Жақсы шығармаларды қай уақытта болмасын балалар қызығып оқиды. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы туралы жыр, әңгімелерді оқып, кейіпкерлеріне еліктейді, алған әсерлерін ешқашан ұмытпайды. Әсіресе, майдангер қаламгерлердің қолдарына қару мен қаламды қатар ұстап, өздері басы-қасында болып, жазбауға болмайтын өмір мен өлім белдескен соғыс күндер тақырыбына жазған туындыларының тәрбиелік мәні өте зор!

Осы бір әділет пен зұлымдық арпалысып, өмір мен өлім белдескен қиын-қыстау күндерде қазақтың ақын-жазушылары уақыт талабынан туындаған өз шығармаларын патриоттық сезіммен жыр өрнегіне айналдырды. Сөз зергерлерінің сол сұрапыл күндерде аузынан шыққан әрбір жылы лебізі халқымыздың фашизмге деген өшпенділігін саяси ерекше мәні бар тәрбие құралына айналдырды.

Қазақ кеңес поэзиясының алабы Жамбыл атамыз бастаған ақын-жазушылар фашист жендеттерінің арам ниетін әшкерелеп, опасыз жауды өз ордасында талқандау керектігін өздерінің өлең-жырларында басшы тақырып етіп алды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сондықтан біздің жарқын болашағымыз үшін арпалысқан, жандарын пидаеткен батыр әкелеріміздің ерлігінен, қайтпас қайсар тұлғаларынан алған әсерімізді шәкірттік сезіммен барынша қағаз бетіне түсіріп, өз үлесімді қоса, сыр шерткім келді.

Ақындардың ақсақалы Жамбыл атамыздың кеңестік жырлары ақын шығармашылығында айрықша орын алады. Халқымыздың мызғымас болаттай берік бірлігі, достығы Жамбыл ақынның жалын атқан патриоттық сезімінен жыр өрнегіне айналды. Ақынның осындай жырларымен қаншама ұрпақ үлгі-өнеге алды десеніңші! Мен сондықтан Жамбыл атамды патриот ақынға теңеймін. Олай дейтінім, Жамбыл ақын неміс фашистерінің опасыздықпен елімізге шабуыл жасағанын естігенде-ақ, іле-шала “Ата жаумен айқастық” деген патриоттық жыр шығарды.

Бұл өлеңде қарт жырау ұрынып кірген жауға қарсы аттанған батыр тұлғалы қаһарман халқын жырға қосып, оның күшіне, жеңісіне сенім білдірді.

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме,
Шапты фашист дегенде,
Ашуменен аралас,
Жыр да келді көмейге.
Қаһар қаулап денеме:
Көз жібердім мен де елге:
Сонда елімнің түрінен
Тастай болып түйілген
Қаһармандық аңғардым,
Жау сазайын берерге.
Сен шақырсаң туған ел,
Мен де барам, қалам ба?
Қорғауға елді кім шықпас,
Аттанар қала, даламда,

- деп ақын туған Отанын патриоттық сезіммен жырласа, “Өлім мен өмір белдесті” өлеңінде:

Жырымды жұртым енді есті,
Өлім мен өмір белдесті.
Не керек жанды аяуың,
Бұл жолдан қалған малың-мал,
Бұл жолдан қалған жаның-жан.
Не дейін айтып аяғың,-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

деп ақын жаудың қатал озбырлығын айта отырып, халқын күреске үндейді, елін, жерін шексіз сүйетін жалынды патриот болуға тәрбиелейді. Ақын халықтар достығы, кеңестік патриотизм тақырыбын биік шыңға көтере жырлады. Еліміздің ірі қалаларын қорғауға үн қосты.

Соның бірі-“Ленинградтық өренім”. Ұлы Отан соғысы кезінде кеңестік поэзияның ең таңдаулы туындыларының бірі болды. Өлең қаланы қорғаушыларға күш-қуат берді, оларды жеңіске жігерлендірді. Бұл өлеңінде жырау:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Жасаған жоқ өмірді
Жау сойқанын көргелі,
Шер қылғалы кеудені,
Жаралғам жоқ
Жаудың болуға ермегі
Нева алабын қорғандар,
Ленинградтың ерлері!
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Төккенім жоқ терімді,
Заманымның өрнегі,

- деп, өзінің ықыласты қалтқысыз сезіммен өлім мен өмір белдескен қан майданға қарт жүрегімен қырандай отты жырларын дамылсыз ұшырып жатты. Иә, бұл сөздерді кім айтуға тиіс еді? Елдің тағдыры сыңға түскен шақта ата сақалы беліне түскен ұлы жырау ұлтымен осылай аңызға айналды.

Жамбылдың “Ленинградтық өренім” жыры газеттерде жарық көрді. Халықтың рухын көтеруде ерекеше қызмет атқарған бұл жырды Ленинград радиосы күніне әлденеше рет оқыды. Жыр үлкен әріптермен басылып, көшелерде ілінді. Ленинград қаласын қорғаушыларға осындай рухани күш берген Жамбыл жырын зор бағалай келіп, Н.Тихонов: “Жамбыл Ленинградқа келіп, оны қорғаушылардың қатарында тұрды”, -деп жазды.

Иә, қарт жыраудың жыры басылған газеттер қаншама жанға күш-қуат, сенім ұялатты. “Ленинградтық өренім” туралы тебірене айтылған лебіздер қаншама.

Жамбылдың майдандағы жауынгерлермен жазысқан хаттары да елімізді жаудан қорғауда үлкен саяси қызмет атқарды десе де болғандай. Бұған дәлел: 1942 жылы көктемде майданнан келген бір хатта: “Жыр алыбы Жамбыл ата! Қазақ халқы мен орыс халқының ұлдары Дүйсекей Сейітов пен оның командирі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Борис Сахаров фашизмді жоқ қылу үшін ерлікпен күресуде. Бізге қуатты жырларыңызды жіберіңіз. Жырыңыз бізге көмек береді”, -деп жазылған. Бұндай хаттар көптеп келіп жатты. Ақынның “Ұлыма хат”, “Майданға хат”, “Ворониж батырларына”, “Жүз жасаған жүректен” т.б. жырлары дұшпанға қарсы күресте қаһарлы құрал болды.

Отты жылдардың жалынында туып, осы туындылардың бүгінгі жас ұрпақ, біздерге, берері мол, өмірде болған ержүрек кейіпкерлердің ерліктері біздерге үлгі-өнеге, тәрбие мектебі.

Иә, Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Бірақ сол бір естен кетпес ауыртпалық әкелген отты жылдардың қайғы-қасіреті, салған жарасы көкейімізден кетер емес. Адамзаттың нұрлы болашағы үшін арпалысқан ата ұрпақтың шайқасы әлі жадымызда. Ел бақыты үшін жанын пида етіп, қыршын кеткен батыр бауырларымыздың есімі жыл озған сайын жарқырай береді, еш уақытта ұмытылмайды. Біздің әкелеріміз, аталарымыз соғыста жеңіп шықты, сол жеңістің арқасында біз тәуелсіздік алдық. Ұлы Жеңістің 70 жылдық тойы - баршаның ортақ қуанышы. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құтты болсын! Туымыз мәңгілік биік болсын. Біздің ту - ата-бабамыздың аманаты. Соған берік болайық!

Жарасбек Үміт

11-сынып №7 қазақ орта мектебінің

Атбасар қаласы Ақмола облысы

Жетекшісі: Қонысбаева Атылас Қонысбайқызы

Олар тоғыз еді

Отан үшін, ел үшін,
Отты кешкен, жеңісім!

1941 жыл. Мамыражай жаз айы. Тыныш жатқан ел. Кенет елдің тыныштығын радиодан естілген төтенше хабар бұзады:

-«Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Бүгін, 1941 жылдың 22 маусымы күні таңсәріде фашистік Германия Кеңес одағына опасыздықпен шабуыл жасады.

Еліміздің батысында қырғын соғыс».

Осындай тосын, жайсыз хабарды естіген халық үрпиісіп, бастарын көтереді.

Бәрі тына қалады. Диктордың сөзінен кейін бәрі шуласып кетеді.

Міне, қас қағым сәтте бейбіт өмір бұзылды. Ел соғыс жағдайында.

Барлық ер-азаматтар ел қорғауға бір кісідей аттанды.

Төнгенде қатерлі күн, қара тұман,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Аяққа шырмалғанда шұбар жылан.
Ту ұстап, тұлпар мініп ел қорғауға,
Азамат азамат па аттанбаған.

Бүгінде бұрынғы Кеңестер Одағының құрамында өмір сүрген 70 жылдық тарихымызды түгелдей теріске шығарғысы келетіндер де кездеседі, бірақ тарихты жасайтын да, әділ баға беретін де – халық. Адам баласына айтып жеткізе алмайтын апат әкелген неміс-фашистерін талқандаған Ұлы Отан соғысындағы жеңісті бүкіл әлем халықтары мойындап отыр.

Орта жүздің аузы дуалы, аруақты биі, Қаз дауысты Қазыбектен «Мына жарық дүниеде не қымбат?»- деп сұраған екен. Сонда Қазыбек би:

Туып өскен ел қымбат,
Кіндік кескен жер қымбат.
Құт-берекең атаң қымбат.
Алтын ұяң, Отаның қымбат... деген екен.

Сол бабамыз айтқандай, әркімге өзінің туып өскен елі, ата қонысы қымбат емес пе?

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында кешегі соғыста біздің болашағымыз үшін жанын пида еткен, өз өмірін қиған жерлесім Ақан Құрманов жайында айтқым келіп отыр. Ұлы Отан соғысының батыры Ақан Құрманов бабам туралы келешек ұрпаққа жеткізіп, саналарына сіңіргім келеді.

Ақан Құрманов 1918 жылы 10 сәуірде Атбасар ауданы Қосбармақ ауылында дүниеге келеді. Білімі орташа, армия қатарына дейін колхозда еңбек еткен.

1939 жылы қазан айында әскерге шақырылады. 1942 жылдан коммунист. 1943 жылы қыркүйек айынан бастап Орталық майданда соғысады.

1943 жылы 28 қыркүйекте 234 гвардиялық атқыштар полкінің пулеметшілер бөлімшесінің командирі, сержант Ақан Құрманов Чернигов облысы Репкин ауданындағы Мысы селосы маңында құрамында тоғыз жауынгер бар топпен Днепрден өтіп батальонның негізгі құрамы келгенше плацдармды ұстап тұрған. Гитлершілерді жоя отырып, алты күннен кейін Чернигов облыстық орталығы босатылып, Станецкое селосының маңында Днепрге жақындайды. Жауынгерлерге өзеннен өту және плацдармның батыс жағалауын басып қалу бұйрығы беріледі.

Бөлімше командирі коммунист А.Құрманов, пулеметшілер Иван Болодурин, Георгий Масляков пулеметті орнататын ұяларды тереңдетіп, өздерінің қаруларын шайқасқа дайындап, батыстан келетін жауды бақылауды күшейтті.

Гүрілдеген фашист танктері шынжыр табандарымен шаншып окоптардан өтісімен, пулеметшілер жауға қарсы оқты боратты. Пулемет оқтары жауды жер жастандырды. Черноморск атындағы полк жауынгерлері осындай батыл қимылдарымен жаудың көксеген – Черниговқа солтүстіктен келе жатқан біздің әскерлерді бүйірден шабуылдап талқандау жоспарлары іске аспады.

2-ші рота кеңістікке шығып, жолай бекінген жауға соққы беріп, Черниговты босатқаннан кейін алты күннен соң Днепрге Станецкое селосы жағынан таяды. Рота жауынгерлеріне өзенді бірінші болып өтіп, оң жағалаудағы плацдармды басып алу тапсырылды.

Шағын бекініс жауға берілмеді. Олардың алдында жүз елуден астам фашистердің өліктері сұлап жатты. Жаралы, өліспей беріспеуге бел буған тоғыз гвардияшылардың бесеуі: сержанттар Заулин мен Гендреус, ефрейтор Сафонов, қатардағы жауынгерлер Матюк пен Голодновтар бекіністі ұстап тұрды. Міне, олардың осы ерліктері полк құрамына Днепрдің оң жағалауына өтуіне мүмкіндік берді.

Осы өзен бойындағы шайқасқа қазақ жерінен елін, Отанын қорғауда біздің жерлесіміз, ер жүрек батыр Ақан Құрмановтың болғанын мақтанышпен айта аламын.

Шайқас алдында Атбасардағы қазақ орта мектебінде білім алған жылдары мен достарын есіне түсіріп, бір жеңілденген де болар. Жұпар иісі аңқыған кең даласын, көктемде гүл жапырағы бүр шашқан кезді де аңсаған болар.

Өкінішке орай, шайқаста бөлімше командирі Ақан Құрманов қаза табады.

Ол Чернигов облысы Репкинский ауданында Мысы селосындағы бауырластар зиратына жерленеді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен 15 қыркүйек 1944 жылы батылдығы мен ерлігі үшін, Черниговщинаны немістерден босатқаны, Днепр үшін шайқаста бөлімше командирі, 2-ші атқыштар ротасының 234-ші гвардиялық Черномор атқыштар полкінің 76-ші гвардиялық Чернигов атқыштар дивизиясының гвардия сержанты Ақан Құрмановқа қаза болғаннан кейін Совет Одағының батыры атағы берілді.

Мысы селосында көше атауы батырдың атымен аталып, сонымен қатар Атбасар қаласындағы орталық көшеге Ақан Құрмановтың есімі берілген.

Өзінің туған аулында Батырға арналған ескерткіш орнатылған.

Қаламыздағы «Өлкетану» мұражайында Ұлы Отан соғысы жылдарына арналған үлкен зал бар. Музей қорында да біраз жәдігерлер сақталуда. Осы залда Ақан Құрмановтың жеке меншікті заттары, 15 қыркүйек 1944 жылы Совет Одағының батыры атағы берілгені туралы қаулы, фотосуреттер, былғары плащ, әскери билеті қойылған. ВЛКСМ мүшесінің есеп карточкасы, жанұялық фотосуреттер, 1944 жылы 16-шы қаңтарда шыққан «Правда» газетінде (Ақан Құрмановқа Совет Одағының батыры атағы берілгені) жарияланған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыстан кейінгі жылдарда Атбасар ауданы Қосбармақ ауылынан шыққан Батыр жауынгердің есімі ұмытылған жоқ.

Құрамында 150 үй бой көтерген ауылға Ақан Құрмановтың қарулас жолдасы Кеңес Одағының Батыры Жәлел Ғизатов 1985 жылы келіп кетті. Майдан даласында достасқан қазақ жігіттері кім тірі қалса қаза болғанның туған жеріне барып, үлкендерге сәлем беруді серттескен екен.

Сол сертті Батырдың майдандасы Жәлел ақсақал көзі тірісінде орындады.

Атбасар ауданында Батырдың туыстары мен жақындары бар.

Міне, бұл 234-ші гвардиялық полк жауынгерлерінің шежіресінің бірі ғана.

Өсіп келе жатқан ұрпақ үшін осындай тарихтың тәрбиелік мәні зор.

Жолданғарова Мерей

6-сынып, №21 орта мектебі Көкшетау қаласы

Ақмола облысы

жетекші: Хасенова Раушан Серікқызы

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына биыл 70 жыл өтті. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған адамдар үшін, ұлты басқа болса да арман, мақсаты бір халықтар үшін ортақ мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен жасампаздықтың, Отанымызды сұм фашистерден қорғаған, тылда ерен еңбек еткен ата-бабаларымыздың мәңгі ерлігін паш ететін Ұлы мереке.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы келешек ұрпақ үшін, бейбіт заман үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бұл соғыста Кеңес Одағынан жиналған 2 миллионға жуық қазақ пен орыс, грузин мен украин, тәжік пен қырғыз да бір білектей жауға алынбас қамал болып жұмылды.

Қазақ халқы ел басына күн туғанда жанын шүберекке түйіп, жауға қарсы аттанды. Олар өздерінің басын, амандығын ойлаған жоқ, артында қалған бала-шағасы, елі, атамекені, Отаны аман болса екен деп ойлады. Сол үшін қасық қаны қалғанша жаумен айқасты.

Ұлы Отан соғысында қайталанбас ерлік көрсетіп, батыр атағын алған қазақ жауынгерлері өте көп. Олар: Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтаров, шығыстың қос жұлдызы- Мәншүк пен Әлия, Мәлік Ғабдуллин, Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы және тағы басқа батырларымыз бар.

Кеңес Одағының екі мәрте батыр атағын алған ұшқыш ардагеріміз Талғат Бигелдинов жуырда дүниеден өтті. Батырдың атында көшелер, әскери мектеп бар. Халқымыз Талғат Бигелдиновты ешқашан ұмытпайды деп ойлаймын.

Менің нағашы атам Дәулетов Асылбек Жазиұлы Ұлы Отан соғысына қатысып, елімізді жаудан қорғап, аман-есен елге оралды. Ол соғысқа 1941 жылы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аттанып, 1947 жылы бірақ келді. Өйткені соғыстан кейін де атамды қалдырып, қираған қалаларды қалпына келтіру жұмысына араласты.

Атам: «Біз майдан даласында басқыншы жауға тойтарыс беріп, Отанымыздың бір сүйем жерін басқызбаймыз деп арпалысқанда санамызда тек Жеңіске жету мақсаты ғана тұрды. Кеңес Одағының құрамындағы қаншама ұлт өкілдері бір ғана мақсатқа, бір ғана мүддеге жұмылды. Еңсені басқан ауыр салмақты кейін серпіп тастауға жұмылған бес саусақ тәрізді бірге болдық. Сол бірлігіміздің арқасында ғана көк темірді мұздай құрсанған неміс фашистеріне лайықты соққы бере алдық. Бірлік өте күшті болды. Әрбір жауынгердің санасында Отанына, елге, жерге деген сүйіспеншілік сезімін оятып, қасиетті борышын өтеу жолында, қажет кезінде өмірін де ойланбай қиятын көзсіз ерлікке баулу тәрізді идеологиялық жұмыстар тым жақсы жүргізілді. Осындай факторлардың арқасында техникалық қуаты әлдеқайда әулетті басқыншы жау міз бақпас қамалға соғылғандай тас-талқан болып жеңілді» деп атамыз соғыстың зардабы мен Жеңістің бізге қалай жеткендігі туралы үнемі айтып отырады.

Атам Ұлы Отан соғысында «Ерен ерлігі» деген бірнеше медаль-ордендермен марапатталды. Қазір кезде Көкшетау қаласының «Құрметті азаматы» және Ардагерлер Кеңесінің мүшесі.

Мен нағашы атамның Ұлы Отан соғысы туралы, соғыстағы майдангер жолдастары туралы айтқан әңгімелерін қызыға тыңдаймын. Атамның майдангер жолдастарының көбі қайтыс болды, тірі қалғандары Ресейде, Украинада, Беларусьсияда өмір сүріп жатыр. Олармен атам үнемі хабарласып тұрады.

Мен өзім 6-сыныпта оқып, аталарымыздың сол кездегі ерлігін, патриоттық рухын ойлап, таң қаламын. «Қазір қазақ жігіттері сондай ерлік жасай ала ма екен, мен Мәншүк пен Әлия сияқты жауға қарсы шыға алармын ба?»- деп ойлаймын.

Ел басына күн туса, Отан үшін от кешіп жауға қарсы елімізді қорғау үшін патриот ұл мен қыз аттанады деп сенемін.

Шығармамды мынадай өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Бақыт сыйлап жатады әрбір күн,
Санамызға, кеудемізге жарық берген.
Ержүрек батыр аталарымыз,
Бұл жеңісті алып келген.
Қуантамыз баршаны ән сап жүріп,
Ата берсін бақыт таңы.
Жеңіс күні құтты болсын,
Батырлардың бақытты ұрпақтары.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жұмабаева Гүлназ

7 «Б» класс, Дружба орта мектебі

Қорғалжын ауылы Ақмола облысы

Жетекшісі: Абдрахманова Гүлдана Бейсенбекқызы

Биыл 2015 жылы Ұлы Жеңіске 70 жыл. Демек біздің бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқанымызға 70 жыл!

Мен 7-сыныпта оқысам да, ата-анамнан, ұстаздардан, газет, журналдардан біліп соғыс туралы өз ойымды жазғым келеді.

Әрбір жанұя соғысқа аттанғандардың аман-есен оралуын тілеп, майдан даласынан келетін әрбір үшбұрышты жауынгер хатын асыға күтіп, ерекше аңсап, қастерледі. 1941 жылы Сталиннің бұйрығымен автономды республикалар өздерінің ұлттық жасақтарын соғысқа жіберуге тиіс болды.

Осы бұйрық негізінде өзіміздің Қорғалжын өңірінен аттанған солдаттарымыз жайлы жазғым келеді. Дәулетбеков Темкен 1923 жылы туылған, аға атқыш сол көзінен 1942 жылы жарақат алған. Соғыстан оралған соң «Жеңіс» медалімен марапатталған. Әлиев Жақан 1942 жылы қызыл әскер қатарына шақырылған. Козлов Иван 1943 жылы атқыштар дивизиясына шақыртылған. Жұмағұлов Аймағанбет 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Маршал Рокоссовский басқарған II Украина майданы құрамында болып, жаудан қорғау кезінде Харьков, Мобинау, Шипитовка қалаларындағы фашистерді қуып шығыпты. Бекмағанбетов Серік 1942 жылы Сталинград түбінде өзінің жерлестері, Әлиев Жақан, Қойкеев Бейсенбай, Жұманалин Шәріпбек, Құрманғазин Ахметжан осы кісілермен бірге соғыста болған. Оразбеков Мұқан өз еркімен соғысқа аттанып, жарақат алып, мүгедек болып елге оралған. Краснобаев Федор өзі басқаратын бөлімшеде 9 жауынгермен бірге 17 немісті тұтқынға алып, кандидатураға тапсырыпты. Соғыстан аман елге оралған. Асайнов Әкімжан өзі секілді жастармен бірге үш ай Ақмола қаласындағы жеделдетірілген әскери дайындықтан өтіп, майданға аттанды. Жиғашин Нуриден 18 жасында әскер қатарына алынып, Румынияны азат етуге қатысып, генерал Чуйков басқарған әскер қатарында минометчик болған. Дүйсенов Шұғай 1942 жылы Армия қатарына алынып, Беларусь майданында ұрысқа енген. Сол жылы ауыр жараланып, дала госпиталінде 5 ай емделген соң елге қайтарылған. Банчужин Иван Қиыр Шығыста азаматтық борышын өтеді, Жапон соғысына қатысып, ерлік көрсетті. Әскери жүргізуші, байланысшы болды. 1945 жылдың соңында запасқа шығып, елге келді. Бүгінгі күні Кеңбидайық ауылында тұрады.

Абдрахманов Ақыш соғыстан II топтағы мүгедек болып оралған. Қазіргі кезде Ақыш атамyz немерелерімен бірге бақытты өмір сүріп жатыр. Біз мектеп оқушылары «Тимур» тобы болып Ақыш атаның үйіне барып көмек көрсетіп тұрамыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің де бабам, әкемнің атасы - Жұмабаев Бейсенбі ата 1918 жылы туған. 1942 жылдан бастап 1945 жылға дейін Армия қатарында борышын өтеді. Қиыр Шығыста шекара күзетінде болды. Әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету қызметінде жүрді. Жапон соғысына қатысты. Өкінішке орай, атамыз осыдан бес жыл бұрын қайтыс болды. (Жатқан жері жарық болсын!)

1941 жылдың 22 маусым күні таңғы сағат 4-те басталған соғыстың жаяу, еңбектеген күйдегі жолы 4 жылға созылды. Осы қиындық пен қасіретке толы 4 жыл бойына әрбір қалада, әрбір ауылда адамдар мынандай қара репродуктордың түбінде тұрып, Жеңіске деген үміттерін үзбей майданнан жақсылық хабар күтетін. Осындай жақсылық хабарды, соғыстың Ұлы Жеңіспен аяқталғанын біздің облысқа хабарлаған алғашқы диктор, сол кездегі студент қыз, бүгінде БҚМУ қарт ардагер ұстазы Меруерт Жолдықайырова апай болатын.

4 жыл. 1418 күн мен түн. 34000 сағат. Осы уақыт аралығында қаншама қала қирап, қаншама село өртке шалдықты. Осы жылдары 20 миллионнан астам адамдардың өмір оты өшті. Егерде әрбір қаза болған адам үшін үнсіздік сақтар болсақ, еліміз 32 жыл бойына үнсіз қалыпта қалуға тиіс еді. Өйткені соғыс жылдарында әрбір шақырымға 7 мыңнан астам адамдар жерленіпті. Сондықтан осыншама адамдардың өмірі – Жеңістің басты құны болды.

Жеңістің тағы да бір құны - мәңгілікке кеткен Жастық шақ деуге болады. Өйткені көптеген адамдардың ең албырт жастық жағы осы сұрапыл жылдарға келді. Соғыстың алғашқы күдерінен-ақ Орал қаласынан 2000-ға тартқан жас комсомолдар өз еріктерімен сұранып, майданға аттанды. Бұл жігіттер мен қыздардың көбі өрімдей жас болатын, олардың жастық шағы ешуақытта қайтадан оралмады. Олардың көпшілігі махаббат сезімін бастарынан кешіріп, отбасын құрып та үлгірмей мәңгіге жас күйінде өмірден өтті.

Солардың бірі шығыстың қос шынары атанған, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова. Алматы медициналық институттың екінші курсынан майданға аттанғанда ол небары 20 жастағы бойжеткен болатын. Жеңістің тағы бір төлеуі – табиғатынан адамға жарық дүние сыйлайтын әйелдердің, аналардың өз балалары, болашақ ұрпағы үшін қолдарына қару алып жаумен шайқасқаны. Алматы қаласында тұрған Хиуаз Доспанова да 20 жасар өрімдей жас қыз күйінде авиация штурманы болып, 300 рет әуе шабуылына қатысып, жаудың төбесінен оқ жаудырды. Бүгінде арамызда жүрген, М.Мәметова музейі жанынан құрылған «Майдангерлер» немесе «Фронтовичка» клубының мүшелері де бойжеткен қыз кездерінде қолдарына қару алып, өмір үшін өлімді жеңе білді.

Соғыс жылдарында армияға басшылық жасаған маршал Рокоссовскийдің, маршал Жуковтың еңбектерін ешкімде жоққа шығара алмайды. Әсіресе аға ұрпақ оларды ерекше құрметтейді.

Міне бүгінгі көрмеде маршал Рокоссовскийдің қармағындағы қазақ жауынгерлерінің қазақ халқына, еліне жолдаған хатымен танысу мүмкіндігі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

беріліп отыр. Онда соғыстың қан майданында жаумен жолбарысша, ержүректікпен шайқасқан қазақтар туралы баяндалып, Темір Масин, Хиуаз Доспанова, сияқты т.б. ержүрек батырларымыздың ерліктері ерекше суреттелген. Қазақ халқы осындай ержүрек ұлдары мен қыздарын әрқашанда мақтаныш тұтуы керек деп аталған бұл хатқа 3 мыңдай адам қол қойған. Ішінде Кеңес Одағының Батыры Темір Масиннің, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың, Ұлы Отан соғысына қатысқан жалынды ақын Жұбан Молдағалиевтің де қолы бар.

Бұл Жеңіске Қазақстанның, соның ішінде оның батыс бөлігінің зор үлес қосқаны даусыз. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ақ Жайық өңірінен майданға 76 мыңнан астам азамат аттанды. Олар Орал қаласында жасақталған 152 және 101 атқыштар бригадасы құрамында майдан даласында ерліктің небір ғажап үлгілерін көрсетті. (бүгінгі көрме залының Ұлы Отан соғысы кезеңдерінен мәлімет беретін плакаттармен безендірілуі тегіннен-тегін емес. Себебі әрбір плакат Ақ Жайық өңірінен шыққан Кеңес Одағының Батырлары, Жауынгерлік Даңқ орденінің иегерлері туралы мәлімет береді.) Майдандағы ерліктері үшін Батыс Қазақстандық 41 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры, 6 жауынгерге Даңқ орденінің толық иегерлері деген құрметті атақ берілді.

Екінші дүние жүзілік соғыстың ішінде ең ауыры 1941-1945жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысы болды. Ол жылдардың адамның тағдырына әсер етпей қалған жоқ. Көпшілігі Отанын қорғау жолында мерт болса, сонша адам майданды керек-жарақпен қамту жолында еңбек етіп, Ұлы Жеңістің негізін қалады. Сондықтан бұл соғыстың аяқталғанына 70 жыл өтсе де, оның салған жарасы әлі күнге дейін сыздайды. Бүгінде арамызда сиреп бара жатқан ардагерлердің біреуі Қорғалжында тұрады, әңгімесін тыңдағанда, майдан жылдарындағы әндерді естігенде көңілге еріксіз мұң ұялайды. Көктеммен бірге келетін осынау Жеңіс мерекесінің көз жасы аралас қуаныш мерекесі болып табылады.

Болашақ ұрпақ үшін және азат ел үшін соғыста қаза тапқан майдангерлерге арнап жыл сайын 9-шы мамыр күні сұрапыл соғыстың куәгерлері-майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне құрмет білдіріп, соғыс сабақтарын еске алып, соғыста қаза тапқандардың рухына бас иеміз. 9-шы мамыр алаңына барып салтанатты жиынға қатысып, үнсіздік пен еске алып, гүл шоқтарын қоямыз.

Соғыс деген сөз қайталанбасын, жойылсын. Болашақ ұрпақ, яғни біз Тәуелсіз Қазақстанымызда бақытты өмір сүреміз. Өйткені қаншама майдангерлеріміз соғыстан оралмай, ерлік үшін қан майданда қаза тапты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ибрагимова Саяна

8 «А» сынып оқушысы

Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің

Бұланды ауданы Ақмола облысы

Шүйінші, халқым, шүйінші!

Шүйіншіге сүйінші!

Шаттан, аға-бабамыз,

Кек қайтарып фашистен,

Соғыс бітті жеңіспен,

Жендік жауды күресте

Жасалсын той-мереке.

Т. Жароков

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат — Екінші Дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс — уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап.

Мамырдың тоғызы күні неміс-фашист басқыншыларының Екінші Дүниежүзілік соғыста қайта бас көтерместей болып жеңілгеніне биыл жетпіс жыл толмақ.

Бұл Ұлы Жеңіс бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының «Барлығы - майдан үшін, барлығы - Жеңіс үшін» деп жанқиярлықпен шайқасқан Ұлы Ерлігінің арқасында қамтамасыз етілді.

Ұлт пен ұлыстың, үлкен мен кішінің патриоттық сезімі буырқана оянып, ата-ана мен аға-іні үшін, кара орман мен қалың ел үшін мың қиындық пен мың бір сынға түскен боздақтардың қанымен келген Ұлы Жеңіс бұл. Уақыт тегершігі айналған сайын, артық-кемі, қылмысы мен жазасы ашыла түскен бұл соғыстың бүкіл адамзат тарихындағы рөлі еш уақытта жоққа шығарылмайды. Бұл жеңіске Қазақстан айрықша үлес қосты. Қазақстандық жауынгерлер Бресте, Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта және тағы басқа ең ауыр шайқастардың өтінде жан алысып, жан берісті.

Мың тоғыз жүз қырық бірінші жыл біздің есімізде мәңгілікке қалатын жылдың бірі. Дәл осы жылы Гитлер бастаған неміс басқыншылары жерімізге басып кірді. Тыныш жатқан елге қойға шапқан аш бөрідей тұтқиылдан шабуыл жасады.

Жауыз екенсің, бастаған сонша азапты,
Ессіз екенсің, тудырған сонша тозақты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Не рахат таппақ болды екенсің, ұқпаймын,
Айырып, елден талай боздақты.

Аз уақыттың ішінде есін әрен жиып, соғысқа жасы да, кәрісі де аттанды.

Елін, жерін қорғап қалу үшін арыстандай айбатты ерлер де, айдай сұлу әйелдер де, өмірдің әлі қызығын көрмеген жастар да қолдарына қару алып, қан судай төгіліп жатқан майданға аттанды. Сұрапыл шайқастың алғашқы кезеңіндегі жеңілістер алпауыт империяның рухын түсірген жоқ. Олар жеңіске жетеміз деген ерік-жігерін сақтай білді. Халықтың жаппай ерлік көрсетіп, қаһармандық танытуы өздерін ар-намыс жолында құрбан етуге дейін баруы арқасында қатыгез жаудың ойранды әрекеттеріне төзе біліп, төтеп беріп қана қойған жоқ, неміс басқыншыларын тас-талқан етіп жеңіп шықты. Соғысқа аттанғандар біреудің тұңғышы, біреудің кенжесі, біреудің артта қалған жалғыз тұяғы, біреудің асқар таудай әкесі болды. Соғыстан біреуі тірі қалып аман-есен үйлеріне оралып жатса, енді біреуі қолынан, аяғынан айырылды, енді біреуі сол жерде қаза тауып мүлдем оралған жоқ.

Осы кезде соғыстан оралмаған балаларын сарғая күткен аналар көз алдыма елестеп, олардың сол кездегі күйін өлең шумақтарымен жеткізсем деймін:

Мәңгілікке ұмытылмас жылдар-ай,
Ел есінде қалар мәңгі күндер-ай.
Елін сүйген ерлер менен әйелдер,
Қолдарына қару алған кездер-ай
4 жыл бойы берілмеген солдаттар,
4 жыл бойы берілмеген ғажаптар.
Әпердіңдер ақырында жеңісті,
Көптен күткен келді енді тағаттар.
Бәрін бірдей оралмадың әттең-ай,
Сезіп еді соны ана жүрегі-ай.
Күндіз-түні уайым шегіп қамықтың,
Келсе екен деп менің алтын балам-ай.
Сені іздеді, арасынан достардың,
Амал қанша таба алмады тағы да...
Өзіңді жоқ деген сөзге сенбейді,
Бар дегенмен көрінбейсің тағы да...

Қатал соғыс көптеген адамдарды бұл өмірден ерте әкетті. Ешкімнің еш нәрсе істеуге қауқары болмады. Өмір болса өтіп жатты, тірі адам тірлігін істеп жатты. Ұлы Отан соғысында талай азамат мерт болса да, олар мынау бізге бейбіт өмір сыйлады. Олардың есімдері ешқашан өлмек емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Бабалар аңсаған бейбіт ғұмырды біз бағалай білейік! Білектесіп, иық тірескен ержүрек кешегі жігіттердің арқасында бүгін біз бейбіт ғұмыр кешудеміз. Рахмет сіздерге абзал жанды ардагер қариялар!

Бұл күні қуаныштан көзге жас толады,
Бұл күні көңіл шалқып мас болады.
Бұл күні менің еңсем тіктеледі,
Жеңіс үні аспанымда естіледі,

-деген жолдармен өз шығармамды аяқтағым келіп отыр.

Камелхан Жанерке

10-сынып, Азат орта мектебі Азат ауылы,
Ақкөл ауданы, Ақмола облысы
Жетекші: Айнұр Мұратбекқызы

Ұлт мақтанышы – Сағадат Нұрмағамбетов

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Иә, Жеңісті сан миллиондаған адамдар 5 жыл бойы минуттап, сағаттап, жылдап сарыла күтті емес пе?! Ақыры, олардың

үміті мен сенімі ақталды. Бірақ сол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды.

Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кемде-кем. Жауға қарсы атылған 10 оқтың 9-ы Қазақстанда жасалды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, біздің арамызда асқар таудай болып жүрген ата-апаларымызға басымызды иіп тағзым етеміз. Олардың ерлік істерін ешкім де ешқашанда ұмытпауы тиіс. 2015 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толады. 1941 жылдың 22 маусымында фашисттік Германияның Кеңес Одағына опасыздықпен басып кіргеніне биылғы жылы 70 жыл толмақ. 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған аға-әпкелеріміз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны — ащы шындық. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Мысалы: Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов тағы басқалар.

Осы ретте мен жерлес атамыз Ақкөл ауданы, Қосым (бүгінгі Еңбек) ауылының тумасы, Кеңес Одағының батыры, соғыс ардагері Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов туралы сөз еткім келіп отыр.

Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың өмірі еліміздің жалпы халқы үшін, ел тәуелсіздігін күзетуде күн-түн демей сапта тұрған жауынгерлер мен офицерлері үшін әрдайым үлгі-өнеге. Даңқты қолбасшының, әскери басшының 90 жылдық мерейтолы Ұлы Отан соғысы жеңісінің 70 жылдығымен қатар тойланбақ. Ол ел тарихында «№1-ші Халық Қаһарманы» деген атаққа «Армия генералы» деген жоғарғы әскери шенге ие болды.

Тәуелсіздіктің басты тірегі – ұлттық қауіпсіздік. Ол – мемлекеттік шекараның беріктігі мен қарулы күштеріміздің жеке құрамаларының озық әскери дайындығына тікелей байланысты.

Шекарашылардың Отан шебін қырағы күзетуге, әуе шабуылынан қорғаныс қабілетін арттыруға, қуатты техникалармен жарақтанған сарбаздардың негізгі міндеті етіп, дербес армия құру жөніндегі әрбір ісінде байыптылық пен ұстамдылық таныта білді. Бұрынғы орталықтандырылған жабдықтау жүйесінің бұзылуына байланысты іс жүзінде әскерилерді қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық тұрғыда қамтамасыз етуді қайта ұйымдастыруға тура келді.

Міне атамыздың ерлігін ауыз толтырып айта аламыз. Қазақ жері, қазақ елі үшін қасық қаны қалғанша аянбай еңбек еткен батырымызды ешқашан да ешкім де ұмытпайды. Болашақ ұрпақтарымыз ерлігін мәңгілік айтып жүреді. Сондықтан қазіргі бейбіт жатқан, тәуелсіз мемлекетімізде әрдайым тек тыныштық орнасын деп тілейміз. Ол үшін Қазақстанның әрбір азаматы мен азаматшасы ат салысуы керек. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып бірлік пен татулықта өмір сүрсек бізді жау да, дау да ала алмасы хақ.

Канафина Лаура

воспитатель детского дома № 4
г. Степногорска Акмолинская область

Біздің батырларымыз

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Қанды соғыс 1941 жылы басталып, 1945 жылы аяқталды. Бұл соғыста біздің ата-бабаларымыз жеңіске жеткен еді. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Бейбітшіліктің астында өмір сүріп жатқанымызға жанымен, қанымен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен туған жердің топырағын жауға таптамай, өзінің өмірін біз үшін қиған қарияларымызға алғыс айтуымыз керек деп есептеймін.

Соғысқа біздің батыр қыздарымыз да қатысқан. Олардың бірі – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова. Олардың құрметіне арнап ескерткіштер салынған. 9-мамыр күнін соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл күн барлық халық үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол — өмір заңы. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 жауынгерлеріміз Қазақ Кеңес Одағының Батыр атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова және басқалар. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ардагерлеріміздің жағдайын қамтамасыз ету және оларға көмектесу керек. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата- апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Қазақ елі жасасын!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Каримбаева Салтанат

9 «Ә» сынып, №8 ОМ, Атбасар қ.

Ақмола облысы

Жетекшісі: Уразалинова Светлана Мерекеновна

1941-1945 жылдарағы Ұлы Отан соғысы уақыт жағынан алыстаған сайын біз оның тұрпатына үңіле түсеміз. Алысты биіктен анығырақ көруге болатын сияқты уақыт деңгейінен қарағанда оның өзіндік кескін-келбеті айқындала түсуде. Тарихи тар кезеңнің қасіретін тартпай, тауқыметін көрмей кеткен отбасы жоқ.

Бақытты болашақ үшін от кешкендерді еске түсірмейінше қазіргі өміріміздің қадыр қасиетін түсіне алмаймыз. Тірілерді түгендейміз, өлгендердің рухына бас иеміз. Бәрі де жадымызда, жүрегімізде. Тебіренбей, толқымай еске түсіру мүмкін емес. Әрине, тірілер тіршілікті ойлаймыз. Еңбек етеміз, демаламыз, оқимыз, ойнаймыз, тойлаймыз. Сонымен бірге біздің осы бақытты өміріміз үшін қанын төккен, жанын қиған аталар мен әкелерді, ағалар мен апаларды ардақтап мақтан етеміз. Олар да өмірді сүйеді, бірақ өз өмірінен Отанды қымбат санады.

Ұлы отан соғысында күресті қазақ жері үшін,
Қасық қамын аямастан туған халқы, елі үшін.
Оқ астына көкірек тосып, жауыменен күресіп,
Бүкіл ұлттар басын қосып, күреске шықты бірлесіп,

- деп ақын жырлағандай Отан үшін отқа түсті күйген жоқ, кеудесін отқа тосты, өлген жоқ. Өйткені әр уақытта Отан үшін ерлікті, сұм ажал жеңген емес.

Сондықтан майданнан оралмаған ата, апа, ағаларымыз мәңгі жас күйінде қалды. Қазір біз ешкімді де, еш нәрсені де ұмытқан жоқпыз. Қазақтар, орыс, украин, белорус, өзге де туысқан ұлттардың өкілдерімен қатар майданда өзінің Отан алдындағы ардақты борышын абыроймен атқарды.

Ұлы Отан соғысының сұмдығы мен үрейін біз сияқты жас ұрпақ ардагерлердің әңгімелерінен білеміз. Ұлы жеңіске жол қиын да ұзақ болды және күні – түні еңбектеніп, азаттанып қиялдаған Ұлы жеңістің барлық оқиғаларын айтып өту қиын. Осы соғыс жылдарында қазақ халқының азаматтары атақ-даңқын өшпестей қалып тарих бетінде қалдырды.

Білесің ғой қу соғыстың ызғарын,
Оққа ұшты абайсызда ұлдарың.
Қастерлейді асыл халқым бұл күнде,
Әлия мен Мәншүк сынды қыздарын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қайсар елдің асыл халқым ,не деген,
Арпалыстың « фашист» атты пәлемен.
Бауыржаным батырлығын көрсетті,
Өжет еді Талғат пен Төлеген.

Осы батырларымыз сияқты ел аузында аттары жатталып қалған тандаулы ұлдарымыз бен қыздарымызды қалай мақтаныш етсекте жарасады. Әкелеріміз бен ағаларымыз осынау қан майданға өздерінің жанкештілік қаһармандығымен басқа еуропалық ұлттар алдында өжеттілігімен, қайсарлығымен танылды.

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» - деп, ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, жер әлемді сілкіткен соғыс өртінің жеңісін тұншықтырғанына да 70 жыл толды. Уақыт өткен сайын заман талабы - бейбіт өмір сүру. Ұлы Жеңістің қандай күшпен келгенін ешбір азамат ұмытпай, соғыс тарихын ұрпақтан-ұрпаққа естелік ретінде қалдыратыны сөзсіз. Қазіргі кезде барлық елдерде қай соғысқа да болмасын қарсы шерулер үздіксіз өтіп жатады. Олар Жер-Ананың бауырын өрт шалмауын тілейді. Мен де сол тілекке қосыламын. Ойымды қорыта келе , шығармамды Қонысбай Әбілдінің өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Сабындай көңіл бұзылып,
Түскенмен түрлі ой бүгін.
Жеңістің жетпіс жылдығын,
Мейрамдап жатыр ой-қырын.
Салмағын бір сәт жеңілтіп,
Сұм соғыс салған қайғының.
Жанарымызға жас алып,
Тойлайтын ұлы той бүгін.

Каримова Айгерім

9 А сынып, Березняковка орта мектебі
Зеренді ауданы Ақмола облысы
Жетекшісі: Слам Толхын

Соғыс. Соғыс күйретуші күш! Соғыс деген сөздің өзі де қорқынышты. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылымаусымның 22-де болған еді.Халқымыз адам айтқысыз қиын қыстау кезеңге душар болды.Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.Соғыстың алғашқы күндерінен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бастап –ақ кеңес халқы жан –тәнімен Отаның қорғады. Әбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс басталды. Қанішер неміс басқыншылары мен кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Сұрапыл соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте берді, күте берді. Бұл соғыста миллиондаған адамның қаны төгіліп, адамдардың көздерінен еріксіз жас ағылды.

Біздің ата- бабамыз түрлі қаңқұйлы соғысты басынан өткерді. Солардың бірі Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысы адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Соғыста миллиондаған адамдар қаза тапты. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты — ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді қалады. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ұмытылған жоқ. Бұл сол кездегі халықтың ержүректігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш, әрине “бірлік” қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Соның арқасында олар жеңіске жетті.

Таңның атысынан түннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз, сыннан сүрінбей өтті. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың мәңгі жадында қалмақ.

Дүниежүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктер арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен өмір сүріп мектепте алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз бәрі де - сол Ұлы Отан соғысының жеңісінің жемісі. «Бірінді қазақ, бірінді дос, көрмесен істің бәрі бос»- дегендей кемеңгер Абай атамыз айтпақшы ынтымағы жарасқан елді көргенде, құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиеті борышының бірі - Отан алдындағы парызын өтеу. Кез- келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніміз қолға қару алу емес, өз Отанының білімді, өркениетті, салауатты, перзенті бола алу “Отан үшін отқа түс, күймейсің”- деп Б. Момышұлы ағамыз айтқандай Отан үшін еткен еңбектің ешқашан зая кетпейтіндігі. Жастар өз Отаның нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алады.. Соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кезінде қаншама жастардың өмірлері қиылды. Олар Отан үшін жанын пиде етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен- үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл –шынында да ерлік болатын. Майдан шебінде жанын пиде еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады.

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отаның қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия мен Мәншүк ерлік көрсетті. Туған ел, жер, Отан туралы сөз болған да олардың екі көздері жайнап, жалындап кететін. Қазақтың батыр қыздары кішпейіл, үлкенді аға, кішіні іні деп құрметтеп сыйлайтын. Мәншүк пен Әлия жауды жеңуге лайықты үлес қосып, батырлықпен қаза тапты. Мінеки, бірнеше жылдардан кейін қазақ халқы армандаған жеңіске қол жеткізді. Отанды қорғауға қатысқан барша батыр апаларымызбен, ағаларымыз біздің жүрегімізге мәңгілік өшпес із қалдырды.

Каримова Маржан

9-сынып №7 қазақ орта мектебінің

Атбасар қаласы Ақмола облысы

Жетекшісі: Арикпаева Сандуғаш Өтемісқызы.

Ұлы Жеңіске тағзым

Жер бетіндегі барша адам баласын қатты алаңдатып, өткен ғасырдың ең қайғылы оқиғасы ретінде тарихқа кірген Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толып отыр.

70 жыл. Ұлы Отан соғысының дыбысы басылғанына соншама уақыт өтіпті. Бірақ оның жанға салған жарасы, тәнге түсірген тыртығы әлі де болса толық жазыла қойған жоқ.

«Отан үшін!», Бәрі де жеңіс үшін!» деген айбынды ұрандар аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен апаларымыздың құлағында күні бүгінге дейін жаңғырып тұрғандай. Сондықтан Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, шығармамды халқымыздың бостандығы үшін құрбан болғандарға тағзым, арамызда аман жүрген майдангерлерге қошемет, жеңіске елеулі үлес қосқан еңбек қаһармандарына – күллі аға ұрпаққа арнаған ілтипат белгісі деп қабылдаңыздар.

Соғыс...Бұл жақсы сөз емес, әрине, оны естігенде көз алдына қорқынышты көріністер елестері анық.

Тарих бетіне кері шегініп, көз жүгіртіп көрелік.

Қанқұйлы қырық бірінші жыл. Соғыс басталды. Бейбіт өмір үзілді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тепсе екпіні тау құлатқан,
Алған демі дауылдатқан.
Батыр қазақ, шапшаң баптан,
Аттан, жауға аттан, аттан,

- деп ақын Сәбит Мұқанов жырлағандай, жауға қарсы ұран осындай болды. Халқымыз өзінің ардақтаған өрендерін қару асындырып, жорыққа аттандырды. Бұл соғысқа Қазақстан тоталитарлық Кеңестер Одағының бір бөлігі ретінде қатысты.

Ал тылда қалған қарттар, аналар мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ тынбай жұмыс істеді. Осылай еңкейген кәрі, өрімдей жас, еңбектеген балаға дейін елі, жері, Отаны үшін арпалысты.

Қазақстанда соғыс оты шарпылмаған шаңырақ қалмады. Жүз мыңдаған ата-әкелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде-ақ майданға аттанды.

Москва түбіндегі шайқаста 1941 жылы И.В.Панфилов басқарған 8-гвардиялық дивизиясы ерекше көзге түсті. Оның құрамынан шыққан 28 батырдың, батальон, кейіннен дивизия командирі болған халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының есімі соғыс тарихынан мәңгілік орын алды. Ендеше, мен халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының ерлігіне бас ие, ерекше тоқталғым келеді.

Бауыржан Момышұлының өміріндегі үлкен белес – Ұлы Отан соғысы болды. Атағы әлемге тарап, атақты қолбасшылардың қатарына қосылды.

Белгілі жазушы Александр Бектің «Арпалыс» атты әйгілі кітабының басты кейіпкері болды.

Жасқанбаған жауынан жарақты ер,
Ерлігінді аңыз ғып таратты ел.
Қаһармандық дегенді кейінгі ұрпақ,
Жүздеріңе сендердің қарап білер,

- деп ақын жырлаған жыр шумағы атағы аңызға айналған қазақ халқының аяулы ұлына арналғандай сезімге бөленесің.

Бауыржан Момышұлы өмірбаянын елге таныстырып жатудың қажеті жоқ. Ол жайында роман, повесть, пьеса, өлең, очерк, шығармалар жазылды, кино түсірілді. Аты айдай әлемге жайылып, әдеби кейіпкерге айналды. Қан майданда қаһармандық ерлігімен туған халқының елдік даңқын шығарып, халық батыры дәрежесіне көтерілді. Өткен соғыста бүкіл алаулаған жастық шағын берді. Соғыстан кейін өткен ерліктің ізін суытпай, қағазға қарыштата қалам сілтеді. Жазушы шығармаларының әр бетінен майдан өмірі елес береді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы батырдың «Отан үшін отқа түс – күймейсің», «Опасызда Отан жоқ», «Жауға жаныңды берсең де, сырынды берме» деген мақал-мәтелге айналып кеткен қанатты сөздерін айтсаңызшы! Сол қаһарлы күндерде кейінгі ұрпақтың бақытты болашағы үшін арпалысқан халқымыздың ардақты перзенті Бауыржан Момышұлының «Артымызда Москва», «Бір түннің оқиғасы», «Жауынгердің тұлғасы», «Генерал Панфилов» сияқты әңгіме, повестеріндегі кеңес жауынгерлерінің қайсар да батыл, тапқыр да табанды бейнелері бізді ерлікке жігерлендіріп, жат жерлік басқыншыларға деген өшпенділігімізді өткірлей түседі.

Аты аңызға айналған ұлы тұлға бір сөзінде: «Жеңіске жеткен қуанышқа кенелді, жетпеген арманда кетті. Отан соғысында өлгендерді ұмытпайық. Өзіміз өлгенше олардың аттарын аузымыздан түсірмей, жазғанымызды қағаздан қалдырмай айта берейік. Оларға біздің дұғамыз сол болсын! Өлгенді ардақтай білген ғана тіріні құрметтей алады. Өлгенге бақыт керек емес. Өлінің бақыты тірінің тірлігінде», -деген екен.

Иә, ұлы тұлғаның осындай айтқан өсиет сөзі баршамызға айтылған өсиет сөз деп түсінемін.

Жауынгер жазушының кітаптары – от кешкен майдангерлердің тарихы.

Келешек ұрпақ құмарлана оқып, қастерлеп қасиет тұтары сөзсіз. Өйткені бұл жүрек қанымен, оқтың жарқылымен жазылған майдан күндерінің мызғымас ескерткіші.

Халқын сүйген батыр атаның бүкіл жастық шағын өткен соғысқа бергені, қатерлі сындарда ажалға қасқая қарап, азапқа толы ауыртпалықты арқалап шыққаны, емендей берік болып, туған жерге оралуы қандай бақыт десеңізші! Иә, батыр жауынгер, жазушы атамыз туралы көп жазып, толғануға болады.

Бауыржан Момышұлының бізге үлгі боларлық ерлік істері, соғыс жылдарын паш ететін көркем туындылары Отанын, елін, жерін сүйетін нағыз жалынды патриот болуға баулиды.

Иә, ақын жырлағандай, сұрапыл соғыстан оралған майдангер қариялардың қатары жыл өткен сайын азайып барады.

Майдан даласында қар жастанып, мұз төсенген аға ұрпақтар өкілдеріне Елбасының құрметі ерекше. Елбасының тапсырумен қазіргі таңда барынша қамқорлықтар көрсетілуде, барлық жағдайлар жасалуда.

Биыл, 2015 жылы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы тойланады. Бұл сол кездегі жандардың жаулармен шайқасып, болашақ ұрпақ үшін өмірлерін берген қасиетті Жеңісі ғой. Соғыс өрті енді тұтана көрмесін дегім келеді.

Туған елдің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін жанын қиған майдангерлерді мәңгі есте сақтап, қан майданнан аман оралған қарияларымыз алдында бас иіп, Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен тылдағы ауыр күндердегі адал еңбек пен төккен терілері үшін, қиындыққа мойымай, қаһармандықтың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ғажайып үлгісін көрсеткен еңбек ардагерлеріне тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде бас иіп, алғысымды осы баспасөз беті арқылы жеткізгім келді.

Жеңіс күні жақындаған сайын, майдангер қарияларымыздың қатары сиремей, осы бір қасиетті күнді көрсе екен деймін, өйткені олар мадақтауға, марапаттауға лайық жандар. Сол жеңістің арқасында біз тәуелсіздік алдық. Біз бүгінгі бейбіт өміріміз үшін соғыс ардагерлерін үнемі ардақтауымыз керек және ол ұрпақ жалғасының парызы.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құтты болсын!
Жеңіс тойы – халықтың ортақ жеңісі.

Касенова Гульсум
9-сынып Ақмола облысы
Ақкөл ауданы Урюпинка ауылы Жетекшісі:
Анелова Шынар Нөкешқызы.

Енді ешқашан соғыс болмасыншы!

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды, Жеңіс күні — бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл — бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні — абыройымыз бен дыңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оңын ішінде 96 қазақ Кенес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда өз бауырына аналық мейірімімен тартушы,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Біз соғысты көрмеген ұрпақпыз. Алайда, соғыстың халыққа қасірет, қайғы әкелетінін жақсы түсінеміз. Соғыс ардагерлерімен болған кездесулерде қатты тебіренеміз, олардың ерлігіне бас иеміз.

Олар кімдер? Олар де ет пен сүйектен жаралған қарапайым адамдар. Олар алдарына үлкен мақсат қойып, бейбіт өмірді бастан кешті. Жалындаған жастық кезеңін кенеттен от шарпыды. Амалсыздан қолына суық қару алып, ел-жұртын фашизмнің қанды шеңгелінен қорғауға аттанды.

Соғыста теңдесі жоқ ерлік көрсетіп, қанқұйлы жауды ойсырата жеңді. Олардың әрқайсысы батыр деп аталуға лайықты.

Батыр дегеніміз — ел басына күн туған шақта ел-жұртын жанын аямай қорғай білу. Қазақ халқы-ежелден батыр халық. Бұған сан ғасырлық тарихымыз, батырлық дастандарымыз айғақ. Сол шайқастарда талай боздақтарымыз қыршынынан қиылды, елінің болашағы үшін жанын пидә етті. Сол ерлікті ұмытуға бола ма?

Қазір сол Жеңістің өзіне күмәнмен қарайтын адамдар аз емес. Ол соғыс адамзатты фашизмнен азат етті. Ол Жеңіс болмаса, қазіргі әлем мүлде басқа күйге түсер еді. Демек, оны ұмыту — ата-бабаларымыздың ерлігін, төгілген тер мен ағылған қанды ұмыту. Ол соғысқа қандай баға берілсе де, ол біздің де тарихымыз, жүріп өткен жолымыз. Ал тарихты ұмытқан бораған тасқа тап болары сөзсіз.

Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Мына хабар өзіме ерекше әсер етті...

Кейуана соғыс кезіндегі сарғайған фотоларға көзінің жасын тамыза отырып, майданда қан кешкен жолдасы үшін нәпақасын ала алмай жүргеніне налиды. Сөйтсе, бар себеп- жауынгерлердің соғыста жарақат алмауы екен. Осы әділдік пе? Қазақ: «Қырық жыл қырғын болса да, ажалсыз өлмейді» деген ғой.

Соғысқа қатысқан әрбір жауынгер құрметтеуге лайық. Біз, жас ұрпақ, сол ата-бабаларымыздың ерлігін қастерлеп, өзімізге әрқашан үлгі етуіміз қажет. Соғыстың бетін аулақ қылсын.

Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарамыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың туын жақпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн-Жеңіс күн.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, кей бір жастар ұмытса да, тарих ұмытпайды.

Ол — өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш — Әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Қазір сол жеңістің арқасын да, Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

9-мамыр — бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз — бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кем де кем қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз-болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктеріне үлкен бағаға ие болуы керек деп ойлаймын. Өйткені «Атаға қарап ұл өсер» дегендей жас ұрпақ аға буынға қарап сап түзейді емес пе? Бүгінгі күннің жас ұрпағы атынан менің ұсынысым ел ағалары ол ерлікті бағалап ел тарихында елеулі орын алуына, «Халық қаһармандарының» қатарына енуіне септігін тигізсе ата-бабамыздың аруағы бір аунап қалар ма еді?!

Қабдрашов Жандос

9-сынып. Үсенов атындағы Сабынды орта мектебі

Қорғалжын ауданы Ақмола облысы

Жетекшісі: Өмірзақова Рысты Мәжитқызы

Ұлы Жеңіс – ел есінде

Өлім құшып, сұм соғысты құрықтаған,
Ел-жұртың жеңісінді ұлықтаған.
Ардагерлер өмірден азайса да,
Жас ұрпақ ерлігінді ұмытпаған.

Бұл мың тоғыз жүз қырық бірінші жыл. Фашистік Германияның Кеңес Одағына бағытталған соғысы. Шақыртусыз келген қонақ тұтқиылдан келді де соғысты бастап кетті. Тосын жаңалық байтақ қазақ даласына тез тарады да,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халық тағы бір ауыр тауқыметтің боларына қайғырды. Майдан даласына Қазақстаннан бірнеше мыңдаған ер-азаматтар алынып жатты. Біреудің туған баласы, біреудің жары, біреудің әкесі. Тіпті кәмелет жасқа толмаған талай жас соғыс шырмауында қалып кетті. Отбасын асырап отырған тіреулері, серіктері майданға кеткенде бала-шаға, әйелдер мен кемпір-шалдар қалып, тілеулерін тіледі. Айлар өтіп жатты. Майдандағылардан екі түрлі хат жолданатын. Бірі – «Мен аман-саумын» деген сәлем хат та, ал екіншісі – «қаза тапты» деген қаралы қағаз.

Қайран қазақ не көрмеді дейсің, басынан не кешпеді дейсің?... Ол жақта соғыс болса, бұ жақта да соғыс деген ұранмен халық болып бірігіп, майдан даласына көмек көрсетті. Сол кездің адамдарын айтам, шіркін, қандай мықты десеңші?! Күн ұзақ жұмыс істейді, таңертең кеткеннен кешке келеді. Күніне бір үзім нан жеп, бір ұрттам сусынын ішіп, шыдап жүре береді. Ата-әжелеріміздің әңгімелерін тыңдап отырып, еріксіз қазіргі өміріңе шүкірлік қыласың.

Бала кезімде қазақ солдаттары Мәскеу, Ленинград, Сталинград түбіндегі шайқастарда ерлікпен көзге түсті дегенді оқығанда, неге осы өзге ел үшін біз соғысуымыз керек, неге қазақ батырлары Ресей қалалары үшін соғысып жүрген деп ойлап, іштей қынжылатынымын. Өсе келе түсінеді екенсің. Кеңес Одағына мүше елдердің азаматтарының Отаны тек біреу, ол – Кеңес Одағы еді. Міне, сондықтан да бір жұдырық боп жұмылып, жау әскеріне тойтарыс беру арқылы барлық мүмкін болған жерді қорғап қалу екен бар мақсаттары.

Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы, ұшқыш Талғат Бигелдинов, партизан Қасым Қайсенов, қос аруымыз, пулеметші қыздарымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова, ақын Қасым Аманжолұлы сияқты батыр аталарымыз бен әжелерімізкейінгі ұрпаққа ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Елім, жерім деп қасық қаны қалғанша, ақтық демі таусылғанша, шыбын жанын пидә етіп, болашақ ұрпақ үшін соғысып өтті.

2015 жыл ТМД бойынша ардагерлер жылы болып есептеледі. Осыған орай Елбасымыз да еліміздегі ардагерлерді медальдармен марапаттап, сыйлықтармен қуантты. Еуропаның әр елінде болып, барлық Еуропаны Гитлердің тұзағынан азат еткен ардагерлеріміздің қатары жыл санап азайып бара жатса да, оларға деген халықтың махаббаты еш уақытта өшпейді.

Ұлы Отан соғысының аяқталып, ақ түйенің қарны жарылған күн – тоғызыншы мамыр ерекше күн. Бір ғасырға созылғандай сұм соғыс төрт жылда-ақ тоқтатылды. Төрт жыл деген өте аз мерзім сияқты болып көрінгенімен, әрбір қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Бұл күнді біреу қуанып қарсы алса, біреулер үшін ескіні еске түсіретіндей қиын күн. Сол Ұлы Отан соғысын жеңгеннен кейін көптен күткен Тәуелсіздігімізге де бір табан жақындай түстік деп айтуға болады. Бұл қасіретті де жеңе білген халқымыз ерте ме кеш пе әйтеуір, бір күні нұрлы күн туарына сенді. Ақыры 1991 жылы еліміз егемендігін алып, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болып сайланды. Осы бір айтулы күнді қайсар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қазақ қаншама ғасырлар бойы күтті. Міне, сол жылдардан бері еліміз жер жүзіне танылып, талай асуды аттап, талай белесті басып, көк туымыз талай елдің көгіне көтеріліп, талай елде әнұранымыздың шырқалғаны қазақ халқының басына қонған бағы деп білем. Күніміз бейбіт, аспанымыз ашық, халық тыныш. Ата-аналарымыз бен ата-әжелеріміз ендігі уақытта соғыстың болмауын тілеп, бата қайтарғанда, мен де «Әумин» деп алақаныммен бетімді сипаймын. Осындай қиыншылықпен келген Ұлы Жеңісті қадірлей білейік, Ұлы халқым!!!

Шығарманың соңын бірер шумақ жүректен шыққан өлеңіммен қорытындыласам деп едім:

Бейбіт елміз, аспанда күн күледі,
Батырлардың арқасы ғой бір білерім.
Соғысты олар, шықсын деп жас ұрпақтың,
Тап-таза сыңғырлаған күлкілері.
Қуаныштан көңілде күй тұнады,
Батырларым елімнің бойтұмары.
Соғысты олар, болсын деп жас ұрпақтың,
Әр түн сайын тып-тыныш ұйқылары.
Көздеріне жас алып қыранданған,
Тек қана алға деген ұранды алған.
Уа, қазағым, алдағы уақыттарда,
Көз жасың төгілгей тек қуанғаннан.
Ерен елім батырларды ән қылып,
Тұрар ғасыр-ғасырларға жаңғырып.
Өркенді елге бұл бір кие, қасиет,
Қазақ үшін қалыптасқан тән қылық.
Әр кездерде көк туымыз желбіреп,
Қазақстан жасай берсін мәңгілік!

Қайролла Арайлым

7 сынып, Бестөбе кенті №1 орта мектебі
Степногорск қаласы Ақмола облысы
Жетекші: Құсайынова Айымгүл Еркінқызы

Мәңгілік өшпес отты жылдар

Ұлы Отан соғысы уақыт жағынан алыстаған сайын біз, бүгінгі ұрпақ, оның тұрпатына үңіле түсеміз. Алысты биіктен көруге болатыны сияқты, уақыт деңгейінен қарағанда өзіндік кескін –келбеті айқындала түседі. Қатал да қаһарлы, қайғылы да қатерлі кезең қасқайып көзге елестейді. Осынау тарихи тар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кезеңнің тақсиретін тартпай, тауқыметін көрмей туған баланың өзі немерелі болды. Сол кездегі жас келіншек шөбере сүйіп, үлкен әже атанды.

Тек майданнан оралмағандар ғана жас күйінде қалды...

Иә, бәрі де халықтың есінде. Бақытты болашақ үшін от кешкендерді еске түсірмейінше қазіргі өміріміздің қадір-қасиетін терең түсіне алмаймыз. Біз ешкімді де, еш нәрсені де ұмытқан жоқпыз. Тірілерді түгендейміз, өлгендердің рухына бас иеміз.

Өмір мен өлімнің арпалысы болған сол 4 жыл. 1941-1945 жылдардағы соғыстың ерлікке толы қаһарман жылдары барған сайын бізден алыстап тарихқа кетіп барады. Бірақ сол бір естен кетпес жылдар бізден неғұрлым алыстаған сайын, соғыс салған жара неғұрлым жазылған сайын Кеңес халқының ғажайып ерлігі соғырлым ұлы болып көрінеді. Халықты езіп-жаншудан өз қанын төгуден аман сақтап қалғандарды адамзат баласы ешқашан ұмытпайды деп ойлаймын, себебі соғыс жалыны басылғанына 69 жыл өтсе де оның өртінің лебі әлі сезіледі. Бұл соғыстағы жеңіс ең алдымен адамзат баласына бейбітшіліктің бағасын ұқтырды. Қасіретті жылдар бізден алыстаған сайын қан майданға қатысып қанын төккен аяулы аталарымыздың есімдері тарих төрінде айшықтала түсуде. Бізге, жас ұрпаққа, соншалықты қымбатқа түскен жеңістің қадірін ұғындырды.

Екінші Дүниежүзілік соғыс — адам баласының тарихындағы ең жойқын соғыстардың бірі болғанын тарихты оқи отырып білдік. Сол сұрапыл соғыстың көп тауқыметін кеңес халқы көріпті. Қазақ жерінде соғыс болмаса да, өзіндік ізін қалдырыпты. Соғыс жалыны шарпымаған бірде —бір отбасы жоқ десек, қателеспейтін шығармын, себебі әр отбасынан бірі әкесін, енді бірі іні-ағаларын, әпкелерін, туыс —туғандарын жоғалтқаны белгілі. Бұл кесепат менің атам мен әжемнің үйін де айналып өткен жоқ. Ұлы атам Ермұқан мен әжем Нәй соғыс жылдарында тылда ерінбей еңбек етіп, жаумен айқасып жатқан жауынгерлерге өзіндік көмектерін берді. Зейнолла атам болса, әкесінен ерте қалып, балалық шағынан бастап анасымен бірге егін алқабында жұмыс жасағанын, қандай қиыншылықпен нан тапқандарын үнемі бізге әңгіме етіп айтып отыратын. Сонда мен өзімді бақытты санаймын, себебі менің атам, әжем сол сұрапыл соғысқа өз үлестерін қосып, бүгінгі таңда менің бақытты өмір сүруіме жол ашты.

Жеңіс біздің талай адамның өмірін жалмап, қымбатқа түсті. Жау жүздеген қалаларымызды, мыңдаған селоларымызды қиратып, мыңдаған халықтың көзін жойды. Бұл соғыс әке мен ананы баладан, ағаны ініден, жас жарды жұбайынан, жас баланы әкеден айырды. Тек кеңес халықтарының нығайған достығы; адамдардың Отан үшін оттан да, судан да, керек десе ажалдан да тайсалмайтын құрыш болаттай табандылығы; тыл мен майданның бір ниеттестілігі төрт жыл қан сорғалаған майданда да, тер сорғалаған тылда да сыннан өтті.

Сонау ата-бабаларымыз аңсаған бостандық, тыныш өмір үшін аталарымыз «жаным — арымның садағасы», -деп түнерген қауіпті жұмыла отырып, ерлік көрсеткеніне дос та, дұшпан да куә ененін тарихты парақтай отырып білдім. Міне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

, алдағы 2015 жылдың мамыр айында тәуелсіз еліміздің халқы Жеңістің 70 жылдығын тойламақшы. Жеңіс... Иә, оны сан миллиондаған адамдар 4 жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күткенін білеміз. Ақыры олардың сенімі мен үміті ақталды, тілектері орындалды. Бірақ сол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында талай миллиондаған асыл азаматтар өз өмірлерін қиғанын бүгінгі ұрпақ біледі. Жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсеткені тарихтан белгілі. Мен Ұлы Отан соғысы жайындағы деректерді оқи отырып, қазақтың батыр қыздары Әлия мен Мәншүктің, Бауыржандай атамыздың, Қасым Қайсеновтай партизан ағамыздың, Төлегендей барлаушымыздың, Нүркен, Талғат сияқты ұшқыш ағаларымыздың тағы да басқа қазақ жерінің ұл-қыздарының бүгінгі жас ұрпақ үшін олардың жасаған ерліктері аңызға айналып ғана қоймай, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық тұлғалар екенін жасыра алмаймын. Әр кезеңнің өз батыры болса да, осы соғыста ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгерлері мен батырларын біз сияқты жас буын өкілдері әрқашан жадыларында сақтап, қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батырлардың рухына мәңгілік тағзым етеді деген ойдамын., себебі бұл соғыстың құны қымбат екенін мына өлең шумақтарынан білуімізге болады:

Соғыстың құны-кесілген білек,
Соғыстың құны-тесілген жүрек.
Соғыстың құны-лаулаған орман,
Соғыстың құны-уланған арман.
Соғыстың құны –өртенген аспан,
Соғыстың құны-төгілген жас қан.

Ия, осы сияқты өлең шумақтарын ақындарымыздың шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Қай өлеңді оқысам да, айтар ой бір : мәңгілік өшпес отты жылдардағы жауынгерлердің ерлігін, ел үшін жанын қиған батырдың Отан үшін от кешкенін, сонымен қатар жеңістің оңайлықпен келмегенін жырлайды. Баубек Бұлқышев, Мәлік Ғабдуллин, Әбу Сарсенбаев, Қасым Қайсенов, Қасым Аманжоловтың, әрине, Бауыржан Момышұлының шығармаларын оқысақ, осы соғыстың ауыртпашылығы мен соны жеңу үшін арпалысқан жауынгер ерліктері баяндалады. Осы ақын-жазушыларымыз сонау қан майданда оқ пен оттың арасында жүріп, өздерінің отансүйгіш екендерін, елі үшін туып, елі үшін бәріне дайын екендерін дәлелдеп ғана қоймай, олардың шығармалары сұрапыл соғыста жүрген әр жауынгер бойына сенім ұялатқанын, рухтандырғанын, жігерлендіріп, алға ұмтылдырғанын байқауға болады. «Тек қана майдан үшін, тек қана жеңіс үшін» деген ұранды алға ұстап, Отан үшін бастарын өлімге тіккенін айтпасқа болмайды. Майдан жырлары сұрапыл соғыстың шындығы екені белгілі. Ол – от оранған солдаттың жүрек лүпілі, жан дірілі. Өйткені ол

жырлардың қалқасында елін сүйген азаматтың ерлік бейнесі тұрғаны белгілі. Олардың жүрегінің қалауы бір ғана сөз еді. Ол-жеңіс.

Жеңіс! Бұл күн — сол бір күнде қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні. Сонымен қатар бұл күн-әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Осы соғыс жылдары ерлігі үшін орден және медалдармен наградталғандардың ішінде: 96 мың 938 қазақ жауынгерлері болыпты. Шынымен де, Отан үшін от кешіп, ерлікпен қаза тапқан аталарымыздың рухына бүгінгі ұрпақ тағзым етеді.

Қазақ халқы дана халық екені белгілі. Қазақтың мақал-мәтелдері мен даналық сөздерінің бір бөлігі ерлік, батырлыққа арналған. Соларды жаттай отырып, ерлікке қашан да орын бар екенін аңғаруға болады. «Жанбыр жауса-жер ырысы, батыр туса-ел ырысы», «Ер жігіт елі үшін туып, елі үшін өледі», «Ел қадірін ер біледі, ер қадірін ел біледі» демекші, сұм соғыста қаза тапқан аталарымыз бен ерлеріміздің есімі ел есінде сақталады. Кір жуып, кіндік қаны тамған жері үшін аялап әлпештеп өсірген елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен, ер азаматтарға бас исек, олардың есімдерін алтын әріппен тарихқа ойып жазсақ артық болмайды, өйткені соғысқа қатысқан әр жауынгер бүгінгі жас сәбидің тыныш ұйықтауына ат салысты. Осындай қаһарман халықтың ұрпағы болғанымна ризамын.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ соғыс ардагерлерінің естеліктерін тыңдасақ, теледидар беттерінен көрсетіліп жүрген киноларды, деректі фильмдерді көрсек, тарих беттерін парақтасақ, бұл соғыстың не екенін түйсініп, жанымыз түршігеді. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, бүгінгі оқушы үшін де ерліктің мектебі болды. Мен осы шығарманы жаза отырып, бұл соғыстың қадір-қасиетін түсіндім. Бүгінде мен күнделікті жаңалықтарды тыңдап отырсам, айналамызда неше түрлі қырғын соғыстар, дүмпулер, халықтың наразылықтары болып жатқанын естимін. Алыс –жақын шет елдердегі болып жатқан қырғындардың бәрін көріп, жаным түршігеді. Украинада болып жатқан дүмпу көп адамға ой салары анық. Кей кездері сәл нәрсе үшін көңілдері толмай, наразылықтарын білдіріп жатқандарды естісем, сонау Ұлы Отан соғысы есіме түседі. Бейбіт заманда өмір сүріп жатсақ та, кейбір адамдардың сол тыныштықты бұзып, қара басының қамы үшін жан түршігер істер жасап жатқанын байқауға болады. Осындай жандарды бейбіт өмірдің шырқын бұзғаны үшін жазаласа деп ойлаймын. Бұл менің ішкі ойым. Бұған біреулер қосылар, біреулер қосылмас. ..

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, бүгінгідей бейбіт заманда өмір сүріп жатқан замандастарыма тілерім,аспанымыз ашық, еліміз тыныштықта өмір сүрсін. Бүгінде Қазақстанды әлем тануда. Жаңа дүние, жаңа қоғамға бет бұрдық. Елбасымыз Нұрағаның нұрлы жолымен болашаққа нық басайық.Өмірге келетін сәбилеріміздің ұйқысы тыныш болып, ата-анамыздың сенімдерін ақтап, Отан алдындағы борышымызды өтеп, саналы ұл мен қыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болып өсіп, еліміздің іргетасының нығаюына өз үлесімізді қоссақ дұрыс болар. Сөз соңында, мәңгілік өшпес отты жылдарда шайқасқан жауынгер аталарымыз бен апаларымызға мың тағзым етіп, басымызды иіп:

Жеңіс күні сыр ашып, сырды ақтардым,
Соғыс көптің байлады ғой бақтарын.
Бүгінгі бақыт үшін жанын қиған
Рухына бас ием боздақтардың!

- дей келе, ардагерлеріміздің ғұмырлары ұзақ болғай дегім келеді.

Қаржауова Гаухар
9-сынып, №19 орта мектеп
Көкшетау қаласы Ақмола облысы Жетекші:
Мұқанов Ерболат Қайырболдыұлы

Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес

Біздің үрейді жеңетін ең күшті
қаруымыз бар, ол –
Отанға деген сүйіспеншілік
Бауыржан Момышұлы

Біз соғысты көрген жоқпыз. Біз - бейбіт елдің ұланымыз. Бірақ, адамзат жүрегіне айықпас жара салған Екінші Дүниежүзілік соғыстың жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлматын, сол зұлматтың қаһарына қарсы тұрған қаһарман халқымның ерлігін ұмытпау - біздің борышымыз.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған.

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар,

- деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара жетпіс жыл өтсе де әлі жазыла қойған жоқ.

«Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер», - дегендей, елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын нағыз тарихи аласапыран кезеңде, парасаттылық, адалдық, жүрек пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді биік ұстап өткен қазақ халқы да ел басына

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күн туған қасіретті шақта Отанды қорғауға аттанды. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыздың қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер аталарымыз, ағаларымыз бен апаларымыз Отан үшін жанын пидә етті десеңші!

Балам, сенің бұл халқың - батыр халық,
Батырлығын жауына татырды анық,

- деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді. Дүниені дүр сілкіндірген осы алапат соғыста қазақтың 497 азаматы Кеңес Одағының Батыры атағын алды, тарихта өшпестей із қалдырды. «Ел шетіне жау тиді» дегенді естігенде Қабанбай, Бөгенбай, Амангелді батырлардың ұрпақтары қолдарына қару алып, бір кісідей кеуделерін оққа тосуға әзір екендіктерін білдірді, елі үшін өлуге, елін қорғауға ант берді.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыны ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды...

Бресттен Берлинге дейін ерен ерлік үлгісін танытқан қаһарман халқымыз, Ұлы Отан соғысының тарихына мәңгі өшпейтін ерлік беттерін жазып қалдырған,

Алматыда жасақталған генерал-майор И.Панфилов атындағы сегізінші қазақстандық гвардияшы атқыштар дивизиясының ерлігін, «Біз-кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол - Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының, «Өмір сүргім келеді» деп шырылдаған небәрі жиырма сегіз жастағы жауынгер, жалынды публицист Баубек Бұлқышевтың керемет батырлығын, Николай Гастеллоның ерлігін қайталаған Нүркен Әбдіров, Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағамбетовтың, жау “жолбарысына” қас қақпай қарсы шауып, гранатамен қоса жарылған Қарсыбай Сыпатаевтың, Рейхстагтың күмбезіне жеңіс туын тігуге қатысқан, алқызыл туды биікке көтеріп, алғаш болып жеңіс дабылын қаққандардың қатарында қазақ Рахымжан Қошқарбаевтың есімдерін мақтанышпен атаймыз. Кеңес Одағының Батыры атағын екі реттен алған, даңқты сұңқарларымыз Талғат Бигелдиновтің, Сергей Луганскийдің, Леонид Беданың және Иван Павловтың ерліктері халқымыздың мәңгі есінде. Белорусс, Украин

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ормандарындапартизандық ұрыс салған Әди Шәріповтың, Қасым Қайсеновтың ерліктері, шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім.

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,
Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін.
Түр білек, түс еңбекке ту астында
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін,

- деп халық ақыны Нұрпейіс Байғанин елді майдан үшін еңбек етуге үндегендей, тылдағы жұмысшылар адам айтқысыз жетістіктерге қол жеткізген. Кенді Алтай өнімдері, Шымкент қорғасыны, Балқаш мысы, Ақтөбе ферроқорытпалары, Қарағанды көмірі, Ембі мұнайы - осылардың бәрі майдан қажеті үшін жөнелтіліп жатты.

Осындай сұрапыл жылдарда да қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтпай, Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да одақтас республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер, Жеңіске жетуіміздің бірден-бір себепшісі.

Жеңіс күні – бірлігі мен ынтымақтастығы жарасқан халықтың жеңісін әлемге паш еткен күн. Ерлігі мен өрлігі асқан халықтың қаһармандығын паш еткен күн. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің бірі болып, ең бастысы, еліміздің бейбіт те пен ынтымақты өмір сүріп, күннен-күнге гүлденіп, көркейіп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды саясатының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында екендігі анық.

Мәңгілік Ел идеясын ту қылып ұстаған елім, Нұрлы жолымен күннен-күнге асқақтап келеді.

Біз, ХХІ ғасыр ұрпағымыз, біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ сол соғыста ерен ерлік пен өрліктің асқақ үлгісі болған аталарымыз, ағаларымыз бен апаларымыздың ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз!

Жеңіс туы желбіреген,
Жеңіс күні келді, міне.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ерліктерін ерлерімнің,
Еске алып гүлге бөле.

Мейрам Жанар

11 –сынып , Новоселовка орта мектебі
Ақмола облысы Шортанды ауданы
Жетекші: Матан Зоя

Отан үшін, отқа түс күймейсін
Б.Момышұлы

Иә, осы нақыл сөзде айтып тұрғандай әр адам Отан үшін жанын қиып, елін қорғап, отқа түссе де күймейтінін айтады Сол соғыс жылдарын ойласақ, жаның түршігеді.

Соғыс туралы айтсақ, Кеңес Одағының тарихында Ұлы Отан соғысы ерекше есте қалды.Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды.Барлық соғысқа қатысқан жау жүрек батырларымыз Отан анасын қорғауға ат салысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында дүние салды. Біз соғыс туралы тек аталарымыздан естіп, кинодан көрген болатынбыз.Ұлы Отан соғысы кезінде бала-шаға, үйде қалған аналар барлығы бір Отан үшін, елі үшін жауынгерлердің амандығын күтіп, жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей бірлесіп жасап, тылда еңбек етіп, өздерін көрсете білді. Менің ойымша тыл еңбеккерлерінің адал еңбектері майдан үшін қосқан үлесі деп ойлаймын.

Ұлы Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы жайлы қаншама шығармалар жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақыттан нүкте қойылған жоқ. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Атап айтатын болсақ, М.Мәметова, Ә.Молдағалиева, Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Ә.Сәрсенбаев, Қасым Аманжолов т.б ата-әпкелеріміз қан майданда шайқасқан болатын. Осы айтылған жауынгерлерімізді Отан үшін отқа түскен батырларымызды еске алып отыру біздің міндетіміз деп ойлаймыз.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктер бүгінгі ұрпақ бізге үлкен өнеге. Отансүйгіштік қасиет әр кезде де қастерлеуге, құрметтеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болып саналады. Жаңа ғана өзім айтқандай, тек майданда ұрыс көрсеткен жауынгерлердің ғана ерлігі емес, тылда еңбек істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық деп есептеймін. Себебі, олар кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірге қиыншылық көріп, бірдей азап шекті. Ашаршылықпен қатар ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жақындатуға үлес қосты. Таңның атысымен күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер төнген кезде біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Отанымыз үшін от кешкен отандастарымыз өшпес із қалдырып, ерлік көрсете білді. Бұл оқиға тарихта алтын әріппен жазылып, ерекше есте қалады. Өзіміздің атақты жазушыларымыз майданға бармаса да, жүрек жарды өлеңдерін жазып жауынгерді рухтандырды. Мысалға айта кетсек: атақты жыршы, жырау, «XIX ғасырдың Гомері» атанған Жамбыл атамыз «Ленинградтық өренім» атты өлеңін жазды. Соғыс кезінде көшелерге іліп қойды. Ол өлең солдаттарды жігерлендірді. Ленинградты қорғаушыларға зор қуат беріп, орталық газеттерде басылып жатты. Майдандағы әскерлер де, тылдағы жұмысшылар да, аналар мен қарт әжелер де тіпті жас балалар да Жамбыл өлеңін сүйсініп оқыды. Арыстандай айбатты жауынгерлер ақынның жалынды сөздерінен керемет рухтанып, мыңдаған адамдар көздеріне жас алып, тебірене оқыды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзені сүйкімді,
Бұлағындай көремін,

- деп басталатын толғауы қалада, радиода беріліп, әр алаңда плакат ретінде жазылып ілінді.

Ақын Жамбыл бұл өлеңінде әскердің қаһармандығын жауға деген өшпенділігін айтады. Ақын: «Жата алмаймын төсекте жаным қалай жайланады» - деп, өзі олармен бірге санайтынын білдіреді.

Көңілге көп тоқыған,
Кәрі—құртаң ашынды.
Қара қағаз оқудан,
Сауатымыз ашылды,

- деп Қадір Мырза Әли жырлағандай Ұлы Отан соғысы ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгерді, талай жанның өмірін үзді. Ал енді бүгінгі күні жыл сайын 9 мамыр «Жеңіс» күні тойланады. Біреулері үшін мереке болса, енді біреулері үшін қасірет күн депесептеледі. Бұл күні қаншама боздақтар қан майданда дүние салды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерінің көз жасы сорғалағай жүріп төзімділікпен күткен аналар мен қыз балалар тойлайды. Осы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін еңбек еткен өмірін жан пидә еткен, туған-туыстарына, жақын-жарандарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске аламыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыстың соңғы көктемі
Көп болды нұрын төккелі.
Жап-жасыл анау аспан да,
Аспан да, сірә, көктеді,

- деп Мұқағали ақын Жеңіс күнінің соңғы көктемі туралы осылай жырлады. Айта берсең өлең-жырлар өте көп.

Ұлы Отан соғысына біздің Новоселовка аулынан көптеген майдангерлер барды. Соның бірі - Катеренов Кенжебай атамыз. Ол кісі осы ауылдың тумасы. Қазіргі кезде жары, балалары осы ауылда тұрады. Мен өз ауылымнан осындай соғыс ардагері барына өте қуаныштымын. Біз Жеңіс күні ауылымыздан соғысқа қатысқан ардагер аталарымызды еске аламыз. Атамызға көптеген сыйлықтар берілді. Меніңше, біз ешқашанда аталарымздың ерлік жасаған істерін ұмытпағанымыз жөн.

Ұлы Отан соғысы тарихы тұрғыдан алғанда, көптеген шығармалар жазылып жатса да, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес және артық та болмайды. Ерлікпен шайқасқан адамдырдың лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалып қойып жатқандар бар болса да, қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғаларымыз да аз емес. Барлық жауынгерлеріміз мен ардагерлеріміз батырларымыз туралы айтсақ өте көп. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Қорытындылай келгенде, соғыс отбасының басына қайғы-қасірет алып келді. Тіпті, кішкентай кінәсіз бүлдіршіндердің де өміріне зауалын тигізбей қойған жоқ. Қаншама ата-ана балаларынан, қыз-келіншектер сүйгендерінен айырылса, сәбилер жетімдіктің дәмін ерте кезінен татты. Бұл ащы болса шындық. Бейбіт өмір кешіп келе жатқан халықтың бір-ақ күнде ойраны шықты. Қаншама аға-апаларымыз бейбіт болашақты орнату үшін тәуекелге бел буып, соғыс алаңына шықты. Олар туған жері, елі, келешек ұрпағы үшін өз өмірлерін қиюға да барды. Майдан кешіп, қайсарлықтарымен, жігерлерімен арандай аузын ашып, қойдай шұбырып, жауға қарсы шауып, денесін оқ паршасын шығарса да шыдап, жеңіске ұмтыла білді.

Иә, осылай көп жылдар аңсаған армандары ақиқатқа айналып, Жеңіс туы аспанда желбіреп, барша жұртты бейбіт өмірге қадам басты. «Жеңіс» деген сөз барша адамның жүрегінде жылы сезім, болашаққа деген сенім ұялатты. Соғыссыз күн кешіп келе жатқанымызға биыл 70 жыл толып отыр. Өкінішке орай көптеген жерлестеріміз кемтар болып, балалары туғанынан жетімдіктің ащы дәмін татып жатты. Құдайға шүкір, біз еліміздің жас ұландары соғыс зардабын тартқан жоқпыз. Бұның барлығы батыр да батыл ағаларымыз бен апаларымыздың еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерінің, көрсеткен қаһармандарымыздың арқасы. Біз бейбіт өмірдің куәгерлері болғанымызға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қатты қуанамыз. Енді ешқашанда майдангер ерлігі мен жеңісті тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектерімен келген ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың суыққа төзіп, күннің ыстығына шыдап, байтақ жерімізді бүгінгі күнде дүние жүзіне танытып, әлем мойындатқан мемлекет болып қалыптасуына қосқан жетістігі деп есептеймін. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз — болашақ ұрпақты Отан сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуымыздың өзі –Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың адал да ұтымды идеясы, үлкен парасаттық пайымы мен биік талғамының арқасында. Сондықтан да біз, ХІХ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз! Мен үшін соғысқа кеткен әр адам жау жүрек батыр, олар өлімнен де қорықпай, бар жігерін салған Отан үшін отқа түскен азаматтар деп ойлаймын. Елімде, жерімізде көк байрағымыз аспанда желбіріп, әніміз қалыптап, бейбітшілік жасасын! Шығармамды мына өлең жолымен аяқтағым келеді:

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

Мұрат Айдана

9«А» сынып, М. Ғабдуллин атындағы
№3 мектеп-гимназия

Көкшетау қаласы Ақмола облысы
Жетекші: Қарасартова Шаттық Қаналбековна

Ел үмітін ер ақтар,
Ер атағын ел сақтар

Қазақ даласы небір төңкеріс, небір жеңіс, небір жеңіліс, қызық пен қиындықты да өткерді емес пе?! Соның бірі — Ұлы Отан соғысы. Ол туралы көнекөз қариялардан, деректі фильмдерден ғана естіп, біліп жүреміз. Әйтсе де, өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. 1941 жылы күллі адамзаттың жанымен қоса, ой-санасын жаулап алған сұм соғыс басталған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болатын. Сұрапыл соғыс миллиондаған өмірді жалмап, оның зардаптары адам айтқысыз ауыр болды. Боздақтарымыздың жасы мен қаны бірге төгілді. Мыңдаған жауынгерлер мерт болып, жайнап тұрған елді-мекендерде үйілген-үйілген төбешіктер ғана қалып, зеңбіректер отшашудай атылған еді. Халқымыз қаншама қайғы-қасірет шегіп, аш-жалаңаш қалып, балалары – жетім, аналары — жесір қалса да, салдары суға кетпеді. Керісінше, асқан төзімділік танытып, еш мойымады. Ауылда қалған бала-шаға, шал-кемпірлер жан аямай еңбектеніп, майданға кеткен ұл-қыздарына киім-кешек, азық-түлік жіберіп отырды. Фашистер қоршауында қалған қалалардағы батырларымыз қанша күн нәр татпай, аштықтан бұралғанда да, қазақ әйелдерінің майданға жіберген құртірімшіктерін сорып, жандары қалғанын осы күні Ұлы Отан соғысының ардагері, куәгер, менің ұлы атам Тәбешов Барлыбайдың аңыз қылып айтып отырғанын өз құлағыммен талай естігенмін. Қазірде атам Астана төрінде құрметті ардагерлер санатында, өмірінің өзі жеке бір тарих. Асыл қазынамыздың жетпіс жылдық мерейтойға аман-есен жетуін шын көңіліммен тілеймін.

Сұм фашистер шаттық әнін қайғылы үнге, нұрлы күнді қара түнекке айналдыра жаздады. Бірақ олардың ойлаған ойлары бола қоймады. Алаш жұрты үлкен жеңіске ие болды. Ол әрине, оңай болған жоқ. Оған қаншама қан, қаншама жас куә. Ғаламтордан берілген өте бір қызық хатты оқыдым. Ол 1942 жылдың қараша айында жазылған неміс жауынгері Эрих Оттың хаты еді. Ол өзінің еліне деген жүрек түбіндегі лебізін немесе мұңын былай кестелеген екен: «Біз, немістер, жаңа жылға дейін Сталинградты уысымызға түсіріп, Германияға қайтамыз деп ойлаған болатынбыз. Қандай өкінішті! Бұл қала бізді тірі өліктерге айналдырды. Сталинград, ол — тозақ! Ол жерде адамдарға ұқсамайтын бір халық бар. Ол — қазақтар! Олар темірден жасалған секілді, тіпті шаршау дегенді білмейді, қорқыныш сезімін мүлдем бастарынан кешіп көрмеген. Олардың бір рухты жауынгерінің өзі біздің бір ротаға төтеп бере алады», - деген екен. Мұндай қазақтың ерлігіне айтылған теңеу сөздердің өзі кейінгі біздерді рухтандыра түседі екен.

Біздің Қазақстанда соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жүз мыңдаған ата-әкелеріміз соғыстың алғашқы сәттерінде-ақ майданға аттанған еді. Бұл жолдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді. Ол азаматтар - Екінші Дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтерген, Отан үшін от кешкен, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, жеңістің туын желбіреткен аса құрметті қаһармандар Б.Момышұлы, Т.Бигельдинов, М.Ғабдуллин, Р.Қошқарбаев, Қ.Қайсенов және нәзік жандарына қарамастан қайсарлықпен күрескен батыр қыздарымыз М.Мәметова мен Ә.Молдағұлова. Бұл адамдарға біз ризашылықпен басымызды иеміз! Мен туған өлкемізде осындай ақберендердің болғанын мақтан етемін. Бұл адамдар Ұлы Отан соғысының ардақты да асыл ардагерлері.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сұрапыл соғыс жылдарында жазушылар мен ақындардың шығармалары ерекше, қайталанбас шабытқа толы болды. Олар өздерінің жүрекжарды шығармаларында халықтың мұңын жырлап, халықты игі істерді істеуге шақыратын болған. Әсіресе, қазақ жұртына деген қауіп атақты қарт ақын Жамбыл атамызды қатты толғандырды. Ол өзінің 96 жасына, ағарған ақ сакалына қарамастан соғысқа арнап үш мыңнан астам өлеңдер жазып шығарды. Оның ішіндегі ең кереметі, былайша айтқанда асыл қазынасы «Ленинградтық өренім» атты өлеңі. Бұл өлең үлкен толғаныспен жазылған өлең:

Ленинградтық өренім,

Мақтанышым сен едің! - деп басталатын өлең жолдары 900 күн мен түнді қоршауда өткізген Ленинградтықтарға арналған болатын. Оларға асқан рух, жігер берген де осы өлең жолдары.

Содан кейін Жұмағали Саин ағамыз жеңіс күніне өзінің жүрек түбіндегі жырларын төге арнаған еді:

Сарғая күткен ұлы күн,
Шұғыласы бүгін жарқ етті!
Бағына талай миллионның,
Баянды жеңіс күн жетті,

- деп бекерден бекер жырламаса керек! Бұның барлығы соғыстан кейінгі жүрек түбіндегі мұңы намыс отын сөндіре алмай жатқандарды сабырға шақырып, баянды күнге жеткендерін түсіндіріп тұрғандай. Мен қазіргі уақытта Жеңіс туын желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан Кеңес Одағының батыры, академик, жазушы, қазақ елінің мақтанышы Мәлік Ғабдуллиндей атамыздың атындағы кәсіби мектеп-гимназиясында білім нәрімен сусындап жүрмін. Бұл мен үшін үлкен мәртебе және де мен осындай батырдың атындағы мектепте оқып жатқанымды мақтана айта аламын. Ал жүрекке ең ауыр тиетіні біз, яғни қазіргі өскелең ұрпақ, осындай ардагерлерді өз көзімізбен көрген ең соңғы ұрпақтармыз... Осынау бейбіт өмірде кейбіреулер асыл ардагерлердің арқасында бақытты ғұмыр кешіп жатқанын түсінбей қалатын тұстары кездесіп жатады. Біз — бақытты ұрпақпыз! Бізде бәрі бар... Ішкеніміз алдымызда, ішпегеніміз артымызда.

Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?! Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама жүрек толғауымен шығарма жазылса да, қаншама қаржыға кино түсірілсе де, оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып, лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да, қазір санамызға қайта оралып жатқан тұлғалар да аз емес... Оны ашып анықтау, белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып, елге танытып, лайықты атаққа ие

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болғызу, оларға қамқорлық жасау — бүгінгі өскелең ұрпақтың,біздің, қасиетті парызымыз деп санаймын.

«Ер жігітке етігімен су кештіріп», от бастырған, атқа ауыздығымен су ішкізіп ,сұр шинельді төсек қылдырып, ақ қар, көк мұзды жастандырған Ұлы Отан соғысының жеңісті күндеріне 70 жыл толғалы отыр. Екінші Дүниежүзілік соғыста гитлершіл Германияның әскерлерін талқандап, жер жүзін фашизм апатынан аман алып қалған халық қаһармандарының Ұлы Жеңісі өшпес өнеге болып, мәңгілік жарқырай береді. Сол бір сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жері тәуелсіздіктің туын ұстаған, азаттықтың нұры жайнаған,өзгеге арқа сүйемейтін алтын ордалы мемлекет болып отыр. Ержүрек батырлардың қаһармандық істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпайды!

Нукешева Аружан

10-сынып №7 қазақ орта мектебінің

Ақмола облысы Атбасар қаласы

Жетекшісі : Ауезова Зәмзәгүл Тұрғанқызы

Ерлік мәңгі ұмытылмайды

Соғыс жалмап аға - іні бауырды,
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Жалғызынан айырыпты ананы,
Әкесінен айырыпты баланы.

«Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! 1941 жылы 22 - маусымда таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын - қыстау кезеңге душар болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді».

Осы соғыста Кеңес Одағының басқа республикаларымен бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында 1 млн 870 мың қазақстандықтар болған. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап - ақ Кеңес халқы жан тәнімен Отанын қорғады. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын. Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9-мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық! Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн!

Ендеше, бейбіт көк аспанды кейінгі ұрпақ үшін киелі болсын деп қан-майданға аттанған жауынгер аталарымызға кезек берсек... Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Олардың көпшілігіне Вермахттың сақадай сай әскери күштеріне қарсы тұруға тура келді. Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз.

Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші Қазақстандық Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты, Атап айтқанда, еліміз 30,8 млн пұт астық, 14,4 млн пұт картоп және көкөніс, 15,8 млн пұт ет, 3194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық эканомикасы әскери рельске қойылды; бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, мектепте алаңсыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз, жайрандап күлгеніміз - бәрі де сол Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі.Әрине, соғыс болмасын!Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық.Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болайық!

Нургалиева Асемгуль

9-сынып,Қызылту орта мектебі

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Жантеке ауылы

Жетекші: Секербаева Айнур Хайруллаевна

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио- телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Бірақ қазіргі жастар сол сұрапыл жылдардың болғандығына сенер емес. Себебі көбі ол туралы ұмытқан. ХХІ ғасыр жастарының көбі ондай оқиғаларды аңыз-әңгіме сияқты қабылдайды. Өзімнің сыныптастарым, араласатын құрбы-құрдастарымның көпшілігі бұл оқиғаның астарына бойлап, сезіне қоймайды. Өз басым Ұлы Отан соғысы туралы көп естідім, бұл соғысқа қатысқан туыстарым да бар. Олардың соғыс туралы айтқан кезде жанарының жасқа толып, күрсіністерінің көбейгендігін естіп өстім.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер мен сол ардагерлерге тағзым етіп, бейбіт өмірді сыйлағаны үшін борыш болған кейінгі ұрпақ, яғни біз, тойлаймыз.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерей тойы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толар сақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың жүз жылдық мерей тойы жеңістің алпыс бес жыдығы мен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қар ақылды қақ жаратын әділдіктен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жаралған ойы тұңғиық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Нұрғалин Әділ

10 сынып, № 2 орта мектеп

Ақмола облысы Есіл қ.

Жетекші: Ажиғалиева.Г.С

Бүгін - Ұлы Отан соғысының басталғанына 70 жыл: қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды!

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл- талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр
табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік
кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-
1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас
қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс
істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер
дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен
шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін
жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-
дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ
орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес
Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван
Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы
- мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк
Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі
- қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың
қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым
Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы
Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ
шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені
мәлім. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен
шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3
разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске
қосылды.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-
Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс
жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец
кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65
пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85
пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен
бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс
жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау
қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік
коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк
дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес
уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10
танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер
мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс
жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3
миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы
да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4
миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194
мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі
бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың
барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт
мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген
кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың
бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жас
өспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс
уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс
күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған
жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген
ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941
жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер
мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507
мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-
месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған
қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер
тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі
Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600
мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың
саны туралы
мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, а
дамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан
астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70
мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың
шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-
телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да
байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40
мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың
мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың
кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Теледидардан және ақпарат көздерінен бетке ұстар мақтанышымыз Талғат атамиздың о дүниелік болғаны туралы суық ақпар желдей ескен жайсыз сөз кең байтақ қазақ даласын шарлап, естіген жанның көңіліне ауыр мұң ұялатқаны анық.

Талғат Бигелдинов! Бұл есіммен мақтанбайтын, бұл есіммен төбесі көкке жетпейтін қазақ жоқ шығар. Заңғар көктен жау ордасына қырандай атой салып, небәрі 23 жасында қос Алтын Жұлдызды кеудесіне таққан осы жандай ержүрек адам тағы қай ұлтта бар екен деп өзгеше бір сезімге бөленуші едік.

Талғат аға, сіздің аяулы есіміңіз халқыңыздың есінде жасай береді. Бүгін де, келешекте өзіңіз туралы біз тек осыны айтамыз, осылай тебіреніп, осындай қимас сезімде боламыз.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек. Қан майдан сол кезеңдегі адамдардың қайсысына болса да оңай соқпағаны анық. Бесікте жатқан сәбилер әкелерінен айырылса, ошақ қасында калған аналар жесір қалды. Өз Отанын сүйетін және Отан үшін отқа түсетін азаматтарымыздың арқасында бүгінгі таңда біз бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз.

Ұлы Отан Соғысында қаза тапқан жауынгерлердің есімі мәңгі жадымызда болады.

Нұрлан Айсана

4 сынып, Бестөбе кенті №1 орта мектебі

Степногорск қаласы Ақмола облысы

Жетекші: Канафина Ақбота Бақытқызы

Жеңістің туы желбіре

Тарих беттерін парактап отырсақ, қазақ халқы небір қиын-қыстау кездерді басынан кешіріпті. Аштықты, қуғын-сүргінді де көріпті, бірақ соның барлық тауқыметін көрсе де қайсар халық, қазақ халқы, тек биіктерден көріне біліпті.

1941 жылдың 22 маусымында дүние маужырап, таң қылаң берген кезде Германия, Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасапты.

Мөлдір аспанды бұлт қаптап, шаттық әні қайғылы үнге, нұрлы күн қара түнге айналған екен. Бұл кезең Кеңес Одағының құрамына кірген әр елге өз қиыншылығын ала келгені белгілі. Бұл соғыс қазақ жерін де айналып өткен жоқ. Отанымызды қорғау үшін, еліміздің көптеген ер азаматтары майданға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аттаныпты. Олар сол сұм соғыста жаумен арапалысқа түссе, енді бір отбасылары майданнан қаралы хабар алып, қайғы-қасірет шеккен еді. Осы кезде еңкейген кәрі, өрімдей жас, еңбектеген балаға дейін майдан үшін еңбек етіпті. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» ұранын алға ұстап, күн-түн демей жұмыс істеп, тылдағы адамдар майданға азық-түлік, қару-жарақ, киім-кешек дайындапты.

Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың да ерліктері айтарлықтай екенін біз әдеби шығармаларды оқи отырып біліп жатырмыз. Әдебиеттік оқу пәнін оқу барысында «шығыстың қос жұлдызы» атанған Әлия мен Мәншүктің, 28 панфиловшылардың, Бауыржандай атамыздың, Қасым Қайсеновтей партизан ағамыздың, Талғат Бигельдинов сияқты ұшқыштарымыздың тағы да басқа соғысқа қатысқан қазақ батырларының есімдері бүгінгі жас ұрпақ бізге, мектеп оқушыларына, үлгі боларлық тұлғалар екенін байқауға болады. Ер есімдері ел есінде мәңгілік сақталады. Кір жуып, кіндік кескен жері үшін, аялап, әлпештеп өсірген елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен ұлы Отан соғысына қатысқан ер азаматтар естен шықпайды. Олар тарихта өзіндік іздерін қалдырды.

Бұл соғыс адамзат баласы үшін өте қырғын майдан болған екен. Деректерді оқысам, бұл соғыста қаза болғандар саны 56 млн, оның ішінде біздің отандастарымыз 20 млн астам құрбан болған деген дерек бар. Соғыс тек қасірет әкелді. Бұндай соғысты жауыма да тілемес едім. Мен өзім осындай бейбіт заманда өмір сүріп жатқанымна ризамын. Мен ғана емес, барлық адамдар риза шығар, себебі сол сұрапыл соғысқа аттанған әр азамат болашақ ұрпағының тыныш ұйықтауы үшін ат салысты. Осы жерде мен өз аталарым жайлы да айтқым келеді. Мен өз аталарыммен мақтанамын. Менің арғы атам Мүсәлім Шаймен мен Тошев Құсайын да Ұлы Отан соғысына қатысқан. Бірі анамның атасы да, енді бірі әкемнің аталары. Мен сол ұрпақтың үрім бұтағымын. Үйдегі фото альбомды ақтарып отырып, олардың сол сұрапыл соғысқа қатысқанын және бірнеше орден мен медальдердің иелері болғанын бергі аталарым Нұрлан мен Еркін атам айтып отырады. Аталарым Польша, Германия түбіндегі шайқастарға қатысқандығын олардың алған медальдары дәлелдейді. Өздерінің балалық шақтары қиын болғанын, әкелері қан майданда соғыста болғанда 5-6 жасар бала болғанын, шешелерімен бірге егіс алқабында жұмыс істегенін есіне алып отырады. Соғыстан кейінгі жылдарда да соғыстың салдарынан зардап шеккенді орнына келтіру оңай болмағанын айтады. Ұлы Отан соғысынан оралған соң, Павлодар облысы, қазіргі Ақтоғай ауданы, бұрынғы Новотройцк совхозында мал бағумен айналысқан. Соғыстан кейінгі жылдары «Ерен еңбегі үшін» наградасымен марапатталған. Мен елі үшін қару асынып, қан майданға аттанған майдангердің бүгінгі ұрпағымын.

Жеңістің аяқталғанына биыл мамыр айында 70 жыл толғалы отыр. 70 жыл өтсе де, Ұлы Отан соғысын жадымыздан шығармаймыз. Әр жыл сайын Жеңіс күнінде аталарымыздың рухына тағзым етіп, зират басына барып, құран

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

оқытып, ас беріп есімізге аламыз. Жеңіс күні мен үшін де мереке, себебі менің аталарымның, менің елімнің жеңіске жеткен күні. Соғыста от пен оқтың ортасында жүріп шайқасқан әр жауынгер болашақ ұрпағының әр атқан таңы арайлап атса екен деген ниетпен жаумен арпалысты. Еңбектері еш кеткен жоқ. Міне, бүгінде мен тәуелсіз Қазақстанның еркін ұланымын. Осындай болашағы жарқын, бағыты айқын егеменді елде тұру - мен үшін бақыт. Елімнің іргетасының берік болуы үшін әр қазақстандық өз үлесін қоюы керек деп ойлаймын. Мен қазіргі таңда тек оқуыммен, өзіндік жетістіктеріммен ғана мақтана аламын. Келешекте мектептен алған бар білімімді елімнің өркендеу өсу жолына арнағым келеді. Сол үшін сапалы білім алып, болашақта алған білімімді шыңдай түсіп, ұлы Абай атамыз айтқандай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» демекші, елімнің іргетасында бір кірпіші болып қалануға тырысамын. Өзімнің замандастарымның да саналы болып өсіп, Отаны үшін еңбек етуін қалаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса, жас сәбилеріміздің ұйқылары қанып, әрқашан күніміз оңынан туып, қазақ елі дамыған 50 елдің алдыңғы қатарынан орын алса екен. Сол үшін Елбасымыздың әр жыл сайынғы жолдауында жоспарланған жұмыстар уақытымен орындалатын болса, менің Отаным, Қазақстан 10-15 жылдың ішінде жағдайы қазіргіден де жақсы болары анық. Бізге, мектеп оқушыларына, жақсы білім алуға барлық жағдай жасалуда. Елбасымыздың, ата-анамыздың, үмітін ақтар ұл-қыз болуға тырысуымыз керек.

Ал бүгінгі өмірімізге жарқын сәуле сыйлаған Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер аталарымыздың есімдері ел тарихында мәңгілік сақталады. Бүгінде қаһармандар күн сайын азайып бара жатыр. Бүгінгі өскелең ұрпақ еліміздің әр қала, әр ауылындағы өздерінің білетін соғыс қаһармандарына құрмет көрсетіп, олардың қалған ғұмырларына тек жақсылық тілегім келеді. Ол жандарға мемлекет тарапынан да қолдау көрсетілсе деп ойлаймын, себебі теледидардан көріп жүрген кейбір бағдарламаларымыздан әлі де көрсетіліп жатқан көмек, құрметтің жоғары деңгейде емес екенін байқауға болады. Соғыс ардагерлерлері азайса да, сол кездері тылда жұмыс жасаған қарттарға, соғыстың зардабын шеккен отбасыларына қолдау көрсетілсе жақсы болар еді деп ойлаймын.

Мен соғысты көрген жоқпын. Бірақ теледидардан көріп, көркем шығармалардан оқып, ақпарат құралдарынан, әже - аталарымыздың естеліктерін тыңдай отырып, соғыстың не екенін түйсініп жаным түршігеді. Бұл соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, келер буындар үшін де мектеп. Соғыс кезіндегі Кеңес адамдарының сан қилы ерліктері жас жүректерді шыңдайтын тәрбие мектебі деуге болады. Сондықтан жеңістің туы желбірегеніне көп жылдар өтсе де, ел аузында сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан жауынгерлер біздің жадымызда мәңгілік сақталады. Олармен бүгінгі жас ұрпақ мақтана алады. Осындай батыр халықтың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұрпағы болғанымды мақтаныш етемін, себебі олар мақтауға, құрметтеуге тұрарлық жандар.

Ал сөз соңында өзім сияқты бүлдіршіндердің тілегі ретінде мына өлең жолдарын айтқым келеді:

Соғыстың өрті жанбасын,
Сәбилер жетім қалмасын.
Есігінде әр үйдің,
Бесігінде сәбидің,
Мәңгілік бақыт орнасын.
Болмасын соғыс, болмасын!
Бұл менің ғана емес, әр адамның басты тілегі.

Пинигина Александра
8 «Б» сынып, №4 гимназия
Степногорск қ., Ақмола обл.
Жетекшісі: Арыстанбекова Б.Г.

Ұлы Жеңіс!

Жаутандап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?
Ғафу Қайырбеков

Мен 8 «Б» сынып оқушысы орыстың қызы Пинигина Александрамын. Мен - жаңа заманның азаматшасымын! Мен- бірлігі жарасқан елдің бір тамшысымын! Мен-Қазақстан Республикасының тұрғынымын!

Айналаға қарап, осы әрі-бері жүрген адамдарға кейде іштей қуанамын. Таусылмайтын қозғалыс, тіпті құмырсқаның ұясы тәрізді бір қалыпты ағысқа ұқсатамын. Әр адамның баласы тыңыштықты қалайды, бақытты өмір сүріп, бала, немере, шөбере сүйсем деп ойлайды. Әр ананың арманы, баласының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бақытты болуы. Міне, алдымда сәбиің құшақтап, еркелетіп отырған ананы көріп тұрмын. Шіркін, бұл өмірге не жетсің!

Соңғы күндері жүректің соғуына әсер тигізетін елестер ойымды мазалап, дамыл бермейтін үрей пайда болды. Егер, бұл айрандай ұйып отырған мемлекетіміздің шаңырағына бөтен адамдар кіріп, өздері қалағандай жас пен кәрілерді қамауға алып, зарлатса. Жоқ! Мұндай ойлардан, менің тән бойым тітіркеніп кетеді. Мұндай сұмдықтан Құдай сақтасың! Ондайды ешкімге көрсетпесің!

Мүмкін мен сияқты бір қаланың қызы осыдан бір неше жылдар бұрын дәл осылай ойлаған шығар. Ал, сол қыздың елесі өкінішке орай, шындыққа айналған. Тарихымыздың жүрегінде тілім-тілім болып қаңсыраған соғыстың ізі, мәңгілік ұмытылмас дастан болып қалды. Отанымыздың береkesін қашырып, тіпті құрсақта жатқан перзенттен бастап, ақ шашты кәрілерімізді өксітіп жылатқан соғыстың қамшысы. «Ұлы Отан соғысы» ұғымы бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылғы үшінші шілде айында

Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және «отан» деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды. Сол қаралы күннен бастап әр шаңырақта «қан төгілді». Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды, Отан анасын қорғауға атсалысты. Төрт жыл бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір жұдырықтай күшке жиналған орыс, тәжік, белорусь, грузин, қазақ, қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Күні-түні талмай жаумен шайқасқа түсті. Солардың арасында ерлік көрсеткен қазақстандықтардың үлесі мол. Қаншама қазақстандықтар мерт болып, үйге оралмады. Ерлікпен шайқасып, жүрек жұтқан аталарымызбен әжейлеріміздің бағасы шексіз. Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова және мыңдаған есімдердің тізімі арқылы Жеңіске қол жеткіздік. Отанымыздың өмірін сақтап қалдық. Адольф Гитлер деген жауыздың жоспарын бұзып, қаншама белгісіз адамдар жан тапсырды. Иә, содан бері жарты ғасырдай уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

«Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.
Қастерлейді халқымыз қаһарманын,
Жүр есінде сан жарық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бұл күнде қатарларың.
Ерлік сүйген еліңе салтың ұнар,
Жүздеріңде жанған от жарқылы бар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,
Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар»

- дегендей, өкінішке орай, жылсайын соғыс ардагерлеріміздің саны азайып келеді. Сонымен бірге ардагерлеріміздің ерлігі туралы тек жазба беттерінен оқуға болады. Мен ардагерлердің өмірі ұзақ болуын қалаймын, тірі, аман жүріп, өздері сыйлаған өмірдің бар қызығын қызықтап көрсе екен деп ойлаймын. Бірақ, оларда, тарихпен бірге алыстап барады. Егер менің қолым сиқырлы күшке ие болса, алдымен, бұл ардагерлердің жоғалтқан жастық шақтарын қайтарып, екіншіден, соғыс тартып алған жақын туыстарын, үшіншіден, соғыс арқылы жоғалтқан сенімдерімен, үміт, армандарын қайтарып берушедім. Соғыс-барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілікті жалмажал жұтатын «тажал». Осыны дәлелдейтін қаншама деректі және көркем фильмдер, әдебиеттер, мәліметтерге көз жеткіздік.

Ал қазір ше, бақытты өмір сүруге не бөгет болады? Соған қарамастан, адамдардың қаншасы аталардың «қан төгіп» жеткен өмірді бағаламайды. «Орынды іске жүріп ой таппаған,

Не болмаса жұмыс қып, мал таппаған.
Қасиетті болмайды, ондай жігіт,

Әншейін құр бекерге бұлғақтаған »- деп Абай атамыз айтқандай. Өмірдің құның білмей, босқа уақытын өткізеді. Қоғамға пайдасыз, елге жарамсыз, түкке тұрмас өмір кешетін адамдар бар. Әрине, мұндай адамдар үшін қатты ұялуға тұра келеді.

Биыл міне, Ұлы Жеңістің 70-жылдығы өтіп шықты. Жылсайын бұл тарихи оқиға біздің өмірімізден алыстап барады. Сондықтан да, аталарымыздың Ұлы Жеңіске жеткен ерліктері жайында ұмытпауымыз керек, мәңгі есімізде сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуіміз қажет.

Менің ойымша, аталар сыйлаған өмірдің әр таңың, әр күнің, әр түнің босқа өткізбей пайдалы өткізген жөн. Ілияс Есенберлин атамыз айтқандай: «Бақытты болашақтың ең басты негіздерінің бірі — бұл жалпыға бірдей жақсылық тілеу...

Бұл өмірдің барына разы қылып, қолдағы бақытқа ие болғаны дұрыс шығар. Өз ойымды, Нұтфолла Шәкенов сөзімен аяқтағым келеді:

Әлем сүйген салтымыз бар,
Бейбітшілік – ел ұраны.
Өмір сүйген халқымыз бар,
Бейбіт елдің біз ұланы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Халықтар өмірді қорғайды,
Әділет ұранын қолдайды.
Шырқандар, кел достар, әр елде,
Бейбіт күн жасасын әлемде!

Рахимова Умит

Мариновка орта мектебінің 10 сынып
Ақмола облысы Атбасар ауданы

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Жеңіс күніне 70 жыл, қаншама азамат пен азаматшаларымыз өмірін қиған, олардың ерліктері ешқашан ұмытылмас. Қазіргі ХХІ ғасырда осындай ерліктерге баратын адам санарлықтай. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Қорғаған жауынгер – солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігі дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз өмір кешкен.

Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар.

Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Жеңіс күнін халық тойлайды. Ардагерді құрметтеу – біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанда ақ көгершін қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Сол үшін ардагерлерімізге рахмет айтқымыз келеді. Олар әкелген тыныш тұнығын лайламауға біз сөз береміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әрқашан аспанымыз ашық болсын, еліміз тыныш болсын!
Жеңіс күні 70 жылдық мерей тойы құтты болсын,
Өмірлерін құрбан еткен азаматтарымыздың жерлері жайлы болсын.
Ешқашан ұмытпаймыз ерліктерін, есте сақтап,
Қолымыздан келгенше елімізде тыныштық сақтауға тырысамыз.
Ата – бабаларымызды ұмытпаймыз,
Еске алғанда көзімізден жас тамшылайды.
Жүрегіміз ауырып қанжылайды,
Аталар мен әкелеріміз соғыста қаза тапқан.
Фашистық еткен адамдар азабын тартсын,
Әрқанада жүрете, жанымызда сіздердің бейнелеріңіз.
Ұмытпаймыз, есте сақтаймыз, әр жеңіс күнінде сіздерді еске аламыз!

Сагина Алена

11-сынып, Қараөзек орта мектебі
Бұланды ауданы Ақмола облысы Жетекшісі:
Рахимова Меруерт Ибрагимовна

Ән аманаты

Сол бетінде жан берді ол, тұрмады,
Ары үшін елінің боп құрбаны.
Жас қазақ, бәрің соған ұқсап бақ!

Рамазан Елебаев

...Бородино селосының маңында қызу ұрыс жүріп жатқан шақ. Ол өзінің сол жағынан жиырма метрдей жерде абайсызда келіп қалған неміс офицерін көріп қалды. Төлеген бұқпантайлап келген офицерді атып салды. Ол оның соңғы оғы еді. Офицер екі аяғынан жаралы болып, кейін қарай жылжи берді. Оғы біткен Төлеген граната лақтыруға тұра бергенде, жаудың үлкен калибрлі пулеметінен атылған оқ Төлегеннің ішінен келіп тиді. Төлеген ауыр жарақаттанды, ішек-қарны шұбатылды. Ақ қар қызыл қанға боялды. Жұмажан Төлегеннің жарасын таңайын деп еді:

- Оқ керек. Анау жаралы немісті өлтіру керек, - деп айғай салды Төлеген.

Сөйтіп, сыртқа шыққан ішек – қарнын сол қолымен басты да, орнынан атып тұрды. Қолына автоматын алып, жүгірген бойы офицерді қақ басынан періп кеп жіберді. Офицердің миы аспанға ұшты, автомат екіге бөлініп, қақ айырылды. Осы кезде өзінің кеудесіне де пулеметтің оғы тиіп, есіл ер қаза болды (1942 жыл, 9 ақпан).

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 30 қаңтардағы Қаулысымен қатардағы жауынгер Т.Тоқтаровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Төлеген Тоқтаров 1941 жылы соғысқа алынып, 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы (қазіргі Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Панфилов атындағы Ленин орденді, Қызыл Тулы, Суворов орденді гвардиялық Режицк дивизиясы) қатарында болды. Ол майданда қолына қару алып, автоматшы қатарында жауды азайтуға бар күш-жігерін жұмсады. Бір ұрыста жалғыз өзі қырық неміске қарсы шығып, отыз алтысын жайратты.

...Халық комиссарлар кеңесіне Панфилов дивизиясынан арнайы хат келді. Ол хатта артистерді майданға концерт қоюға жіберуді өтінген еді. 1942 жылы қазан айының аяқ кезінде бірнеше кісіні майдан шебіне концерт беріп қайтуға жіберетін болды. Баратын кісі – он адам. Қазақ артистерінен: Елубай Өмірзақов, Жүсіпбек Елебеков, Ғайникамал (Камаш) Баубекова т.б. Бригаданы басқарып барған жазушы Ғабиден Мұстафин болды.

Ж. Елебеков ол кезде Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі болатын. Олар әрең дегенде 8-гвардия дивизиясына жетеді. Бұларды Б.Момышұлының полк штабына әкеледі. Бұл кезде Бауыржан аты қазақ еліне әйгілі еді. Қазақ елі келгендей, бәрі қуанышты.

Жүсіпбек бірнеше ән айтып болып, сахнадан түсіп, сыртқа қарай жүре бергенде, арт жағынан біреу жүгіріп келіп:

- Жүсеке, деп құшақтай алды. Артына бұрылып қараса, Рамазан екен. Екеуі құшақтасып, қуанысып жатыр. Көп сөйлесті. Рамазанның Төлегенге арнап шығарған әні бар екен.

- Жүсеке, сіз ауылға қайтқанша үйретем,-деп өз бөлімшесіне қайтып кетті. Ғабиден бастаған концерт бригадасы елге қайтатын болды. Жүсіпбек сасқалақтай бастады. Рамазан келе алмай қалар ма екен? Жүгіріп, қара терге түсіп, әйтеуір Рамазан да жетеді. Арқасында гармонь.

- Қане, бастайық. Уақыт тым аз ғой. Үйрене көріңіз.
- Сен әуелі әнді тұтас гармоньмен ойнап берші. Тағы да жайлап бір-екі рет қайталатты да, өзінің домбырасына түсіре бастады. Әнге «Жас қабір басында» деп ат қойған екен.
- Жұсаға, менің жан-дүнием сізге жақын деп ойлаймын. Өзіңіздің зергерлік шеберханаңыздан өткізіп, сәлемдеме ретінде менің атымнан елге алып барсаңыз, арманым жоқ.
- Осындай қысқа тілеу айта көрме. Ал мен жаңағы тілегінді орындауға уәде беремін. Жолшыбай Жүсіпбек жаңадан үйренген әнмен айналысты. Әнге лайықты сөз жазғызу үшін Ғ. Мұстафинге қолқа салды. Сөйтіп, «Жас қазақ» болып өзгертілді...

...1943 жыл, қарашаның ортасы болатын. Абай атындағы опера және балет театрында өнер шеберлерінің қатысуымен үлкен концерт болып жатқан.

Жүсіпбек те осы концертке қатысатын. Жанына Камаш Баубекова келіп, амандасты да:

- «Жас қазақты» бүгін де айтасыз ба? – деп сұрады.
- Иә, айтамын, - деді Жүсіпбек.
- Қайран, Рамазан, - деп Камаш жылап жіберді.
- Не дейді... Не дейсің? – деп Жүсіпбек Камашқа қадалып қалыпты.
- Иә, Жүсеке, Рамазан оққа ұшыпты. Жоқ енді...

Жүсіпбек кейінгі сөздерді естіген де жоқ. Басынан ауыр нәрсемен салып жібергендей мең-зең болып, сілейіп тұрып қалды. Концерт жүргізуші:

- Қазір Жүсіпбек Елебеков Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әнін орындайды, - деп жариялады. Зал толы халық дуылдай қол соғып асыға күтеді, ал Жүсіпбек болса, құлағы еш нәрсені естімегендей сол орнында сілейіп тұр.
- Жүсеке, сізді шақырып жатыр, - деп Камаш жұлқылап жіберді. Ұйқыдан шошып ояңғандай селк ете түсті де, бойын тез жиып алып, сахнаға шығып кетті.
«Жас қазақ» әні басталып кетті. Ән басталар алдындағы кіріспе сарынын Жүсіпбек өзі қосқан еді. Домбыра үні бірден зарлана сарнай жөнелді. Саусағын домбыраның төменгі он екінші пернесіне біраз ұстап тұрып, содан оныншы пернеге көтеріліп, қайтадан он екінші пернені басып кетіп, тағы да он бірінші пернеде үстіңгі шекті бармағымен қоса қысып тұрып алды. Осы тәріздес жоғары көтеріле, сегіз рет қайталанған, бірін-бірі толықтырған, бірін-бірі қоштаған, шер төккен зар үні күңіреніп, залды шарлай жөнелді. Жүсіпбек қосқан осы бір сарын бүкіл жер бетінде болып жатқан басқыншылық соғыс зардабынан қаза тапқан боздақтарға арналғандай еді. Домбыраның басылған зарлы пернесі залда отырғандардың шер болып қатқан жүректегі мұңды пернесін қоса бастады. Ән орындау үстінде Рамазан бейнесі көз алдынан кетпей қойды. Рамазанмен тіл қатысып отырғандай.
- Саған берген уәдемді орындасам деп тынышым кетіп еді, міне, бүгін еліңе сәлеміңізді жеткіздім. Риза бол, асыл бауырым! Бойымдағы барымды іркіп қалғаным жоқ, - деп Жүсіпбек Рамазанмен сөйлеседі.

«Жас қазақ» бүкіл қазақ даласын шарлады. Ол бармаған жер қалмады. «Жас қазақ» әні енді сазгердің өзін жоқтағандай. Бұл ән Ұлы Отан соғысы күндерінің аса бір көрнекті музыкалық ескерткіші болып қалды.

Жүсіпбек Елебеков пен Рамазан Елебаев өнер өлкесінде он жылдай дос болған екен. Қан майданды туған «Жас қазақ» әнін елге алып қайтып, көзайым етуі ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Әншілік пен адамгершіліктің академигі» деп ізеттеген Ж. Елебековтің ең елеулі еңбектерінің бірі.

«Қанға бөгіп, қар жамылған кең дала...». Туған еліне соңғы сағыныш сәлеміндей аманаттап әнін аттандырып, мұңая қоштасып тұрып қалған боздақ Рамазан көз алдына келеді. Жауынгер аманатын Жүсіпбек аға ақтады. Ақтағанның белгісі – «Жас қазақ» әні елге жетіп, халқымыздың соғыстан қайтпай қалған барлық боздақтарын жоқтаған гимнге айналды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Окопта туған әнін елге жіберіп, өзі майдан даласынан қайтпай ерлікпен қаза тапқан Р. Елебаевтың жүрегінен туған сол сырлы әуен қаншама жылдар өтсе де ұмытылмай, өнерсүйер қауымның көңіл төрінен лайықты орын алғандығы хақ.

Қазақстанда құрылған атақты Панфилов дивизиясының құрамында есімдері әйгілі батырлар Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаровпен қарулас жолдас болған бұрынғы Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданындағы Құдықағаш ауылының тумасы, әнші, екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған, «Жас қазақ» әнінің авторы Р.Елебаев осы сұрапыл соғыста ойлаған арманына жете алмай, Псков облысы Ново-Сокольники қаласының түбінде болған кескілескен ұрыста қаза тапты. «Жас қазақ» өлеңі Кеңес Одағының Батыры Т.Тоқтаровқа ғана емес, осы қан майданда қаза болғандарға өлеңмен өрнектеп, музыкамен көмкеріліп қойылған ұмытылмас ескерткіш іспеттес. Біржан сал бабасына арнап симфония жазсам деп армандап кеткен жауынгер-әнші «Жолдастар», «Қуаныш», «Ана сыры», «Асқан бұлбұл», «Амангелді туралы ән», «Құттықтау», «28 батырдың әні», «Панфиловшылар маршы», «23-ші полк маршы» т.б. әндерінің де авторы.

Еліміздің даму кезеңінде қазіргі жастарды тәрбиелеуде ұлттық дәстүріміздің, мәдениетіміздің, тарихымыздың рөлі зор. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» дегендей, жоғарыда аттары аталған қазағымыздың жаужүрек ұлдарының өмірдегі және соғыстағы ерліктері туралы одан әрі зерттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің, бүгінгі күн жастарының міндеті. «Түбін білмеген, түгін білмейді» деген де сөз бар. Ендеше біліммен қарулану - өмір талабы екенін ескере отырып, ата-бабамыздың өткен өмір жолдары туралы ізденіп, тарихымыздың ақтаңдақтарын зерделеуге міндеттіміз.

Сағатай Айдана

9-сынып, №18 орта мектеп

Ақмола облысы, Көкшетау қ.

Жетекшісі: Бришева Маржан Амангелдіқызы

Жойылсын жалғыз сөз «соғыс» деген...

XV ғасырда Шу өзенінің бойында Керей хан мен Жәнібек хан іргесін қалаған Қазақ хандығы бүгінгі күні Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың көшбасшылығымен саяси, мәдени, экономикалық жағынан дамыған, өзге елдермен терезесі тең тәуелсіз мемлекетке айналды.

Бейбіт аспан астында өзара ынтымақ пен бірлікте тұрып жатқан халқымыз талай қиын-қыстау заманды басынан өткерді. Адамзат тарихында өшпес із қалдырған сондай қаһарлы жылдардың бірі – миллиондаған адамның жанын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қиған, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін салған сұм соғыс – Ұлы Отан соғысы жылдары, жүздеген қала мен елдімекендерді жермен жексен етіп, жолындағы бар тіршілік атаулыны жалмап жұтқан Ұлы Отан соғысы жылдары.

1941 жылдың 22 маусымы – Кеңес халықтарының жадында ең қасіретті күн болып сақталмақ. Фашистік Германия әскері Кеңес Одағы жеріне тұтқиылдан басып кіріп, соғыс жариялады. Сол кезде жұдырықтай жұмылғанхалықтың Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Республиканың әр өңірінен әскери комиссариатқа еріктілер ағылды. Соғыс алдында 6 миллион200 мың адам санын құраған Қазақстан халқының төрттен бірі майданға аттанды.

Қазақ жерінде атқыштар мен атты әскер дивизиялары, атқыштар бригадалары және жеке полктер мен батальондар жасақталып, майданға аттандырылды. Сонымен қатаржаяу әскер мен теңіз әскерлері үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дедайындалды.

Қазақстан аумағында жасақталған әскери құрылымдар соғыстың алғашқы күндерінен бастап, жауға қарсы ерлікпен шайқасты. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық төсбелгілермен марапатталып, бес жүздейі Кеңес Одағының Батыры, жүзден астамы Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алды, соның бірі – сансыз жауынгерлік тапсырмамен ұшып, жауға сан рет соққы беріп шайқасқан, өліммен бетпе-бет келіп, арпалысып айқасқанқазақтан шыққан ұшқыш, батыр ағамыз Талғат Бигелдинов.

Соғыс аяқталғанша майдан даласында шайқасқан Мәлік Ғабдуллин де фашистік күштерден Отанын қорғау борышын абыроймен атқарды. Ақмола облысының біртуар азаматы Сағадат НұрмағамбетовСолтүстік Кавказ, Украин және Беларусь майдандарында батальон командирі болып, Польша жерінде болған ұрыста ерекше ерлік көрсетті. Сұрапыл соғыстан кейін ол Қазақстан Республикасының тұңғыш қорғаныс министрі болып, «Халық қаһарманы» атағын алады. Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын тіккенқазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев, жаудың тылында партизандардың қатарында шайқасқан Қасым Қайсенов,білікті қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы, жиырма сегіз панфиловшылар ел-жұртының алдында перзенттік парызын адал орындады.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова да бар. Ұрыс даласында ер азаматтармен бірге дұшпанға қарсы соғысып, шайқаста ерлікпен қаза тапқан қазақ қыздарының ерлігі еш ұмытылмас.

Ұлы Отан соғысы - Кеңес Одағы халықтары тарихының беттеріне жазылған қайғы-қасірет қана емес, сонымен қатар батыр ағаларымыз бен апайларымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, мызғымас бірлігінің көрінісі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ержүрек батырларымыз қолдарына қару ұстап, мұз төсеніп, қар жастанып, қасықтай қаны қалғанша, «елім, жерім!» деп, жауға қарсы соғысты. Батырларымыздың Отанына, халқына деген ыстық махаббатынан туған көзсіз ерліктері, тыл жұмыстарында жүрген халықтың тынымсыз еңбегі Ұлы Жеңіске жеткізді. Бұл - сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Аталарымыздың қанымен, аналарымыздың көз жасымен келген Ұлы Жеңіске биыл жетпіс жыл толып отыр.

Бейбіт күнді армандаған қайсар, жаужүрек ата-бабаларымыздың ерлігі ұрпақтарының жадында мәңгі жаңғырып тұрады сөзсіз.

Зұлымдық атаулының бәрі жойылып, оқтыңашы даусы ешқашан естілмесін, әлемнің әрбір түкпірінен баланың әсем күлкісі сыңғырлап, ананың көз жасы қуаныштан ғана төгілсін! Қазақ елінің көгілдір аспанында көк туымыз желбіреп, тыныштықтың самал лебі соғып, бейбітшілік құсы мәңгі қалықтасын деп тілеймін!

Сакенова Айдана

10 сынып, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы

Азат ауылы, Азат орта мектебі

Жетекші: Айнұр Мұратбекқызы

Жеңіс жырын жырлайық!

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні.

Осыдан 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктік сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық.

Жеңіс күні – халқымыз үшін ерекше мейрам. Қазақ жерінен Ұлы Отан соғысына миллиондаған ержүрек жауынгерлер аттанған. Кітаптан оқып, кинодан көргеніміздей соғыстың әр күні, әр сағаты, әр минуты қорқынышты, қасіретті болған. Сонда да жап-жас ер азаматтар өз Отанына шын берілген жанқиярлықтың арқасында ғана жеңіске жетті. Патриоттық, адамгершілік рух бізді мәңгі тәрбиелей береді.

Қазақ халқы «Қызды тәрбиелегенің – ұлтты тәрбиелегенің» деген. Қазақ қыздары қай салада да өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Бүгінде есімдері

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аңызға айналған қазақтың қос шынары Әлия мен Мәншүк Отанымызға қауіп төнгенде Отан қорғаушылар тізіміне өз еріктерімен жазылған. Әлия снайпермен, Мәншүк пулеметпен жауға қарсы шығып, өздері құрамында болған 26-атқыштар дивизиясын таңғалдырады. Мәншүк – Невель қаласын, Әлия Новосокольники стансасын қасық қаны қалғанша қорғады. Ақыры жап-жас қалпында ерлікпен қаза тапты....

Сондықтан олардың есімдері ел есінен кетпейді. Еліміз оларға Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Ержүрек батыр аталарымызға еліміздің әр қалаларында ескерткіш орнатылып, мектептерге, көшелерге есімдері берілді. Адамзат тарихындағы қарғыс атқыр қанды соғысқа Қазақстан 1 млн 300 мыңнан астам ұл-қызын аттандырды. Олардың 602 мың 928-і майдан даласында мерт болды. Осы соғыстан оралмаған қазақтың ұл-қыздарының саны 130,0 мыңнан асады.

Міне, сондықтан да Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен, мерт болған әрбір есім біз үшін ардақты, құрметті.

Сұрапыл соғыстың біткеніне, міне, 70 жыл болды. Егер де ойлап қарасақ, халқымыздың басына түскен 30-шы жылдардағы зұлматтан кейінгі қазақтың басына түскен екінші бір сұрапыл қырғын Ұлы Отан соғысы болғандығы ақиқат. Соғыстан кейінгі күйреген экономиканы қалпына келтіруде ардагерлер қажырлылық танытып, ат салысты. Олардың көрсеткен ерліктері, отансүйгіштігі, бірліктері, бауырмалдық және ынтымақтастық қасиеттері бүгінгі күнге дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан үлкен құндылық болып табылады. Туған Отанының бостандығы мен азаматтығы үшін ауызбен айтып жеткізгісіз қиындыққа төзіп, Ұлы Жеңіске қол жеткізген майдангерлерден қалыспай, тылда қажырлықпен еңбек еткен. Сондықтан жыл сайын біз 9 мамыр күні сұрапыл соғыстың куәгерлері – майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне құрмет-ілтипаттарымызды білдіріп, соғыс сабақтарын еске алып, соғыста қаза тапқандардың рухына бас иеміз.

Соғыстың аяқталғанына 70 жыл өтсе де оның салған жарасы әлі күнге дейін сыздайды. Бүгінде арамызда сиреп бара жатқан ардагерлердің әңгімесін тыңдағанда, майдан жылдарындағы әндерді естігенде көңілге еріксіз мұң ұялайды. Көктеммен бірге келетін осынау Жеңіс мерекесінің көз жасы аралас қуаныш мерекесі немесе «Это праздник со слезами на глазах...» деп атауы да мүмкін сондықтан болар.

Жеңіс күнін бүкіл халық тойлайды. Ардагерлерді құрметтеу – біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлайды. Сол үшін ардагерлерімізге рахмет айтқымыз келеді. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға сөз береміз деп қорытындылағым келеді.

Сәткен Ғазиза

10 сынып, С. Сейфуллин атындағы көпсалалы мектеп - лицейі

Ақмола облысы, Степногорск қаласы

Жетекшісі: Аяған Нұржан Алдоңғарұлы

Ұлы Жеңіс – ұрпаққа мұра

Әр қазақстандықтың жүрегін жаралап, талай қайғы мен қасіреттің тері мен қанын тамызған сұрапыл соғыс қай азаматтың болмасын бойында ерекше орын алады. Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету жолында қазақ халқы да өзінің орасан үлесін қосты. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерліктерін көрсетті. Қазақстандықтар Брест қамалынан сонау Берлинге дейін барды. Сол шайқастарда өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алған.

«Ер есімі - ел есінде», -демекші бізге жарқын болашақ сыйлаған аталар мен апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Жеңістің 70 жылдығын тойлау мен үшін де, менің отбасым үшін де шын мәнінде ең жарқын да қадірлі мереке. Неге десеміз, сол соғыстың алғашқы күнінен бастап соғыс шептерінде қайсарлықпен төрт жыл қатарынан шайқасып, елін- жерін қорғаған ардагердің ұрпағымын. Шәкен Жәмәлиев мыңдаған отандастарымыздың қатарында соғыс далаларында ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Соғыс жылдарында Украина азаттығын қорғап, барлаушы болған ол сержант шенінде бірнеше жарақат алып елге оралды. Соғыс жылдарында әжем Шарбан Жамалиева да үлкен қиындықтарды басынан кешкен. Анасынан ерте айрылған ол өзінен кейінгі үш сіңілісін масақ теріп асыраған. Таң атысымен егін жинауға аттанып, өзінің еңбегімен жеңісті жақындатуға үлесін қосқан. Ашаршылықты өзі сезінген әжем маған кішкентайымнан нанның қасиетін, оның құнды азық екенін үнемі түсіндіріп жүрді. Мен ол кезде әжемнің айтқан сөздеріне аса мән бермеуші едім, енді есейе келе есте қалған әр айтқан сөзінің қадір – қасиеті ерекше екеніне көзім жетіп келеді. Соғыс аяқталғаннан кейін де атам Бестөбе кенішінде кенші болып жұмыс істеген. Ол майданнан оралғандармен бірге ел жағдайын қалпына келтіруге, ұрпағының, мына біздердің бақытты өмір сүруіміз үшін тер төкті. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт өмірімізге нұрын шашып, қолдап жүреді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Жеңіс күні – жанқияр ерлік пен қайсар рухтың жемісі» деп атап өткендей, ол күн үлкен маңызға ие. Бүгінгі жастардың борышы – Отан үшін жанын қиып, от кешкен аға буынды ұмытпау. Соғыс кезінде қаза болғандардың есімін 70 жыл өтсе де оларды еске алу біздің міндетіміз болып қала бермек. Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында да еліміздің өркендеуінің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бағыттарын айқындап, әрбірімізге зор міндеттер жүктеді. Бұл орайда жастар аға буыннан тәлім алып, олардың ісін жалғастырушылар болып қала бермек. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!» бүгінде менің туған қалам Степногорск қаласында халқымыздың ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихымызда мәңгі қалатын Ұлы Отан соғысының 31 ардагері өз қатарымызда келеді. Сонымен қатар, мыңнан астам тыл еңбеккерлері тұрады. Иә, күн өткен сайын қарияларымыз азайып бара жатыр. Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендер саусақпен санарлықтай. Олардың қатарында Отанын жаудан қорғаған шаһарымыздың құрметті азаматы Шәміш Алдоңғаров сол алапат соғыста жаудан елді қорғаған қас батыр. 1943 жылы Алматыдағы әскери училищшені тәмәмдап әуе десантшы болып Мәскеуді қорғауға қатысқан «Германиядағы жеңісі үшін» медалімен марапатталған. Бейбіт өмірде де Шәміш атай қажырлы еңбек етіп, соғыс және еңбек ардагері құрметіне бөленген. Оның өмір жолы кейінгі буынға үлгі-өнеге. Кеңес адамдарының патриоттық сезімі жоғары болғандығын мен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Василий Гаврилятовпен әңгімелескенімде айқын сезіндім. Қазақстан халқының ер азаматтарының бірқатары өз еркімен ел қорғауға жазылған. Соғыстың алғашқы кезеңінде 30-дан астам ұлттан Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы құрылған.

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316 – атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М.В.Панфилов болды. Армия қатарына 1 млн. астам қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды. Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты.

Әрқайсысы 200-ден астам жауынгерлік ұшу сапарын жасап, бірнеше жүз фашистерді жоқ қылған шабуылшы ұшқыштар: Талғат Бигелдиновке, Леонид Бедаға және Павловқа, сондай-ақ 37 ұшақты және топтасып жүргізілген ұрыстарда жаудың тағы 6 ұшағын атып түсірген Сергей Луганскийге екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Екі мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алған Талғат Бигелдинов, өкінішке орай, Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері жуырда 93 жасқа қараған шағында өмірден озды. Қазақтың батыр ұлы Талғат Жақыпбекұлы Ұлы Отан соғысы кезінде «ИЛ–2» ұшағымен неміс басқыншылары мен олардың техникасын жою үшін 305 рет көкке көтеріліп, қайталанбас ерлік жасаған. Батырдың көк жүзінде ұшқан уақыты 500 сағаттан асқан. Ұшағы үш рет жанып, жарақат алған батыр небәрі 23 жасында Кеңес Одағының Батыр атағын екі дүркін алған.

Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен және Кеңес Одағының Батыры атағымен марапатталған екі қазақ қыздары: пулеметші Мәншүк Мәметова мен 54-ші атқыштар бригадасының мергені Әлия Молдағұлова болды. Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 11 мыңнан астам адам Кеңес Одағының Батыры

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

атағын алған. Олардың 497-сі қазақстандықтар, оның ішінде 97-сі қазақтар. Тарихи мәліметтерге жүгінетін болсақ, Кеңес Одағының орден- медальдарымен 96 638 қазақстандықтар марапатталған. Ал 142 қазақстандық жауынгер «Даңқ» орденінің толық иегері болған. Екінші дүниежүзілік соғыста Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалуда елдің 27 млн. астам адамы қаза болған. Оның 603 мыңы қазақстандықтар деседі. Соғыстың аяқталғанына 70 жыл өтсе де, сол отты жылдардың елесі осы күнге дейін өшпегенін тарихи мәліметтерге көз жүгірткенімді түсіндім. «Қанша үйдің ұрлап адамын. Қанша үйде сөніп қалды оттары», -деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа салынған жара әлі де жазыла қоймағандығын әр жыл сайынғы Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысы ардагерлерімен бірге ұйымдастырылған кездесу кештеріндегі еске алу сәтінде аңғарасың. Ұрпақтар сабақтастығы қаламызда сақталып, жыл сайын білім ордаларының алаңдарында ағаш көшеттері отырғызылып, әр ардагердің атын ықшамауданындағы тұрғын үйлерде ілінген естелікті тақтайшалардан көресің. Бұның менің ойымша маңыздылығы өте зор. Өйткені, осындай тақтайша ілінген үйде тұратын жастардың бойында ертеңге деген сезімі нықталып, бойын мақтаныш пен Отанына деген сүйіспеншілігі арта түсеріне күмәнім жоқ. Талай жанның тағдырын өзгерткен Ұлы Жеңіс 9 мамыр күні майдангерлер мен тыл еңбеккерлері, Отанымыз үшін жанын қиған жауынгерлердің туған- туысқандары тойлап, еске түсеретін мереке. Сол соғыста сақталып қалған байтақ жерімізді бүкіл әлем мойындаған мемлекет болып танылды. Бұл бүгінгі ұрпақ біздер үшін үлкен мақтаныш. Ендігі біздің парызымыз - Өз Отанымызды сүйіп, достық пен бірлігімізді сақтай білу. Бүгінгі таңда елімізде бейбітшілік пен ынтымақтастықтың өріс алуы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың адал да ұтымды саясаты мен биік талғамымыз алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі болып, қарқынды өркендеуінің арқасында деп білемін. Сондықтанда біз, ХХІ ғасырдың ұрпағы осындай елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Сейтбек Абылайхан

9-сынып Алғабас негізгі мектебі

Алғабас ауылы Жақсы ауданы, Ақмола облысы

Жетекшісі: Кәрімова З.А.

Ұлы Жеңіске тағзым

Жыл сайын біздің Отанымыз 9 мамыр күні өз ұлдары мен қыздарының қолына қару алып, Жеңіс күнін жақындату үшін өздерінің патриоттық борышын барынша адал орындаған әр адамның ерлігі мен батырлығын құрметпен еске түсіреді. Жеңіс оңайға түскен жоқ. Майдангерлермен қатар тылда ерлікпен еңбек етіп металл балқытқан, астық өсіріп, мал баққан адамдардың бәрі де жеңістің ұлы ісіне өз үлесін қосты. Жеңіске жету жолындағы күрес майданда ғана емес, болат

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жолдардың бойында, заводтардың цехтары мен шахталарда, егін далалары мен мал фермаларында, ғылыми лабораториялар мен конструкторлар бюроларында да жүріп жатты.

Биыл бүкіл адамзат гитлерлік фашизммен соғыста қол жеткен Жеңістің 70 жылдығын атап өтеді. Соғыс бізге бұрын-соңды болып көрмеген қанды қырғын алып келді. Соғыс жылдарында өзінің ең жақын адамынан айырылмаған, қайғы жұтып қасірет көрмеген шаңырақ кемде кем.

Кеңес жауынгерлері тарихта теңдесі жоқ ерлік жасады, бүкіл адамзатты фашистік түнектен сақтап қалды. Сондықтан бұл соғысқа қатысқан әрбір адамның аты мен ісі біз үшін қастерлі де қасиетті. Ұлы Отан соғысында қаза болғандардың есімдерін мәңгі есте қалды.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдаң астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки жағада тұр

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңгесіз құндылық ұрпақ аралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқаның, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл сайын азайып барады емес пе? Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен отанның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн-Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол-өмір заңы. Біз жеңіске ештеңеге тенеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш-әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс-он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерей тойы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ
Барлығы да сен үшін
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адалы,
Қол ұстасып, үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

-деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Қазақстан жерінде құрылған әскери бөлімдерде және басқа да әскери құрамаларда торғайлық жауынгерлер де болды. Жауды талқандау ісіне олар да лайықты үлес қосты. Алайда, жеңіс бізге оңай келген жоқ. Құрбандығымызға сан жетпейді. Сол соғыс ойраның салмаған, отына шартылмаған отбасына некен - саяқ. Ана перзентінен, ару асыл жарынан, бала аяулы әкесінен мәңгілікке айырылып, қара жамылып қалды. КСРО бойынша бұл зұлмат соғыста 30 миллионға тарта таңдаулы ұл-қыздары апат болды. Оның ішінде Қазақстандықтар 300 мыңдай болса, ал Торғай облысының өзінде ғана өліммен шейіт болған боздақтардың саны 10,5 мыңнан аса екен. Бүгінгі ұрпақ осынау ержүрек ерлердің алдында мәңгілікке қарыздар. Қасіретті қаралы жылдардың жаңғырығы әлі күнге жүректерді сыздатады. Тән жарасы жазылғанмен, жан жарасы жазылған жоқ. Ол қайғылы шежіре халықтың зердесінде қанмен жазылып, жадында берік сақталуда. Ешкім де, еш уақытта ұмытылмайды.

Біз дүниедегі бар асылы мен қымбаты-өз өмірлерін құрбандыққа шалып, шейіт болған ерлердің аруақтары алдында терең ілтипат сезімімен басымызды иеміз. Сұрапыл майданда қар жамылып, мұз жастанып, етегімен қан кешкен жауынгерлерімізді қажетті нәрсенің бәрімен қамтамасыз етіп, материалдық және рухани демеу болып, күллі әлем зарыға күткен жеңіс сағатын жанқиярлық істерімен жақындата түскен тылдағы еңбеккерлер де шексіз құрмет, сүйіспеншілік пен ыстық ықыласқа әбден лайық.

Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті мен бағасы артып, тағылым-тәрбиесі мен мән мағынасы мейлінше тереңдеп даралана түспек.

Майдангер ағаларымыздың ерлік істері бізге әруақытта өшпес үлгі-өнеге, ұлағатты тәрбие мектебі. Біз олардан туған халқына ақырғы деміне дейін қалтқысыз қызмет жасауды үйренеміз. Күндердің күнінде ел басына қатер төне қалса, егемендігіміз бен бейбіт өмірімізді, қолына қару алып, қорғауға сөзсіз дайын тұратындай отансүйгіштік сезімді бойға ұялатамыз. Ылайым, бізді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қасиетті әкелер аруағы желеп-жебей жүргей. Өткенді ұмытпау - ұлағатты іс. Сондықтан біздер, оқушылар, аталарымыз әкелген бақытты күндерді бағалай білейік!

Трархан Ғалия

9-сынып №7 қазақ орта мектебінің

Ақмола облысы Атбасар қаласы

Жетекшісі: Арикпаева Сандуғаш Өтемісқызы.

Ерлік – мәңгілік

Мінеки, қаншама тауқымет пен қасіретті, азапты күндерді әкелген Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Бірақ сол жылдардың аралығында бастан өткерген қиын да сұрапыл күндер талай жүректерде сызат қалдырып, қаншама шаңырақты ортасына түсіргені ешқашан ұмытылмайды. Қаншама жас жігіттер мен арулардың өмірін қиған, талай шаңырақты ортасына түсірген, елдің басына қара бұлт төндірген соғыс аяқталғанымен, оның салған жарасы мен көрсеткен азабы ұмытыла қоймас. Себебі күні бүгінге дейін кейбірінің еш хабарсыз кеткен туыс-туғандары үшін жанжүрегі сыздап ауырады. Ал кейбірінің майдан даласынан «қара қағазы» ғана келді.

Жеңіс күні - халқымыз, еліміз үшін жөні, орны бөлек ерекше мейрам, айтулы күн. Қазақ жерінен Ұлы Отан соғысына миллиондаған ержүрек жауынгерлер аттанды. Зұлмат соғыста 600 мыңнан астам қазақстандық Отан үшін қаза тапты. Қасық қаны қалғандарынша жан алысып, жан берісіп, елге азаттықты сыйлады. Осы күнді барынша тойлап, ардагерлерімізге алғыс айтып, ескерткіштерге гүл қою - біздің парызымыз. Бұл ұлы мейрамды қажырлы еңбек етіп, азаттық алуымызға үлкен үлес қосқан тыл ардагерлері, ұлдары мен қыздарын майданға көзінен жасы сорғалай жүріп аттандырған аяулы да ардақты аналарымыз, бақытты өмірдің жолында жанын құрбан етуге дейін барған ардагерлеріміз және олардың ерліктеріне басымызды иетін біз, жас ұрпақ, қуана-қуана тойлаймыз.

Жеңіс күнін тек қазақ халқы ғана емес, 15 одақтас республика да атап өтеді. Бір күшкежиылып, жауға қарсы жұдырықтай жұмылған көптеген ұлтөкілдері жауға қарсы аттанды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге дұшпанды талқандап, жеңіске қол жеткізу үшін қазақ халқы елеулі үлес қосты.

Өмірдегі ең қуанышты, бақытты, шаттыққа толы әрі ойын-күлкімен өткізетін кезеңі – балдай тәтті балалық шақ. Сол балалық шақтың мерейлі күндерін соғыс заманында дүние есігін ашқан апаларымыз бен ағаларымыз көрмеді. Үлкендермен қоса аса үлкен жауапкершілікті сезініп, қиын да ауыр жұмыстарды атқарды. Сол шыдамдылықтары арайлы жеңіс күніне жол ашуға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

септігін тигізді. Мұндай қиын жұмыстарды атқаруды мен ерен әрі үлкен ерлік дер едім.

Біздің ашық аспан аясында бейбіт өмір сүріп жатқанымызға зор септігін тигізген батырларымыз бен тыл ардагерлері үлкен сый-құрметке, ыстық лебізге лайық. Сондықтан әр жыл сайын біз 9 мамыр күні өз дәрежесінде құрмет көрсетуіміз керек. Соған байланысты «Нұр Отан» партиясының тарапынан «Ардагерлерді ардақтайық» атты акция ашылды. Бұл акция 2010 жылдан бері үздіксіз өткізіліп келеді. Акция аясында нұротандықтар соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерін шешуге, көптеген көмек беруге тырысады. Менің ойымша, ардагерлерімізге осындай көмек беру және оларды үнемі құрметтеу арқылы олардың алдындағы борышымызды өтейміз. Өйткені біз, оларға бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқанымыз үшін қарыздармыз.

Батыр бабаларымыз бұл соғысқа өлім үшін емес, өмір, жарқын болашақ үшін барды. Осы батырларымыздың бәрі де мақтауға, үлгі етуге әбден лайықты деп санаймын. Бәріне бірдей ортақ қасиеттер: ерлік, адалдық, қайсарлық, табандылық, өжеттілік және Отанға деген шексіз сүйіспеншілік. Мен бойына адам баласына тән асыл қасиеттердің бәрі түгел дарыған, соғыстатамаша ерлік көрсете білген батыр атамыз Бауыржан Момышұлын ерекше қадірлеймін.

Бауыржан Момышұлы – намысқойлықтың айқын тұлғасы. Ол соғыс кезінде әскери шеберлігімен ерекше көзге түсті. Өмір мен өлімді шешетін Ұлы Отан соғысы Бауыржан атамыздың өміріндегі айрықша кезең болды. Ол сарбаздарымен қақаған қыстың аязды күндерінде Мәскеудің қалың, омбы қарына да қарамады. Жеңіске деген жігері, еліне деген сүйіспеншілігі оны алға жетеледі. Жаудың қоршауын бес рет жарып шығып, соғыс тарихында болмаған әскери өнерді өте жетік меңгерді. Соғыс жылдарында адуынды, қатал басшы ғана емес, қарамағындағы сарбаздарға жақынындай қарап, зерделі тәрбиеші атанып, қамқорлық танытты. Отанына қорған бола білді. Осы ерлігі үшін Бауыржан атамызға «Кеңес Одағының Батыры» деген мәртебелі атақ берілді. Бауыржан атамыздың әскери өнерімен қатар, жазушылық қабілеті де болған. Оның дәлелі - бойымызға ерекше жігер беретін қасиетті дана сөздері. «Жігіттің жігіттігін жау келгенде сына», «Ерлік - басына төнген қауіпті жеңу деген сөз». Батыр атамыздың мына дана сөзін оқығанда өзімнің батыр елдің ұрпағы болғанымға мақтанып, бойымда ерекше әсер пайда болады. «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де, келмей қоймайды» деген қанатты сөзішындыққа айналып, ел тілегі орындалды.

Қазақ халқы ерте кезден бастап-ақ қызды ерекше құрметтеген. Соған байланысты «Қызды тәрбиелегенің – ұлтты тәрбиелегенің» деген сөз осыдан қалған. Қазақ қыздары қай ғасырда, қай заманда болсын, өз атына лайық бола білді. Бүгінде аты аңызға айналып, Отанымызға қауіп-қатер төнгенде өз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қалауларымен майданға аттанған қазақтың қос шынары – Әлия мен Мәншүк апаларымыз.

Әлия Молдағұлова соғысқа аттанғанда, небәрі 17 жаста болды. Ол да қиялын шарықтатып, мектеп бітіріп, үлкен оқу орнын аяқтап, елі үшін еңбек етуді армандаған болар. Балалықтың бал дәмін татуды аңсаған да шығар. Бірақ сұрапыл соғыс басталды. Ол еш ойланбастан жауынгерлер қатарына қосылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан еңбекшілері Коммунистік партияның ісіне шын берілген көптеген даңқты ұлдары мен қыздарын мәпелеп өсірді. Міне, осылардың ішінде тарихтың төрінен құрметті орын алатын Кеңес Одағының Батыры Әлия апамыз. Ұлы Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, өзінің жас өмірін қиып құрбан болған қазақ халқының батыр қызын біздің Отанымыздың барлық халқы ардақтап, естеріне сақтайды. Әлия Молдағұлованың ұлы есімі Мәншүк Мәметова, Зоя Космедемьянская, Лиза Чайкина, Ульяна Громова сияқты өз халқының намысын қорғаған кеңес халқының қыздарының есімімен бірге айтылады.

Мәншүк Мәметова соғыс басталғанда медицина институтында оқиды. Мәншүк қолы бос кезінде соғын өнерімен шұғылданды. Жалпыға міндетті әскери сабақтарға қатысып, жоғары баға алды. Ол да жастығына қарамастан, пулеметшілер бөлімінде командир болады. Майданда жауды көздеп атуға бұйрық беріп, ерлік көрсетті. Мәншүк пулеметімен жауға қарсы шығып, өздері құрамында болған 26-атқыштар дивизиясын таңқалдырды. Қазақтың ержүрек қызы Мәншүктің Ұлы Отан соғысының тарихында алтын әріппен жазылған мәңгі өлмейтін ерлігі халық өлеңдерінде жырға қосылды. Оған арнап Қазақстан жазушылары әдеби шығармалар, ақындары өлеңдер, композиторлары әндер жазды. Мәншүк апамыздың жарқын және кіршіксіз бейнесі, оның мәңгі өшпейтін ерлігі, ісіне шын берілген рухта тәрбиелеудің тамаша үлгісі болып отыр.

Мәншүк – Невель қаласын, Әлия Новосокольники стансасын қасық қаны қалғанша қорғап, жаудан азат етті. Олардың көзсіз батырлықтары үшін «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ берілді. Мен Әлия мен Мәншүк апаларымның бойындағы қасиеттерді өз бойымнан тапсам деймін. Қазіргі барша қыздар олардан үлгі алып, әрбір ісіне еліктесе, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазақ елі - басына күн туғанда, жалғыз жанын қу шүберекке түйген халық. Шеті мен шегі жоқ даласының бір тұтам жері, киелі топырағы ертеңгі күні жатжұрттық болуынан қорыққан. Мен теледидардан соғыс жайлы киноларды немесе кітаптарды оқығанда, қатты қиналамын. Ата-әжеміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін түсініп, жанымыз түршігеді.

Тек Отанның нағыз патриоты, ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында жас өмірлері ажалдың тырнағына ілікті. Осындай қиындықпен келген жеңісті үнемі бағалау, батырлардың ерлігін ұмытпау - парызымыз. Қанша заман, қанша ғасыр өтсе де, олардың есімі, елге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жасаған игі істері, ерлігі ешқашан да ұмытылмайды. Қаншама қиындықпен келген бейбітшілігіміз, азаттығымыз мәңгі жасасын!

Тусенова Мадина

10-сынып №7 қазақ орта мектебінің

Ақмола облысы Атбасар қаласы

Жетекшісі: Ауезова Зәмзәгүл Тұрғанқызы.

Ерлер есімі ұмытылмайды

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасындар.
«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,
Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар.
Жасқанбаған жауынан жаракты ер,
Ерлігіңді аңызғып таратты ел.
Махмұтбай Әміреұлы «Қызылорда»

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 70-жыл толады. Бірақ, Ұлы Жеңіс ұмытылмайды, өйткені бұл соғыс өзінің ұмытпастай ізін қалдырды. Жеңіс күні бұл - сан миллиондаған ұрпақ үшін ортақ мереке.

Біздің аталарымыз бен ағаларымыздың батырлықтары менерліктері, олардың өз Отанына деген шексіз махаббаты Қазақстанның бүгінгі өскелен ұрпағы үшін мақтан тұтарлық үлгі деп ойлаймын. Ерлік және Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл әрі қиын жылдары қазақ халқы өзінің Отанына деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалары. Жерлестеріміз жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ - дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Ұрыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүргізді. Көрнекті Қазақ ақын, Жамбыл Жабаев, Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!..
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран, өренім!

Ұлы Жеңіске ешқандай затқа теңеспейтін ғажап күшпен жеттік .Осы Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ жеңісі.Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.Еліміздің бостандығы үшін жандарын пидә еткен батыр ағаларымыз бен аталарымыздың ерліктеріне бас иеміз . Қазірігі кезде ардагер аталарымыздың саны жыл өткен сайын азайып бара жатыр.Осы аталарымызға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жақсы кәрілікті қамтамасыз ету біздің парызымыз, аталарымыз бен ағаларымыздың ерліктерін дәріптеп жүрейік.

9 мамырда біз Жеңіс күнін тойлаймыз. Біз жауынгер ардагерлеріміздің құрметіне Ұлы Жеңістің 70 жылдығын оларға лайық деңгейде атап өтуіміз керек. Өйткені бұл – ерлік пен елдіктің, батырлық пен өжеттіктің мейрамы. Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Астанада Панфиловқа көше атын беруді және оған ескерткіш орнатуды тапсырды. Тағы да көптеген әлеуметтік іс-шаралар ардагерлер үшін барлық аймақтарда жүргізіледі.

Хамидолла Ерлан

11 «Ә» сынып оқушысы

Астана қаласындағы облыстық дарынды
балаларға арналған №2 мектеп-интернаты

Жетекшілері: Болатова Д.,

Ахметжанова А.Т.

Ұлы Отан соғысы және Қазақстандықтар

Міне 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70-жылдай болып қалды. Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік есте қалатын күн. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Бұл соғыста қазақстандықтар өз жері мен Отаны, келешек ұрпағы үшін күресті. Отаншыл болу – бір-біріне бауырмал болу. Сол кездегі Кеңес одағының басқа халқымен бірге фашистерді талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жер төлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыл ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Беларусияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында, біздің отандастарымыздың қатыспаған бірде-бір үлкен шайқасы болмады. Қанша қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Қазақстаннан қан майданға аттанған ержүрек ұл-қыздар фашизмді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты. Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда да жан аямай күресті. Қазақстандық жүз мыңдаған отандасымыз елдің сол сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Халық өмірі үшін жан пиданын аямаған ардақты Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Ибрагим Сулейменов, Сұлтан Баймағамбетов

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сынды көптеген батыр тұлғалардың есімі еліміздің жүрегінде мәңгі сақталады. Осындай есіл азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін біз ешқашан ұмытпаймыз.

Панфиловшы аға лейтинант Б. Момышұлы Москва түбіндегі шайқаста өз ботальенымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Бауыржан Момышұлы полковник лауазымымен, 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Волоколамское шоссе» повесі Б. Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігіне арналды. И.В Панфилов дивизиясы құрамында жаумен шайқасқан Мәлік Ғабдуллин 1943 жылы Кеңес Одағының батыры атағын иеленді. М. Ғабдуллин бастаған жауынгерлер Борадино селосын жаудан тартып алып, 7 сағат бойы ерлікпен қорғады. Бұл шайқасқа қазақстандық 238-ші дивизия, 19-шы атқыштар бригадасы да қатысты. 1942 жылдың 19 желтоқсанында, Боковска-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында, Қарағандылық ұшқыш Нұркен Әбдіров өзінің оқ тиіп өртенген ұшағын жау танктері шоғырланған жерге бағыттап, экипажымен бірге ерлікпен мерт болды. Н. Әбдіров, минометшы К. Сыпатаев пен Р. Рамазанов Сталинградты қорғаудағы ерліктері үшін Ұлы Отан соғысы батыры атағын алды. Сталинградта қаланы жаудан қорғауда ерлік танытқан қазақстандықтар құрметіне тіпті «Казахстанская» деп аталған көше бар. Сталинград шайқасы барысында Кеңес армиясы Екінші Дүниежүзілік соғыстағы түбегейлі бетбұрысқа шешуші үлес қосты.

Чехословакия жерін азат етуге келген қазақстандық ұшқыштар екі, сегіз, бесінші әуе армиясының бөлімдерінде жаумен шайқасты. Бұл шайқастағы батырлардың ерлігі үшін С. Батеньков мен П. Железняков соғыстан кейін Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Атақты ұшқыштар: Талғат Бигелдинов, Иван Павлов, Сергей Луганский және Леонид Беда сияқты екі мәрте Кеңес одағының батыры атағын иеленді.

Қазақстан жауынгерлері Балтықтың теңіз шептерін табанды түрде қорғады. Қызыл тулы Киров крейсерінде соғыс басталғанға дейін, жіберілген 156 қазақстандық ерлігімен көзге түсті. 1942 жылы жаз бен күзде соғыстың шешуші оқиғалары КСРО-ның оңтүстік-шығыс бөлігінде, Еділ мен Дон өзендерінің аралығында болды. Қазақстанда құрылған бөлімшелер Еділдегі шайқасқа да қатысты. Сталинградты да қорғауға полковник Г.Сафиуллиннің 38-шы атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің ерліктерін айта аламыз.

Берлин операциясына қазақстандық 118, 313-шы атқыштар дивизиялары және 209-шы атқыштар полкі қатысты. Рейхстагқа ту тігуде Рақымжан Қошқарбаев ерлік танытты. Айтпенбет Нақыпов Одерден Петерсфелт қаласына дейін танкпен келді. Соғыстан кейін, Нақыповтың танкі қала алаңына ескерткіш ретінде қойылды. Берлин операциясында 27 қазақстандық ерліктерімен көзге түсіп, Кеңес Одағының батыры атағын иеленді. Соғыс жылдары майданға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шамамен 1,2 млн. қазақстандық аттанды. Бұл республикадағы халықтың 19% болатын. Туған жеріне үйіне соғыстан әрбір үшінші қазақстандық оралмады.

Үш жылдан астам уақытқа созылған Ленинград үшін шайқас елдің бүкіл солтүстік-батыс бөлігін қамтыды. Қазақстандықтар да барлық ұлттармен бірге Ленинградты табан тіреп қорғады. Жаудың қоршауында қалған қалаға Қазақстаннан азық-түлік, әскери құрал-жабдықтар тиілген көптеген эшелондар жіберілді. Қазақстандық жауынгерлер Ленинград облысының 22 елді мекенін азат етуге қоршаудағы қаланың «Үлкен жермен» байланысын қамтамасыз етуге, өмір жолын салуға қатысты. Ленинград үшін күрес шежіресінде, Әлия Молдағұлованың даңқты есімі мәңгіге есте қалды. 1944 жылы оған Кеңес Одағының батыры атағы берілді. 24-атқыштар бригадасына қызмет еткен З. Оңғарбаева да ержүрек жауынгер ретінде көпке танылды.

Қорытындылай келе, қазақстандық жауынгерлер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отан сүйюге елінің, жерінің адал патриоттарды достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

ШаймерденоваАйдана

11 сынып, «Мирас» КМГ,

Щучинск қаласы, Ақмола облысы

Мұғалім: Сапарбекова Балдықыз Мұсақұлқызы

Ерлікке мың тағзым

Өз елін, өз ерлерін ескермесе,
ел тегі қайдан алсын кемеңгерді...

І. Жансүгіров

Шіркін, бүгінгі ұрпақ қандай бақыттымыз?! Өйткені біздің әрбір арайлап атқан таңымыз, бүгінгідей шат өмір мен балалық бал дәуреніміз бейбітшілік пен еркіндікке, қуаныш пен шаттыққа толы. Аспанымыз арайлы, әр күніміз мерейлі, заманымыз тыныш. Ал мұндай бейбітшілік бізге қалай келді? Оның қыр-сырына үңіліп, ата-баба тарихын еске түсірейікші! Бейбіт өмірдің бастауында және алғашқы сатысында қашан болмасын, әрине, Ұлы Отан соғысындағы жеңісіміз тұрмақ.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Өйткені бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ.

9 мамыр - елін сүйген ерлердің ержүректігі мен қайсарлығын паш ететін тарихымыздағы мәңгілік есте қалатын өшпес күн. Жеңіс күні – ерлердің есімін ардақтайтын, ержүрек батырларымызды асылдай қастерлейтін қасиетті мереке. Әрине, бұл мереке - жас ұрпақ үшін де, қазақ елі үшін де ұмытылмас, ерлікке бас иетін, елінің бақыты үшін арпалысқан алып батыр ұл-қыздарымызға тағзым ететін қастерлі күн. Бұл күні халқымыз қаһармандарымызды ел болып, байтақ жеріміздің әр түкпірінде бір минут үнсіздікпен еске алады.

Ұлы Отан соғысы – үлкеннің де кішінің де жүрегіндегі жазылмас жара. Бұл соғыс тек Кеңес Одағын ғана емес, күллі әлемді дүр сілкіндірді. Қаншама патриот ер-азаматтарымыз Отан-Ана үшін қасық қаны қалғанша соғысып, жанын пидә етті.

Бірақ уақыт та зымырайды, соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап бара жатқандай... Мінекей, көзді ашып-жұмғанша Ұлы Жеңісімізге 70 жыл! Ұлы Жеңістің мәңгілік ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай қайғы-қасіретке толы өшпес ізін қалдырды.

Қаһармандарымыздың көш басында, әрине, оқтан да, оттан да қорықпаған, аты аңызға айналған панфиловшы аға лейтенант, Бауыржан Момышұлы атамыздың тұрары анық. Қайсар ұлы тұлғаның «Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады», «Ер бақыты – ел қолында, ел бақыты – ерлер қолында» деген ұлағатты сөздері соғыста жауынгерлердің еңсесін көтеріп, ерлікке жігерлендірсе, бейбіт өмірде жас ұрпақты елін сүйуге үндейді.

Қазақ халқы – батыр халық. Кең байтақ қазақ даласын өжеттілігі мен қайсарлығымен қорғаған Қабанбай, Бөгенбай сынды батырлардың ізімен майданда ерлік көрсеткен жауынгерлеріміз аз емес. Ұшағын жаудың танкісіне құлатқан Нұркен Әбдіров, рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, партизан жазушы Қасым Қайсеновтердің ерлігін қалайша айтып кетпейсің?!

Кеше ғана өмірден озған екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған ұшқыш Талғат Бигелдиновтей батырымыздың ерлігі ұрпаққа өнеге.

Қаламы мен қаруын тең ұстаған, өлең - жырларымен жауынгерлерге жігер берген ақын – жазушыларымыз қаншама десеңізші?!

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...

- деген өлең жолдары қанды жойқын қырғында өзінің жігерлі жырларымен сарбаздарға дем берген жыр алыбы Жамбылдың Ленинградтықтарға арнаған арнауы оларға орасан күш пен рух бергені сөзсіз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жауынгер жазушы Баубек Бұлқышевсоғыстың сұрапыл өрті ішінде жауға қарсы ұрыста жүріп, бораған оқ пен отқа қарамай, окоптарда білте шамның жарығымен, айдың сәулесімен де майдандас құрдастарын елін қорғауға үндейтін жалынды сөздер жазып, әдебиет майданында едәуір еңбек етіп кетті.

Отан қорғау жолында от кешкендердің арасында ер-азаматтармен тең түскен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүктей ержүрек қыздарымыздың ерлігі де ұрпаққа аңыз. Ләззат пен Сәбира сынды ұлтжанды, ерік-жігері мол аруларымыз Әлия мен Мәншүктің жолын қуып, ерлігін қайталады.

Жыр алыбы Жамбыл жауынгерлерді өзінің жырларымен рухтандырса, қазақтың күміс көмей бұлбұл әншісі Роза Бағланова құлақ құрышын қандыратын әсем әндерімен майдан даласындағы сарбаздарды ерекше рух беріп жігерлендірді.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске теңдесі жоқ ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, жауынгерлердің бірлігі мен достығы. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегендей, бірлігі жарасқан сан ұлттың бір анадан туғандай бір түйір нанды бөліп жеген татулығы мен теңдессіз ерлігінің арқасында жеңіс туын желбіретті. Біздің Қазақстаннан қан майданға аттанған ер жүрек ұл-қыздарымыз да бейбіт жатқан еліміз опасыздықпен жаулаған жендеттерді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты. Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда да жан аямай күресті. Олардың артында қалған сүйген жарлары мен аналары қаһарман азаматтарының жеңіске жететініне дөп сенді және сол аңсаған жеңіс күнін асыға күтті. Біздің жауынгерлеріміздің ерліктері мен жанқиярлықтары, Отан-Анасына деген шексіз сүйіспеншіліктері бүгінгі жауынгерлер үшін мақтан тұтарлық үлгі екені айқын, бұл – бірнеше ұрпақты сабақтастыратын рухани дамудың және өрлеудің ең жоғарғы адамгершілік негізі. Қайран қазақ халқы не көрмеді? Бұл сұрапыл соғыста да небір қасіретті, небір қайғыны да басынан кешірді. Шіркін, қазағымның бойы күш-жігерге толы, жүрегі «Елім!» деп соққан қаһарман батырларына кім жетсін мына жалғанда?! Біздің, жас ұрпақтың, болашағы үшін өздерінің қыршын өмірлерін қиған сарбаздарымыз ел есінде мәңгі қалары айдан анық. Ал Ұлы Отан соғысының қаһармандары қазіргі күнде жеткілікті дәрежеде ұлықталып, қастерленіп жатыр ма? Әрдайым теледидарда да, 9 мамыр күнінде де, мектептегі сынып сағаттарында айтылып жатыр ғой, сонда да жас ұрпақ бұл жеңістің қалай келгенін түсіне ме екен? Бірақ, бүгінгі ұрпақтың болашағы үшін жанын қиған ерлер мен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне ерекше қамқорлық көрсетіп келеді. 9 мамыр күні жыл сайын ардагерлерді ардақтау үшін алаңда мәңгілік жеңіс алауы жағылып, Отан үшін от кешкендердің ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылып жатқаны- сол құрметтің айғағы. Қатары сиреген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ардагерлерді көру бақытына ие болған біз, жас ұрпақ, шын мәнінде бақытты жандармыз. Өйткені келесі ұрпақ оларды өз көзімен көре алмай, тек көркем әдебиет, кинофильмдер арқылы ғана тануы мүмкін.

Найзағайдай жарқылдаған отты да қаһарлы жылдар, қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыш, қимылы қылыш ерлеріміздің ерлігі жадымызда мәңгі қалады және өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде" дегендей, бізге, жас ұрпаққа жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шаша бермек.

Сол бейбіт күннің шуағынан нәр алған бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт ашық аспан астында бақытты өмір сүріп жатыр. Осы шаттық та жарқын күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ерлігі мен есімі ешқашан ұмытылмайды. Осындай батыр ұл-қыздары бар қазақтың ұлттық тәрбиесін көріп өскен жас ұландары қалайша патриот болмасын?! Кешегі тәуелсіздіктің құрбаны болған Қайрат, Ербол, Сәбира, Ләззаттардың ерлігі соның айғағы емес пе? Иә, ата-бабамыз салып кеткен сара жолмен жүрсек, тағылымы терең ұлттық тәрбие жас ұрпақты адастырмасына кәміл сенемін.

Жеңістің 70 жылдық тойында елі мен келешек үшін қыршын жанын пидаеткен қазағымның қайсар ерлері мен батыр қыздарының аруағына мың тағзым..

Жеңістің 70 жылдығын асыға күткен, зұлмат соғыстың қасіретін өз көзімен көрген, қатары сиреп қалған ең құрметті, ең қадірлі ардагерлерге бізге, жас ұрпаққа, еліне еркін де тәуелсіз, бейбіт те жарқын өмір сыйлағаны үшін мың тағзым!

Мен біздің жарқын болашағымыз үшін көз жұмған боздақтарға әрдайым тағзым етемін!

Менің елімде әрдайым Жеңіс туы желбіресін! Әрқашан кең байтақ жерімде, жолбарыстай қайратты, арыстандай айбатты елімде тәуелсіздік тұғыры биік болсын!